

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Пәсізденіп шығарылуы
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

2004 жылдан бастап
әр тоқсан сайын жарық көреді

Бас редактор

Алуа Жолдыбалина,
ҚР Президенті жанындағы
ҚСЗИ-дің бөлім жетекшісі

Шығаруға жауапты:

А. Арзықұлов
Редактор-корректор:
С. Құрманғалиева

Редакция мекенжайы:
Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қаласы,
Бейбітшілік көшесі, 4
ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ

Телефон (7172) 75-20-20
Факс (7172) 75-20-21
E-mail: office@kisi.kz
www.kisi.kz

Журнал Қазақстан Республикасының
Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде 2003 ж.
19 желтоқсанда тіркеліп, тіркеу туралы
№ 4526-Ж куәлік берілген.

ISSN 2414 - 5696

Индекс 74007

Журналда жарияланған материалдарды
көшіріп басқан, микрофильмдеген
жағдайда журналға сілтеме жасалынуы
міндетті. Жарияланған мақала
авторларының пікірі редакция
көзқарасын білдірмеуі мүмкін.

«КРОИВА» ҚБ баспаханасында
басылып шығарылды.
050010, Алматы қ.,
Ш. Уалиханов көш., 115.

Таралымы 500 дана.

**Қоғам &
Дәуір**

ҒЫЛЫМИ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

**Алуа Жолдыбалина, Мәншүк Кәрімова,
Амина Үрпекова**

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан
Республикасының демографиялық дамуы:
жағдайы мен келешегі.....

Серік Ирсалиев

Өлемдік трендтер контекстінде Қазақстанның
қалыптасуы: жетістіктері мен даму келешегі.....

Серікқали Бисақаев

Еңбек заңнамасының қалыптасу кезеңдері:
25 жылда жүзеге асу қорытындылары.....

**Пьер Тешендорф, Толғанай Үмбеталиева,
Ботагөз Рақышева, Айнұр Мажитова**

Қазақстан жастары: өмірлік мақсат-мұраттары,
құндылықтық бағдарлары мен бірегейлігі
(*әлеуметтік зерттеулер негізінде*).....

Айгүл Садвокасова, Саида Садуақасова

Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы:
Қазақстан халқы Ассамблеясы моделі.....

Рымбек Жұмашев, Айдар Жетпісбаев

Қазақстанның этномәдени саясатының негізгі
трендтері мен жетістіктері тарихынан.....

СОДЕРЖАНИЕ

**Алуа Жолдыбалина, Маншук Каримова,
Амина Урпекова**

Демографическое развитие Республики
Казахстан за годы независимости:
состояние и перспективы.....

Серик Ирсалиев

Образование Казахстана за годы независимости в
контексте мировых трендов: достижения и перспекти-
вы развития

Серикқали Бисақаев

Этапы формирования законодательства о труде:
результаты реализации за 25-летний период.....

**Пьер Тешендорф, Толғанай Үмбеталиева, Ботагөз
Рақишева, Айнұр Мажитова**

Молодежь Казахстана: жизненные цели,
ценностные ориентиры и идентичность
(*на основе социологического исследование*).....

Айгуль Садвокасова, Саида Садуақасова

25 лет мира и согласия: модель Ассамблеи
народа Казахстана.....

Қоғам & Дәуір



ҚСЗИ

Қазақстан Республикасының
Президентінің Қаулысымен
Қазақстанның стратегиялық
зерттеулер институты

Рымбек Жумашев, Айдар Жетписбаев
Из истории основных трендов и достижений
этнокультурной политики Республики Казахстан.....

CONTENTS

**Alua Zholdybalina, Manshuk Karimova,
Amina Urpekova**
Demographic Situation in Kazakhstan Since
its Independence: State and Prospectives.....

Serik Irsalyev
Education in Kazakhstan and Global Educational Trends
since Its Independence: Progress and Prospects.....

Serikkaly Bisakayev
Stages of Development of Labor Legislation in Kazakhstan:
Results Achieved in 25 Years of Independence.....

**Peer Teshendorf, Tolganai Umbetalieva,
Botagoz Rakisheva, Ainur Mazhitova**
Kazakhstan's Youth: Life Goals, Values,
and Identities (*Based on Survey Findings*).....

Aigul Sadvokasova, Saida Saduakasova
25 Years of Peace and Harmony: Model
of People's Assembly of Kazakhstan.....

Rymbek Zhumashev, Aidar Zhetpisbayev
Main Trends and Achievements of Ethnic
and Cultural Policy in Kazakhstan.....

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

- Бағлан МАЙЛЫБАЕВ** – редакциялық кеңестің төрағасы, ҚР Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, заң ғылымдарының докторы
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – Бас редактор, ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты Әлеуметтік-саяси зерттеулер бөлімінің жетекшісі, Ph.D
- Айгүл СӘДУАҚАСОВА** – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі орталықтың басшысы, әлеуметтану ғылымдарының докторы
- Ботагөз РАҚЫШЕВА** – ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты директорының орынбасары, әлеуметтану ғылымдарының кандидаты
- Ералы ТОҒЖАНОВ** – ҚР Президенті Әкімшілігі Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі, саяси ғылымдарының докторы
- Зарема ШӘУКЕНОВА** – ҚР БҒМ ҒК Философия және саясаттану институтының директоры, әлеуметтану ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі
- Сон ЮНХУН** – Ханкук университетінің профессоры (Оңтүстік Корея), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – Индиана университетінің профессоры (АҚШ), Ph.D
- Уяма ТОМОХИКО** – Хоккайдо университеті жанындағы Славян зерттеулер орталығының профессоры (Жапония), Ph.D
- Юлай ШӘМІЛӨҒЛЫ** – Висконсин-Мэдисон университеті жанындағы Орталық Азияны зерттеу жөніндегі бағдарламаның директоры, профессор (АҚШ), Ph.D

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ

- Баглан МАЙЛЫБАЕВ** – председатель Редакционного совета, заместитель Руководителя Администрации Президента РК, доктор юридических наук
- Алуа ЖОЛДЫБАЛИНА** – шеф-редактор, руководитель Отдела социально-политических исследований Казахстанского института стратегических исследований при Президенте РК, Ph.D
- Айгуль САДВАКАСОВА** – руководитель Центра по изучению межэтнических и межконфессиональных исследований в Центральноазиатском регионе при Академии государственного управления при Президенте РК, доктор социологических наук
- Ботагоз РАКИШЕВА** – заместитель директора Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан, кандидат социологических наук
- Ералы ТУГЖАНОВ** – заместитель Председателя Ассамблеи народа Казахстана, заведующий Секретариатом Ассамблеи народа Казахстана Администрации Президента Республики Казахстан, доктор политических наук
- Зарема ШАУКЕНОВА** – директор Института философии и политологии КН МОН РК, доктор социологических наук, профессор, член-корреспондент НАН РК
- Сон ЮНХУН** – профессор Ханкукского университета (Южная Корея), Ph.D
- Уильям ФИЕРМАН** – профессор университета Индиана (США), Ph.D
- Уяма ТОМОХИКО** – профессор Центра славянских исследований Университета Хоккайдо (Япония), Ph.D
- Юлай ШАМИЛЬОГЛУ** – директор, профессор программы по изучению Центральной Азии университета Висконсина-Мэдисона (США), Ph.D

THE EDITORIAL BOARD

- Baglan MAILYBAEV** – Chairman of Editorial Board, Deputy Head of Administration of President of Kazakhstan, Doctor of Law
- Alua ZHOLDYBALINA** – Editor in Chief, Head of Department of Social and Political Analysis, Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan, Ph.D
- Aigul SADVOKASOVA** – Head of Center of Interethnic and Interreligious Studies in Central Asia, Academy of Public Administration under President of Kazakhstan, Doctor of Sociology
- Botagos RAKISHEVA** – Deputy Director of Kazakhstan Institute for Strategic Studies under President of Kazakhstan, Candidate of Sociology
- Eraly TUGZHANOV** – Vice-President of People’s Assembly of Kazakhstan, Head of Secretariat of People’s Assembly of Kazakhstan under Administration of President of Kazakhstan, Doctor of Political Science
- Zarema SHAUKENOVA** – Director of Institute of Philosophy and Political Science under Ministry of Education and Science of Kazakhstan, Doctor of Sociology, Professor, Corresponding Fellow of National Academy of Science of Kazakhstan
- Son YOUNG - HOON** – Hankuk University (South Korea), Professor, Ph.D
- William FIERMAN** – University of Indiana (USA), Professor, Ph.D
- Uyama TOMOHIKO** – Hokkaido University, Slavic Research Center (Japan), Professor, Ph.D
- Uli SCHAMILOGLU** – University of Wisconsin-Madison (USA), Director of Central Asian Studies Program, Professor, Ph.D

ҒТАМР

Алуа Жолдыбалина¹, Мәншүк Кәрімова¹, Амина Үрпекова¹

¹Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты
(Астана қ., Қазақстан)

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУЫ: ЖАҒДАЙЫ МЕН КЕЛЕШЕГІ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан Республикасының 25 жылдық тарихи кезеңіндегі, яғни Тәуелсіздік жарияланған кезеңнен бүгінгі күнге дейінгі демографиялық дамуының мәселелері қарастырылған. Авторлар Қазақстан халқы санының өзгерісіне қатысты демографиялық үрдісті үш кезең бойынша (1-кезең – 1991–1999 жж., 2-кезең – 2000–2009 жж., 3-кезең – 2010–2016 жж.) қарастырып, демографиялық дамудың өзіндік үрдістері мен келешегін анықтаған. Зерттеу барысында туу, өлім-жітім, халықтың өмір сүру ұзақтығы, үйлену мен ажырасу көрсеткіштері, үрбанизация деңгейі, миграциялық үрдістер мен тұрғындардың этникалық құрамы секілді мәселелер талданды. 90-жылдардың аяғынан бастау алған белсенді демографиялық саясат негізінде еліміздің демографиялық даму саласында айтарлықтай жетістіктерге жеткені көрсетілді. 2000 жылдардан бастап Қазақстан туу, табиғи өсім және тұрғындардың өмір сүру ұзақтығы көрсеткіші жағынан тұрақты даму мен өсімді көрсетіп отыр.

Түйінді сөздер: демографиялық саясат, халық саны, өмір сүру ұзақтығы, табиғи өсім, тұрғындардың көбею түрі, урбандану деңгейі, миграция сальдосы, этникалық құрам.

ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ: СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Алуа Жолдыбалина, Маншук Каримова, Амина Үрпекова

Аннотация. В статье изучаются вопросы демографического развития Республики Казахстан за 25-летний исторический период, с момента обретения страной независимости по настоящее время. Авторами

анализируются демографические процессы по трем основным этапам развития в зависимости от изменения численности населения РК (1 этап – 1991–1999 гг., 2 этап – 2000–2009 гг., 3 этап – 2010–2016 гг.), выявлены характерные тенденции и перспективы демографического развития. В ходе исследования были изучены показатели рождаемости, смертности, продолжительности жизни населения, брачности и разводимости, уровень урбанизации, миграционные процессы и этнический состав населения. Показано, что благодаря активной демографической политике, которая имеет место с конца 90-х гг., Казахстан достиг определенных успехов в демографическом развитии. С 2000 г. в Республике Казахстан наблюдается устойчивый рост показателей рождаемости, естественного прироста и продолжительности жизни населения.

Ключевые слова: демографическая политика, численность населения, продолжительность жизни, естественный прирост, тип воспроизводства населения, уровень урбанизации, сальдо миграции, этнический состав.

DEMOGRAPHIC SITUATION IN KAZAKHSTAN SINCE ITS INDEPENDENCE: STATE AND PROSPECTIVES

Alua Zholdybalina, Manshuk Karimova, Amina Urpekova

Abstract. The article examines the issues of demographic development of Kazakhstan for the 25 years of its independence. The authors review the demographic processes on three main stages of the demographic change: 1991-1999, 2000-2009, and 2010-2016 in terms of the birth rates, mortality, life expectancy, marriage and divorce, urbanization, migration and ethnic composition. The authors argue that due to the active government policy implemented since the end of 1990s, Kazakhstan has achieved some success in its demographic development. Since 2000, there has been a steady increase in the birth rate, natural growth, and life expectancy in Kazakhstan.

Key words: demographic policy, population, life expectancy, natural growth, type of reproduction, level of urbanization, migration balance, ethnic composition.

Кіріспе. Кез келген елдің экономикалық дамуы көп жағдайда демографиялық үрдістердің мазмұнына тікелей байланысты болады.

Мемлекетте қалыптасқан демографиялық жағдай әлеуметтік-экономикалық дамудың жағдайы мен келешегіне ықпал етеді. Біріншіден, халық санының өзгеруі экономикалық факторлар ықпалымен орын алса, екіншіден, бұл факторлар орын алып отырған өзгерістерге тәуелді болады.

Қазақстан халық саны бойынша әлемдік рейтингте 63-орында болса, олардың орналасу тығыздығы бойынша 182-орында тұр [1]. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитеттің 2016 жылғы 1 мамырындағы мәліметтеріне сәйкес, республика халқының саны 17 753,2 мың адам, ал орташа орналасу тығыздығы шаршы шақырымға 6,3 адамнан келеді [2].

Тұрақты демографиялық үдеріс Қазақстан дамуының негізгі басымдықтарының бірі саналады. Мысалы, 1998 жылы ҚР Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды (қазір Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия). Комиссияның негізгі міндеттерінің бірі – еліміздегі демографиялық жағдайды жақсартуға қолдау көрсету [3].

«Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясында Елбасы Н.Ә. Назарбаев бұдан кейінгі кезеңде тұрақты, жетістікті даму барысында негізге алатын ХХІ ғасырдың 10 жаһандық қатерін атап өтті. Осындай қатерлердің бірі ретінде жаһандық демографиялық теңсіздік мәселесі аталды [4]. Қазақстанның адами капиталды сақтап қалуға үлкен мүмкіндігі бар. Халықтың жалпы алғандағы орташа жас мөлшері – 31,6 жыл, оның ішінде, ерлердің орта жасы – 30, ал әйелдердің жасы – 33 жыл, яғни тұрғындары жас деп есептелінетін елдер қатарында [2]. Демек, қазіргі таңда Қазақстанның демографиялық даму мәселелерін зерттеу аса маңызды мәнге ие.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның соңғы 25 жыл көлеміндегі демографиялық дамуының негізгі үрдістерін зерттеу және соның негізінде өзіндік ерекшеліктері мен одан ары даму мүмкіндіктерін анықтау.

Қазіргі таңдағы демографиялық үрдістер мәнінің теориялық және нақты маңыздылығының артуы, оның ҚР әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайы мен келешегіне ықпалы, халықтың өмір сүру деңгейінің артуы, адами капитал сапасының өсімі мен отандық авторлардың еңбектеріндегі басқа да көтерілген мәселелер зерттеу жұмысының өзектілігін айқындайды [5-7].


Зерттеу әдістері. Зерттеу барысындағы міндеттерді орындау үшін ақпаратты талдаудың мынадай ғылыми әдістері қолданылды: тарихи,

салыстырмалы, жүйелі талдаулар, болжау мен зерттеудің басқа да әдістері.

Зерттеудің нәтижелері. Қазақстанның демографиялық саясатының негізгі мақсаты туу көрсеткішін тұрақты түрде жоғарылату, өлім-жітімді азайту және тұрғындардың өмір сүру ұзақтығын арттыру болып табылады. Елдің демографиялық саясаты демографиялық шарықтау шекке қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Бұл демографиялық үрдіс шамамен алғанда тепе-теңдік жағдайында болатын халықтың көбею режимін білдіреді. Демографиялық оптимум туу мен өлім-жітім үрдістерінің барынша оңтайлы қарқынын және демографиялық құрылымдардың көбеюі мен тұрғындар миграциясын қамтиды.

Елдегі демографиялық жағдайды талдау үшін 1991 жылдан 2016 жылға дейінгі ұзақ мерзімдік кезең алынды. Демографиялық дамудың өзіндік ерекшеліктерін анықтау мақсатында зерттеліп отырған кезең ҚР халқы санының өзгеруіне қатысты үш кезеңге бөлінді (1- кезең – 1991–1999 жж., 2-кезең – 2000–2009 жж., 3-кезең – 2010–2016 жж.)

Бірінші кезең (1991–1999 жж.) әлеуметтік-экономикалық жағынан алғанда, нарықтық қатынастардың қалыптасуы, соның салдарынан өндіріс көлемінің құлдырауымен, жаппай жұмыссыздықтың пайда болуымен сипатталады. Бұл кезеңде халықтың саны 1,5 млн адамға азайды (1-сурет).




1-сурет. 1991–1999 жылдардағы Қазақстан халқы санының қарқыны, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Халықтың табиғи өсімінің жалпы коэффициенті 3,1 есе төмендеп, 1991 жылғы 218,9 мың адамнан 1999 жылы 70,2 мың адамға кеміді. Зерттеліп отырған 1991 жылдан 2016 жылдар аралығында туудың ең төменгі көрсеткіші осы бірінші кезеңде орын алды. Мысалы,


1999 жылы туу көрсеткіші 217,6 мың адам болды (2-сурет). Сонымен қатар бұл кезеңде 14–29 жас аралығындағы жастар саны төмендеді, егер 1991 жылы жастар саны 4 367,6 мың адам болса, 1999 жылы олардың саны 3 787,6 мың адамға дейін азайған.



2-сурет. 1991–1999 жылдардағы Қазақстан халқының табиғи қозғалысының көрсеткіші, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

1991–1999 жж. халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы көрсеткіші төмендей бастады, яғни 90-жылдардың бірінші жартысында төмендесе, екінші жартысынан бастап бұл көрсеткіш азғана өсім көрсетті (3-сурет). Аталған көрсеткіштің орын алуына қарамастан, 1999 жылғы өмір сүру ұзақтығы 1991 жылғы деңгейге жеткен жоқ. Мысалы, бірінші кезеңде өмір сүру ұзақтығы 2 жылға қысқарды (1991ж. – 67,8; 1999 ж. – 65,7), оның ішінде, ерлер арасында – 2 жылға, әйелдер арасында –1,5 жылға. Бір айта кетерлігі, халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы БҰҰ Даму бағдарламасының Адамзат дамуы индексінің компоненті саналады, сондай-ақ ел тұрғындарының ұзақ және салауатты өмір сүру мүмкіндігін танытатын жалпылама көрсеткіш ретінде қарастырылады. Сонымен қатар халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы – елдің демографиялық дамуы деңгейін өлшейтін негізгі көрсеткіш. ҚР-ның «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңына сәйкес ұлттық қауіпсіздіктің негізгі қатерлерінің бірі ретінде демографиялық жағдай мен халық денсаулығының нашарлауы, оның ішінде туудың күрт төмендеуі мен өлім-жітімнің көбеюі қарастырылады [8]. Сондықтан да күтілетін өмір сүру ұзақтығына ықпал ететін өлім-жітімнің әрбір себебін өлшеу маңызды.




3-сурет. Қазақстанның 1991–1999 жж. күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Демографиялық статистика тек өмір сүру ұзақтығының төмендеуін ғана емес, сонымен қатар жыныстық белгісі бойынша айтарлықтай дифференциацияны да байқатты. Ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы алшақтық 1991 жылғы 9,8 жылдан 1999 жылы 1,7 жылға дейін ұзарып, бірінші кезеңнің соңына қарай 10,3 жылды көрсетті.

Туудың төмендеуі, өлім-жітімнің өсуі әсерінен нашарлаған демографиялық жағдайға тұрғындар санының миграциялық теріс сальдосы ықпалы да қосылды (4-сурет). Мысалы, 1991–1999 жылдар аралығында Қазақстаннан 2,6 млн адам қоныс аударған.



4-сурет. 1991–1999 жж. Қазақстан халқының халықаралық миграциясы, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Тағы бір айта кетерлігі, туу көрсеткішінің төмендеуіне неке санының қысқаруы да ықпал етті. 1991 жылы Қазақстанда 165 мың неке тіркелсе, 1999 жылға қарай бұл көрсеткіш екі есе кеміп, 85 872 неке қиылған. Неке санының 1994 және 1999 жылы күрт кемуі экономикалық дағдарыстың салдарынан болуы мүмкін. Неке қиюдың жалпы коэффициенті төмендеп, 1999 жылы ең төменгі – 1000 тұрақты тұрғынға 6 қиылған неке көрсеткішіне жетті.

Сонымен бірге бұл кезеңде ажырасулар саны да азайып, 48 мыңнан 1999 жылы 25 583 ажырасу фактісіне дейін төмендеген (5-сурет). Ажырасудың жалпы коэффициенті 1991–1999 жж. аралығында 1000 тұрғынға шаққанда, 3-тен 1,71-ге дейін азайған. Жалпы, қиылған некелер саны мен ажырасулар санының төмендеуі өз кезегінде халық санының азаю үдерісінің салдары болып саналады.




5-сурет. 1991–1999 жылдардағы неке мен ажырасулар саны

*Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика жөніндегі комитеті*

Осылайша, бірінші кезеңді қамтыған 1991–1999 жылдары халықтың көбею үрдісінің нашарлауы – туу көрсеткішінің төмендеуіне қатысты тұрғындар санының азаюы, эмигранттар санының артуы, халықтың өмір сүру ұзақтығы мен неке санының қысқаруы байқалды.


Екінші кезең (2000–2009 жж.). Бұл кезеңде елімізде тұрақты даму, тұрғындар санының көбею үрдісін реттейтін стратегиялық мемлекеттік бағдарламалар қабылданды. Нәтижесінде бірінші кезекте ел халқының саны 1,3 млн адамға ұлғайды (6-сурет). Халықтың табиғи өсімі үш есеге артты, яғни 2000 жылғы 72,3 мың адамнан 2009 жылы 213,1 мың адамға дейін өсті. Екінші кезеңде туу көрсеткіші ұдайы өсім қарқынын көрсетіп, 2009 жылдың

аяғына қарай туу көрсеткіші 1990 жылғы деңгейге теңесіп, 356,4 мың адамды құрады (7-сурет).



6-сурет. 2000–2009 жж. Қазақстан халқы санының қарқыны, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті



7-сурет. 2000-2009 жж. Қазақстан халқының табиғи қозғалысы көрсеткіші, мың адам

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Бұл кезеңде елдегі жастар санының артуы мен олардың халық құрылымындағы үлес салмағы өскендігі байқалды. Жастардың саны 2000 жылғы 3 889,5 мыңнан 2009 жылы 4 338,9 мың адамға артты.

2000 жылы жастар халықтың жалпы санының 26,1%-ын құраса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 27,5%-ға жетті, мұның өзі жастардың әлеуметтік қатынастар жүйесіндегі рөлінің артқандығын білдіреді.

2000–2009 жылдар аралығында халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 2,8 жылға өсіп, 68,3 жылды құрады (ерлер – 62,5; әйелдер – 73,2). Екінші кезеңдегі көрсеткіштердің өсіміне қарамастан, әйелдер мен ерлердің өмір ұзақтығы арасындағы алшақтық тұрақсыздық динамикасын көрсетті. 2007 жылы бұл алшақтық қарастырып отырған 1990–2004 жылдар ішінде ең жоғарғы деңгейге көтеріліп, шамамен 12 жылды құрады.

Осы кезеңде неке санының өсімі де байқалды, егер 2000 жылы 90 мың неке қиылған болса, 2009 жылы бұл көрсеткіш 140 мың некеге жеткен. Өсім қарқынының бәсеңдеуі тек 2008 жылы байқалды, бұл осы жылғы экономикалық дағдарыспен байланысты болуы мүмкін. Мұнан бөлек, неке коэффициенті халықтың 1000 тұрғынына 2000 жылғы 6,11-ден 2009 жылы 8,75 некеге көтерілді.

Сонымен қатар ажырасу санының да өсімі байқалып, ол 2009 жылы 27 391-ден 39 466-ға жеткен. Ажырасудың жалпы коэффициенті халықтың 1000 адамына шаққанда, 2,45 ажырасуға дейін өскен (8-сурет).



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

8-сурет. 2000–2009 жылдардағы неке мен ажырасулар саны

Екінші кезеңде миграциялық жағдайда айтарлықтай өзгерістер болғандығын атап өту қажет. Мысалы, 2004 жылы Қазақстанға келген иммигранттар саны эмиграцияға кеткендерден көп болған. Тәуелсіздік алған жылдардан бері алғаш рет миграцияның жағымды сальдосы орын алып, ол 2,8 мың адамды құрады.

2000 жылы Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен демографиялық дамудың негізгі бағыттары белгіленген ҚР мемлекеттік демографиялық және миграциялық саясаты тұжы-

рымдамасы әзірленді. Ал 2001 жылы Қазақстан Республикасының 2001–2005 жылдарға арналған Демографиялық даму бағдарламасы қабылданды. Бағдарламада өткен ғасырдың 90-жылдары туудың азаю көрсеткішінің орын алуы өтпелі кезеңнің салдары ретінде қарастырылды. Бағдарламаның негізі мақсаты туу көрсеткішін тұрақтандыру және халықтың көбеюін қамтамасыз ететін деңгейге жеткізу үшін ұзақ мерзімдік өсім мүмкіндігін қалыптастыру болды. 2005 жылы ҚР Гендерлік теңдік стратегиясы қабылданды. Құжатта ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері теңдігін қаматамыз ету және жыныстық белгісіне қатысты кемсітушілікке жол бермеу арқылы ерлер мен әйелдердің өз құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасауға бағытталған шаралар көрсетілді.

Осылайша, екінші кезеңнің демографиялық жағдайының өзіндік сипаты туудың тұрақты өсімі, иммигранттар санының артуы, жалпы миграцияның жағымды сальдосы мен өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткішінің тиімді қарқынын қалыптастыру саналады.

Үшінші кезең (2010 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін). Бұл кезеңде ҚР-ның әлеуметтік-экономикалық дамуы жағымды динамика танытты. Экономикалық жетістіктер демографиялық жағдайға да оң әсер етті. Мысалы, 2010–2016 жылдары Қазақстан халқының саны 1,3 млн-нан асты. Бұл кезеңде туу, өлім-жітім және халықтың табиғи өсімінің көрсеткіштері біртіндеп 1990 жылғы деңгейге жетіп, одан да жоғарылай бастады. 2016 жылдың қаңтары-мамыры аралығында Қазақстан халқының табиғи өсімі 86 126 адамды құраған, оның ішінде туу көрсеткіші – 131 134 адам, өлім-жітім – 45 008 адам.

Халық санының өсімімен қатар 14–29 жас аралығындағы жастар санының біршама төмендеу үдерісі де байқалды, егер 2010 жылы жастар саны 4 509 мың адам болса, 2016 жылдың басында 4 099 мың адамды немесе жалпы халықтың 23,2%-ын құрады.

2010–2013 жж. некеге тұру санының өсу үдерісі жалғасын тапты, бірақ 2014–2015 жылдары біршама төмендеу көрсеткіші орын алып, жалпы көрсеткіш 10 мыңға азайды, ал ажырасулар өсімі сол күйінде өзгеріссіз қалды. Егер 2010 жылы бұл көрсеткіш 44 мың болса, 2015 жылы 53 мыңға дейін жеткен. Ал 2016 жылдың қаңтар-сәуір айларында республика бойынша 39 682 неке мен 16 338 ажырасу фактісі тіркелген.

2010–2015 жж. халықтың күтілетін өмір сүру ұзақтығы 3,6 жылға ұлғайды. 2015 жылы өмір сүру ұзақтығы 72 жылды құрады (ерлер – 67,5; әйелдер – 76,9). Бұл көрсеткіштің өсімімен қатар ерлер мен әйелдердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы алшақтықтың қысқаруы орын алып, 2014 жылға қарай ол өзінің зерттеліп отырған 8,8 жыл

кезеңіндегі ең төменгі мәніне жетті, ал бұдан кейінгі 2015 жылы бұл алшақтық қайта ұлғайып, 9,4 жыл мерзімді көрсетті.

Үшінші кезеңде сыртқы миграция үдерісінде өзгерістер орын алды, 2010–2015 жж. миграция сальдосы төмендей бастап, 2012 жылы ол тіпті жағымсыз мәнге ие болды. 1991 жылдан 2016 жылға дейінгі зерттеліп отырған кезеңде миграциялық сальдо тек 2004–2011 жылдарда ғана жағымды мәнде болды, ал қалған жылдардың барлығында эмигранттар саны барлық кезде иммигранттар санынан артық болған. 2015 жылы Қазақстанға 16 581 адам келсе, 30 047 адам сыртқа қоныс аударған, яғни миграцияның теріс сальдосы 13 466 адамды құрады. Сырттан келетін иммигранттар санының басым бөлігі Өзбекстаннан (7 592 адам) және Ресейден (3 905 адам) болғандығын айта кету қажет. Ал эмигранттардың басым бөлігі Ресей (25 682 адам) мен Германияны (2 196 адам) таңдаған.

Тағы бір айта кетерлік жағдай, 1991–2016 жылдар аралығында Қазақстан халқы жыныстық құрамы бойынша өзгеріссіз қалды. 2016 жылы халық санындағы ерлер мен әйелдер үлесі 1991 жылғы көрсеткішке сәйкес, яғни 48,3% және 51,7%-ды құраған.

Халықтың этникалық құрамын талдау

Қазақстанның 1989, 1999, 2009 жылдардағы ұлттық санағының мәліметтеріне сәйкес, еліміздің ең ірі этностары ретінде қазақтар, орыстар, украиндер, өзбектер, немістер, ұйғырлар, беларустер, кәрістер мен әзербайжандар саналған.

1989 жылдан бастап Қазақстанның этникалық құрамында айтарлықтай өзгерістер орын алған (1-кесте). Бұл өзгерістер бірінші кезекте КСРО-ның ыдырауы және Қазақстанның тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Өткен 27 жылда кейбір ірі этностардың үлесі артқан (қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, кәрістер, әзербайжандар). Ал кейбір этностардың саны керісінше азайған (орыстар, украиндер, немістер, татарлар, беларустер).

Аталған кезеңде қазақтардың саны 1989 жылғы 6 534,6 мың адамнан 2016 жылы 11 748,2 мың адамға көбейген. Бұдан кейінгі ірі этнос – өзбектер саны 27 жылда 65,3%-ға немесе 1,7 есе көбейген. Қазақстанның этникалық құрамындағы ұйғырлардың саны 38,5%-ға артқан. Егер 1989 жылы олардың саны 185 мың адам болса, 2016 жылы 256,3 мың адамды құраған. Сонымен қатар кәрістер (103,3 мың адамнан 2016 жылы 107,1 мың адамға) мен әзербайжандар арасында (90,0 мың адамнан 2016 жылы 103,5 мың адамға) адам санының едәуір артуы байқалған.

Бірқатар ірі этностардың саны артса да, славян этностары арасында

халықтың саны төмендеген. Орыстар 27 жыл ішінде 2 583 мың адамға, яғни 1989 жылғы 6 227,5 мың адамнан 2016 жылы 3 644,5 адамға азайған. 1999 жылы Қазақстан халқының үшінші ірі этносы саналған украиндер үш есе кеміген. Ал 1999 жылғы ұлттық санақ мәліметтері бойынша ірі этнос ретінде төртінші орында тұрған немістер саны бес есеге азайса, беларустер 1989 жылғы 182,6 мың адамнан 2016 жылы 58 мың адамға, яғни үш есеге кеміген.

1-кесте. Жыл басына дейінгі ҚР-дағы түрлі этностардың саны, мың адам

Этностар/ жыл	Қазақтар	Орыстар	Украиндер	Өзбектер	Ұйғырлар	Немістер	Татарлар	Кәрістер	Әзербайжандар	Беларустар
1989	6 534,6	6 227,5	896,2	332,0	185,0	957,5	327,9	103,3	90,0	182,6
1999	8 011,5	4 480,7	547,1	370,8	210,4	353,4	248,9	99,6	78,2	111,9
2006	8 913,3	3 979,3	448,8	428,9	229,8	222,2	229,6	101,7	89,8	90,6
2009	10 096,8	3 793,8	333,0	456,9	224,7	178,4	204,2	100,3	85,2	66,4
2012	10 764,3	3 726,7	313,7	493,8	237,6	180,8	203,3	103,4	93,4	62,6
2016	11 748,2	3 644,5	289,7	548,8	256,3	181,7	202,9	107,1	103,5	58,0

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Осылайша, елдің этникалық құрамында орын алған түрленулер демографиялық өзгерістерге алып келді және бүгінгі таңда қазақтар, өзбектер, ұйғырлар, кәрістер, әзербайжандардың саны көбейіп, орыстар, украиндер, немістер, татарлар, беларустер санының кемуі жалғасын тауып отыр.

Халықтың урбанизациялану деңгейін талдау

Халықтың урбанизациялану деңгейі – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі. Урбанизация қала тұрғындары үлесінің артуы және ауылдық жермен салыстырғанда, қаланың экономикалық, саяси және мәдени маңыздылығының арту үдерісі саналады.

Әлемнің көптеген елдерінде урбанизацияланудың тұрақты үрдісі бар, ол индустриализация және постиндустриализация кезеңін бастан өткеріп отырған экономикалық дамудың табиғи салдары мен ынталандырылуы болып табылады.

Зерттеліп отырған кезеңде Қазақстанның қала және ауыл халқының үлесі көп өзгеріске түскен жоқ. 2016 жылы қала халқының жалпы үлесі – 57%, ал ауыл тұрғындарының үлесі 43% болды. Қала халқының саны 1991 жылмен салыстырғанда, 0,2 п.п.¹ азайған. Біздің еліміз нашар урбанизацияланған, 2014 жылғы әлемдік рейтингте Қазақстан урбанизация деңгейі бойынша 228 мемлекеттің ішінде 140-орында тұр [1].

Урбанизация үрдісі екіжақты мәнге ие. Урбанизацияның жоғары деңгейі, бір жағынан, мемлекеттің экономикалық дамуына игі ықпал етсе, екінші жағынан, ол әлеуметтік салаға айтарлықтай ауыр салмақ салады. Елдің теңгерімді дамуына жағдай жасау үшін урбанизацияның оңтайлы деңгейін анықтау қажет. Мысалы, «Қазақстан – 2050: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Стратегиясына сәйкес қала халқының үлесі 70%-ға дейін жетуі тиіс [4].

Осылайша, дамудың қазіргі кезеңінде Қазақстанда барынша қолайлы демографиялық жағдай қалыптасқан. Туу мен табиғи өсімнің жоғарылауы байқалып, өлім-жітім азайған. Авторлардың пікірінше, халық өсімінің орташа қарқыны 1,5%-ға жетті, бұл халық санының одан ары өсіміне ықпал етеді. Сонымен қатар халықтың өмір сүру ұзақтығы жоғарылап, қазіргі кезде 72 жылға жетіп отыр. Осыған байланысты әйелдер мен ерлердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы алшақтық та қысқарған. Тағы бір айта кетерлігі, қазіргі таңда халық санының өсуі негізінен табиғи өсім нәтижесінде болып отыр, өйткені миграциялық толқынның мәні өзгерген.

Нәтижелерді талқылау. Зерттеу барысында көрсетілген үдерістермен қатар еліміздің одан ары демографиялық дамуының келешегі анықталды. Біздің пікірімізше, алдағы ең маңызды оқиғалар ретінде келесілер қарастырылады:

1) Халық санының өсімі.

Соңғы 3-4 жылдағы Қазақстан халқының өсімі негізінен туудың жоғары көрсеткіші нәтижесінде болып отыр. Мысалы, 2014 жылы туу көрсеткіші рекордтық деңгейге жетіп, шамамен 400 мың адамды құрады. ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика жөніндегі комитеттің болжамына сәйкес, 2030 жылға қарай еліміздегі халық саны 21 млн адамнан асады [9]. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының есептеуінше, 2050 жылға қарай ҚР-ның халық саны 24 млн адамды құрайды [10]. Ал БҰҰ ұйымының болжамы біршама төмен, ол бойынша Қазақстанның халық саны 2030 жылға қарай 20 млн адам, ал 2050 жылы 22,5 млн адам болады делінген [1]. Халық

¹ Проценттік пункт


санының өсіміне табиғи өсім, миграция және өмір сүру ұзақтығы ықпал ететінін атап өткіміз келеді.

2) Күтілетін өмір сүру ұзақтығының өсімі.

Жақын келешекте Қазақстан халқының өмір сүру ұзақтығы артады деп күтіледі. 2005 жылдан бастап күтілетін өмір сүру ұзақтығының көрсеткіші ұдайы өсіп келеді. Елбасы Н.Ә. Назарбаев бұл көрсеткіш 2050 жылға қарай 80,3 жылға жетуі тиіс деген тапсырма берген болатын [4]. ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің есебі бойынша еліміздегі қазіргі өлім-жітімнің азаюы мен туу көрсеткішінің артуы сақталған жағдайда өмір сүру ұзақтығының аталған көрсеткішіне 2040 жылы қол жеткізуге болады.

3) Халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасының өсуі.

Қазіргі кездегі ҚР-дағы демографиялық жағдай халықтың орташа кеңейтілген өсімі ретінде сипатталады. Оған әлеуметтік-экономикалық қатынастардың түрлену жүйесінің ықпалы мен халықтың репродуктивтік көзқарасының өзгеруі әсер етті. Еліміздің 10 жылдан астам уақыт бойы демографиялық өсімнен алда болуы халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын көтеруге алғышарт болып отыр (9-сурет).



9-сурет. ЖІӨ өсімінің қарқыны мен Қазақстан халқы санының қатынасы, өткен кезеңнің %

Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Осылайша, жалпыәлемдік демографиялық дамуда Қазақстан халықтың көбеюінің орташа кеңейтілген үлгісін сақтап отыр. Еліміз халқы қарқынды өсіп отырған жас мемлекет, өлім-жітім деңгейі

төмендеген жағдайда туу көрсеткіші жоғары елдердің қатарына кіреді.

Қорытынды. Қарастырылып отырған 1991–2016 жылдарда Қазақстандағы демографиялық жағдай дамудың түрлі үдерістерін көрсетті. 1991–1999 жылдарды қамтыған бірінші кезеңде халықтың көбею үрдісінің нашарлауы – туудың төмендеуі, эмигранттар санының артуы мен өмір сүру ұзақтығының төмендеуі салдарынан халық саны азайды. Ал 2000–2009 жылдарға келген екінші кезеңнің демографиялық жағдайы туудың тұрақты өсімі, иммигранттар санының артуы, жалпы миграциялық сальдоньң қолайлы болуымен, сонымен қатар өмір сүру ұзақтығының орташа көрсеткішінің тиімді қарқынының қалыптасуымен сипатталады.

2010 жылдан басталатын қазіргі кезеңде Қазақстанда барынша қолайлы демографиялық жағдай қалыптасты. Екінші кестеде Қазақстанның 1991 жылдан 2016 жылға дейінгі демографиялық дамуының негізгі көрсеткіштері келтірілген.

2-кесте. Қазақстанның демографиялық дамуының негізгі көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	1991 ж.	2016 ж.
	Халық саны, мың адам	16 451,7	17 753,2
	Күтілетін өмір сүру ұзақтығы, жыл	67,6 (ерлер – 62,6, әйелдер – 72,4)	72,0 (ерлер – 67,5, әйелдер – 76,9)
	Әйелдер мен ерлердің өмір сүру ұзақтығы арасындағы алшақтық, жыл	9,8	9,4
	Табиғи өсім, мың адам	218,9	266,4
	Туу, мың адам	353,2	397,6
	Өлім-жітім, мың адам	134,3	131,3
	Миграция сальдосы, мың адам	«минус» 57,7	«минус» 13,5
	Жергілікті ұлттың үлесі, %	40,1*	66,2
	Ерлер үлесі, %	48,3	48,3
	Әйелдер үлесі, %	51,7	51,7
	Урбанизация деңгейі (қала халқының үлесі), %	57,2	57,0
	Ауыл халқының үлесі, %	42,8	43
	Неке саны, тыс.	165,5	148,8
	Ажырасулар саны, тыс.	48,5	53,3
	14-29 жас аралығындағы жастар, мың адам	4 367,6	4 099,7

* 1989 жылғы халық санағы

Жалпы, 90-жылдардың аяғынан басталған белсенді демографиялық

саясаттың арқасында Қазақстан айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді. Еліміз халықтың шектен тыс азаюы мен жойылуы немесе басқа да демографиялық дағдарысқа ұшырамады. 2000 жылдан бастап Қазақстанда туу, табиғи өсім мен халықтың өмір сүру ұзақтығы көрсеткішінің артуы тұрақты түрде өсім танытып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Электронная база данных социальных показателей Департамента по экономическим и социальным вопросам Организации Объединенных наций. Режим доступа: 30.11.2016 г. <http://unstats.un.org/unsd/demographic/products/socind/>
2. Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики Республики Казахстан. Режим доступа: 30.11.2016 г. <http://www.stat.gov.kz/>
3. Положение о Национальной комиссии по делам семьи и гендерной политике при Президенте Республики Казахстан, утвержденное Указом Президента РК от 1 февраля 2006 года №56
4. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера Нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана Стратегия «Казахстан – 2050: новый политический курс состоявшегося государства». – Астана: Акорда, 2012.
5. Татимов М.Б. Социальная обусловленность демографических процессов. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 125 с.
6. Шокаманов Ю.К. Тенденции человеческого развития в Казахстане. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2001. – 348 с.
7. Шокаманов Ю.К. Человеческое развитие в Казахстане: методология измерения и анализ. – Алматы: Агентство Республики Казахстан по статистике, 2003. – 371 с.
8. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года №527-IV «О национальной безопасности Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 26.07.2016 г.)
9. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан «Денсаулық», утвержденная Указом Президента РК от 15 января 2016 г. №176. – С.7.
10. Официальный сайт Глобальной обсерватории здравоохранения Всемирной организации здравоохранения. Режим доступа: 30.11.2016 г. <http://www.who.int/gho/ru/>

ҒТАМР

Серік Ирсадиев*«Ақпараттық-талдау орталығы» АҚ
(Астана қ., Қазақстан)***ӘЛЕМДІК ТРЕНДТЕР КОНТЕКСІНДЕ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ:
ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ**

Аңдатпа. Мақала тәуелсіздік жылдарындағы білім беру жүйесі саласының дамуына арналған. Авторлар «Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы барысында білім беру жүйесі қалай дамыды? Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік үдерістерге қаншалықты сәйкес келеді? Заманауи қазақстандық білім еліміздің тұрақты дамуына қаншалықты жәрдемдесе алады?» деген сұрақтарға жауап табуға тырысқан.

Мақаладағы қорытындылар Қазақстанның 1990–2015 жылдар аралығындағы АДИ рейтингіндегі көрсеткіштерді талдау және білім саласындағы әлемдік соңғы трендтер негізінде жасалған. Соңғы әлемдік үрдістер мен 2016–2019 жылдарға арналған Білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қарастырылған еліміздегі білім беру жүйесінің даму келешегі ұсынылған.

Түйінді сөздер: білім беру, білім берудегі әлемдік трендтер, Қазақстандағы адам даму индексі, білім беруді қаржыландыру.

ОБРАЗОВАНИЕ КАЗАХСТАНА ЗА ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ В КОНТЕКСТЕ МИРОВЫХ ТРЕНДОВ: ДОСТИЖЕНИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ**Серик Ирсадиев**

Аннотация. Статья посвящена развитию системы образования в годы независимости. Автором предпринята попытка дать ответы на вопросы: Как на фоне становления независимого Казахстана развивалась система образования? Насколько казахстанское образование соответствует мировым тенденциям? Насколько современное казахстанское образование способно содействовать устойчивому развитию страны?

Основные выводы в статье базируются на анализе позиций Казахстана в рейтинге ИЧР с 1990-го по 2015 год, последних

мировых трендов в образовании. Представлены перспективы развития казахстанской системы образования, которые соответствуют последним мировым тенденциям и предусмотрены Государственной программой развития образования и науки на 2016–2019 годы.

Ключевые слова: образование, мировые тренды в образовании, Индекс человеческого развития Казахстана, финансирование образования.

EDUCATION IN KAZAKHSTAN AND GLOBAL EDUCATIONAL TRENDS SINCE ITS INDEPENDENCE: PROGRESS AND PROSPECTS

Serik Irsalyev

Abstract. The article discusses the education system during the period of independent development of Kazakhstan. The author’s particular focus is on the stages, characteristics and aspects of the education system that has been forming on the background of the consolidation of the independent Kazakhstan, its consistency with the global trends in education, and its adequacy to contribute to the sustainable development of Kazakhstan’s nation.

The article is based on the analysis of the Kazakhstan’s position in the Human Development Index from 1990 to 2015 and the latest global trends in education. The author considers the prospects of Kazakhstan’s education system in the light of the latest global trends and as provided in the “2016–2019 Development of Education and Science” State Program.

Key words: education, global trends in education, Human Development Index of Kazakhstan, funding of education.

Кіріспе. 25 жыл – бұл тарихи өлшеммен алғанда, аз ғана мерзім. Осы кезең ішінде бағындырған талай белестерді егемендігі берік, санғасырлық тарихы бар елдермен салыстыруға әбден болады.

Ширек ғасырдың ішінде бәрі өзгерді, сыртқы әлем де, оны біздің ішкі қабылдауымыз да. Түптеп келгенде, біз өзіміз өзгердік. Жаңа буын өсіп жетілді. 8 млн-нан астам адам Тәуелсіздік кезеңінде дүниеге келді (шамамен халықтың 50 пайызы). Біз алдымызға анық мақсаттар қойып, болашаққа ұмтылдык.


Осындай жағдайда елдің білім беру саласы қалай дамуда? Отандық білім беру жүйесі әлемдік үрдістерге қаншалықты сәйкес келеді?

Қазіргі білім беру жүйесі елдің тұрақты дамуына қаншалықты деңгейде әсер етпек?

Міне, осы сауалдар бізді үнемі толғандырып келеді. Алдыңғы екі сұраққа жауап беруге тырысалық.

Білім беру жүйесі сыртқы өзгерістерге неғұрлым консервативті әрі сезімтал деген пікір қалыптасқан. Әлеуметтік желілерде кең таралған «Қазіргі білім беру жүйесіне сот» бейнеролигіндегі көптеген пікірлермен келіспеуге шарамыз жоқ. Соған қарамастан, соңғы 30 жыл ішінде білім беру әлемі ұдайы жаңа мазмұнмен, әдістермен, технологиялармен толығып отыр. Мұндай өзгерістердің шыңы КСРО-ның құлауымен тұспа-тұс келді. Осындай күрделі экономикалық жағдайда посткеңестік елдер сияқты Қазақстан да өз алдындағы міндетті – ұлттық білім беру жүйесін құруды шеше бастады.

Бұл кезеңнің трагедиясын біз Адам дамуының индексі (АДИ) көрсеткіштерінен көре аламыз. 2015 жылы Қазақстан 188 елдің ішінде 56-орынды (0,788) иеленіп, жоғары деңгейлі елдер тобына (АДИ) енді (1-сурет).



1-сурет. Қазақстандағы адам дамуының индексі

Бірақ әрдайым бұлай болған жоқ. Бұрынғы КСРО құрамындағы елдермен бірге Қазақстан да АДИ бойынша 26-орынды иеленген болатын. 90-жылдардың басындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарысты жағдайға байланысты 1991–1998 жылдар аралығында Қазақстанның позициясы АДИ бойынша 93-орынға төмендеді. Бұл тәуелсіздігіміз үшін шалған құрбандық еді. Мұны

әрдайым естен шығармауымыз керек, өйткені қазіргі барлық игілік аспаннан дап-дайын түсе қалған жоқ. Кейінгі жылдары еліміз өз позициясын тұрақты түрде жақсартып келеді, бұған «мұнайдың» ғана емес, сондай-ақ Ұлт Көшбасшысы, Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың басқаруымен әрбір азаматтың қажырлы жұмысының арқасында қол жеткізілді.

1-суретте көрсетілгендей, білім беру индексі денсаулық және табыс индексі көрсеткіштерінен жоғары. Бұдан білім беру жүйесі АДИ-де тұрақтылық пен өсудің негізгі факторы екендігін байқауға болады.

Соңғы 14 жыл ішінде білім беру саласын қаржыландыру 13 есеге ұлғайды: 2001 жылы 107,9 млрд теңгеден (ЖІӨ-нің 3,3%-ы) 2015 жылы 1 479 млрд теңгеге (ЖІӨ-нің 3,5%-ы) дейін. Бірақ білім беру жүйесіне жұмсалған мемлекеттің шығындары ЭЫДҰ елдері бойынша орташадан төмен деңгейде қалып отыр (ЖІӨ-нің 5,5%-ы).

ЮНЕСКО-ның «Білімді дамыту индексі» (БДИ) бойынша Қазақстан 10 жыл бойы 100 елдің арасында 8 үздік елдің қатарынан орын алды. Мұндай нәтижеге 11 жылдық білім беру жүйесі мен мектепалды даярлықты тегін әрі міндетті оқытудың арқасында қол жеткізді.


1999 жылы Қазақстан 1 жыл бойы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту міндетті саналатын Орталық Азиядағы алғашқы елдердің бірі болды.

Мемлекеттік балабақшалардың салынуы, қайта құрылуы, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар мен шағын-орталықтардың ашылуы, бұрын жалға алынған, жекешелендірілген ғимараттардың қайтарылуы есебінен бүлдіршіндердің мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылуы 8 есеге артты: 1999 жылы 10,2%-дан 2015 жылы 82%-ға дейін (2-сурет).

2-суретте көрсетілгендей, келесі жылы республикадағы мектепке дейінгі білім беру жүйесі 100 жылдығын тойламақ. Алғашқы балабақша 1917 жылы құрылды, содан бері мектепке дейінгі ұйымдар, тіпті қиын-қыстау заманда да (2-ші Дүниежүзілік соғыс) әрдайым өсіп келеді.

Бірақ білім беру деңгейлері арасында мектепке дейінгі білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс жағдайында ең осалы болды. Кеңестік замандағы балабақшалардың 60%-ы ведомствоның қарауында болып, кәсіпорындар мен ұйымдардың балансында тұрды. Қиын-қыстау кезеңде аталған ұйымдар әлеуметтік инфрақұрылымдардан құтыла бастады. Осыған байланысты 90-жыл-

дары балабақшалар желісі 7 есеге қысқарды.



2-сурет. Қазақстандағы мектепке дейінгі ұйымдар желісінің дамуы

Бүгінде мемлекеттің қолдауының арқасында мектепке дейінгі ұйымдар желісі қарқынды дамып келеді. Қазір аталған ұйымдардың 20%-ы – жекеменшік балабақша. 2015 жылы оған мемлекеттік тапсырыстың (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту) 29%-ы орналастырылды.

Еліміздегі әрбір бесінші мектеп тәуелсіздік жылдарында салынды. 1 356 мектеп салынуына байланысты апатты жағдайдағы мектептердің саны (2003 жылы 256 мектептен 2016 жылы 69 мектепке дейін) 3,7 есеге, ал үш ауысымда оқитын мектептердің саны (2015 жылы 145 мектептен 2015 жылы 86 мектепке дейін) 2 есе қысқарды.

«Дарын» бағдарламасы шеңберінде дарынды балаларды анықтап, қолдау мақсатында жүйелі шаралар жүзеге асырылуда. Қазақстандық оқушылар халықаралық пән олимпиадаларында (ІМО, ІРНО, ІСНО, ІВО, ІОІ) өздерімен қатар шетелдік құрдастарына мықты бәсекелеске айналды. 2015 жылы 24 медаль иеленіп, 98 елдің арасында 12-орынға тұрақтады.

Мектептегі білім беру жүйесін дамыту үшін институционалдық негіз құрылды: Назарбаев зияткерлік мектептері, «Өрлеу» орталықтары, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы,

қосымша білім беру, түзеу педагогикасы, дене шынықтыру мәдениеті, «Оқулық», «Бөбек», «Балдаурен» және т.б.

Осы жылдан бастап республикадағы мектептер үздік әлемдік тәжірибеге сәйкес білім мазмұны жаңартылған оқытуға көшеді.

2012 жылдан еліміздің 348 колледжінде (ТжКБ) техникалық, технологиялық және ауылшаруашылық бағыттары бойынша дуалды оқыту жүйесі ендіріле бастады (жалпы көлемінің 43%-ы немесе кәсіптік ұйымдар көлемінің 60%-ы).

Өткен жылы колледж студенттері тұңғыш рет 4-ші әлемдік WorldSkills International-2015 кәсіптік шеберлік чемпионатына қатысты.

2010 жылдан ТжКБ – Турин үдерісінің белсенді қатысушысы. Осы үдеріс шеңберінде әрбір екі жыл сайын Еуропа білім беру қорының қолдауымен ТжКБ жүйесін дамытуға салыстырмалы халықаралық талдау жасалады.

Білім және ғылымды интеграциялау Қазақстанның 8 жоғары оқу орнының QS халықаралық рейтингіне енуіне мүмкіндік берді. 2015 жылы Thomson Reuters мәліметтеріне сүйенсек, отандық ғалымдардың соңғы он жылдағы басылымдары (14 басылым) әлемдегі сілтеме жиі жасалатын мақалалар (1%) тобына кірді.

5 жыл ішінде 6 мыңнан астам қазақстандық студент әлемнің белгілі жоғары оқу орындарында академиялық ұтқырлық бойынша курстар оқыды. Еліміздегі 18 жоғары оқу орнына Назарбаев Университетінің басқару тәжірибесі мен оқу үдерісі таратылуда.

Өз кезегінде «Болашақ» бағдарламасы елдің адам капиталын дамытуға елеулі үлесін қосып келеді. 23 жыл ішінде 11 мыңнан астам отандасымыз аталған бағдарламаның стипендианты атанды, олардың дені мемлекеттік органдар мен ұйымдарда жұмыс істейді (54,5%).

Оның табысы айтарлықтай. Бірақ әлем бір орнында тұрмай, алға қарай жылжуда. Сондықтан біздің алдымызда қол жеткізген және соңғы әлемдік үрдістер негізінде ұлттық білім беру жүйесін жетілдіру міндеті тұр.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің Ақпараттық-талдау орталығы білім берудің әрбір деңгейі бойынша ғаламдық трендтерге талдау жасады. Талдау нәтижелері жаңа 2016–2019 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – мемлекеттік бағдарлама) дайындау кезінде қолданылды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Жыл сайын мектепке дейінгі білім міндетті болып отырған елдердің саны артуда. 2014 жылы 40

елде міндетті мектепке дейінгі білім беру енгізілді [1]. Білім-2011 халықаралық стандартты жіктеліміне балалар туғаннан енгізіліп, жылына 200 сағаттан астам жүктеме белгіленген.

ЮНЕСКО-ның «Бәріне қолжетімді білім-2000-2015 жж.: жетістіктері мен қауіп-қатерлері» баяндамасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен жалпы қамтудың (80% және одан жоғары) жоғары көрсеткіштеріне ие елдердің саны (32 елден 70 елге дейін) екі еседен артқандығы көрсетілген. Қазақстан екінші топтағы елдер құрамына кіреді (төмен, 30-69,37%), бірақ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен жалпы қамтудың коэффициентінде айтарлықтай өсім бар.

Көптеген елдер бүлдіршіндердің дамуына қаржыны неғұрлым көп құйған сайын, соғұрлым олардың болашақта әлеуеті қуатты және экономикалық тиімділігі де жоғары болатынын түсіне бастады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жұмсалған бір доллар мемлекетке 8 доллар қосымша табыс әкеледі [2].

Әлемде мектепке дейінгі білім берудегі жекеменшік секторының үлесі мемлекеттік-жекеменшік серіктестік есебінен артып келеді. Бүгінде жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі әлемде 31%-ды құрайды (1999 жылдан 3%-ға артқан). Қазақстанда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен – 20% (2010 жылдан 14,5%-ға артты). Осыған байланысты МЖС-тің дамуын ЭЫДҰ елдерінің орташа деңгейіне дейін (40%-ы жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар) жеткізу қажет. Сонымен бірге ЮНЕСКО МЖС-ті қалаларда дамытуды, ал мемлекеттік қаржыны халқы аз және шалғай елді мекендерге бөлуді ұсынады

Әлем мектепке дейінгі жастағы балалардың білім жетістіктерін бағалау қажеттігін түсіне бастады. 2012 жылы Starting Strong III «ДВО-да сапаны бағалау құралдары» есебінің мәліметтері бойынша зерттеуге қатысқан ЭЫДҰ 22 елдің 4-уінде балаларға тестілеу, қалған елдерде бақылау мен қосымша бағалау әдістері енгізілді. Ал 2015 жылы ЭЫДҰ-ның 24 елі арасындағы 7 елдің мектепке дейінгі жастағы балаларына тестілеу жүргізілді.

Мемлекеттік бағдарламада мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамытудың нысаналы мақсаттары жоғарыда аталған ғаламдық трендтерге бағдарланған. Яғни жаңартылған мазмұн бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен 3-6 жастағы бүлдіршіндердің 100%-ын қамтылуын қамтамасыз ету, мектепке

дейінгі ұйымдарда орындарға қажеттіліктерді жою, МЖС-ні дамыту. 2020 жылы ұсынылған орындардың жалпы санынан мектепке дейінгі орындардың 35%-ы жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда орналастырылады.

Тәрбиешінің біліктілігі мен мәртебесіне қойылатын талаптар жоғарылады. Педагог қызметкерлердің 50%-ы мектепке дейінгі білім беру ісіне мамандандырылды.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың білім жетістіктерін бағалау жүйесі енгізіле бастады. Нәтижесінде 5-6 жастағы балалардың 80%-ы мектепке дейінгі жас индикаторларына сәйкес, білік пен дағдылардың жоғары және орташа деңгейін меңгереді.

Мектептегі білім беру. ЭЫДҰ-ның мәліметтеріне сүйенсек, әлем бұрын белгісіз болып келген жаһандық сын-қатерлерге ұшырауда. Біз VUCA (Volatile – өзгермелі, Uncertain – белгісіз, Complex – күрделі, Ambiguous – қайшылықты) әлемінде өмір сүрудеміз. VUCA – бұл жылдам өзгертін технологиялар (4-ші технологиялық төңкеріс), табиғи және техногенді апаттар, әлемдік тұрақтылыққа төнген жаңа қауіп-қатерлер, ғаламдық демографиялық теңсіздік, етек алған әлеуметтік тұрақсыздық пен үйлеспеушілік, жұмыссыздар санының артуы, NEET буыны.

ЭЫДҰ әлемнің тұрақсыздануы жағдайында адамдар ең жоғары деңгейлі құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс дегенді алға тартады. Сондықтан 2015 жылы ЭЫДҰ-ның Білім саясаты жөніндегі комитеті мектептерді VUCA әлеміне бейімдеу мақсатында «Білім-2030: келешектегі білім мен дағдылар» жобасын жүзеге асыра бастады. Жоба екі кезеңнен тұрады: алғашқы (2015–2018 жж. – ЭЫДҰ елдерінің орта білім беру мазмұнын талдау, мемлекетаралық есепті дайындау, бірыңғай ұғымдық аппарат әзірлеу) және негізгі кезең (2018 жылдан бастап мектептің білім мазмұнын жаңарту).

Сонымен бірге барлық елдің басым бағыты баршаға бірдей білім беруден әрқайсысы үшін сапалы білім беруге көшу болып табылады (мектеп – әлеуметтік саты).

Технология білімнен озып түскенде, елдер арасында және елдер ішінде күйзеліске әкелетін әлеуметтік теңсіздік туындайды. Мысалы, 1899–1950 жылдар аралығындағы индустриалды революция кезеңінде, яғни технология білімді басып озған тұста, әлемде 12 ұлт-азаттық көтеріліс, 7 төңкеріс пен 84 соғыс (оның ішінде 2-уі дүниежүзілік

және 16-сы азаматтық) орын алған, қайтыс болған адамдардың жалпы саны 100 млн-нан асты.


Қазір де білім беру жүйесі технологиялардан артта қалып отыр [3]. Және де бұл әлемдік тұрақтылыққа үлкен қауіп төндіруде.

Сондықтан білім парадигмасын өзгерту, оқытудағы алшақтықты қысқарту, білім берудегі АКТ-технологияларды дамыту, сондай-ақ мектеп инфрақұрылымын нығайту мемлекеттік бағдарламада мектептегі білімді дамытудың негізгі басым бағыттары болып белгіленген. Нәтижесінде 2020 жылға қарай еліміздегі мектептер Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесі бойынша жаңартылған білім мазмұнымен оқытыла бастайды.

ТЖКБ жүйесі әлемде экономикалық даму мен тұрақты өсудің қозғалтқышы болып табылады. ТЖКБ-де өндірістік оқыту дамыған елдерде жастар арасындағы жұмыссыздық орташа еуропалық деңгейден 2 есе төмен (Education at a Glance, 2013; Eurostat, <http://dx.doi.org>).

ЕО елдерінің көпшілігі ТЖКБ жүйесін жастар мен ересек адамдардың әлеуметтік интеграциялану институты ретінде қарастырады. ЭЫДҰ-ның 20 елінде бірінші жұмыс мамандығы тегін ұсынылады. Мәселен, Данияда ата-аналарымен тұратын студенттерге 416 доллар, ал өз бетінше тұратын студенттерге 839 доллар көлеміндегі стипендия мемлекет есебінен төленеді. Жұмыс берушінің есебінен кәсіпкерлер қорына жыл сайынғы жарналар төленеді. Швецияда мемлекет есебінен кітаптар, киім-кешектер мен 157 доллар көлемінде стипендия беріледі. Францияда ТЖКБ тек мемлекет есебінен қамсыздандырылады. Германияда бірінші жұмыс мамандығы жұмыс берушілердің есебінен тегін ұсынылады (37%). Өркениетті елдерде ТЖКБ жұмыс берушілерді тарту есебінен жастарды еңбек нарығына табысты интеграциялау жүйесі қалыптасқан. Дамыған елдерде ТЖКБ білім алушылары оқу орталықтарында немесе кәсіпорындарда (оқу уақытының 75%-ы) оқытылады. Германияда ТЖКБ бюджетінің үштен екісін жұмыс берушілер бөледі.

ТЖКБ даму индексі жоғары елдерде [4] жан басына шаққандағы ЖІӨ-і жоғары (3-супер) (The Boston Consulting Group, 2012. <https://www.bcgperspectives.com>). ТЖКБ жүйесі үздік елдер экономикалық дамудың ең жоғары көрсеткіштеріне қол жеткізген.



3-сурет. ТжКБ даму индексі және жан басына шаққандағы ЖІӨ

Осы ғаламдық трендтерді ескере отырып, мемлекеттік бағдарламада мақсат белгіленді, яғни техникалық және кәсіптік білім алу үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық интеграциялау. Таяудағы 5 жылда ТжКБ-ны дамытудың басым бағыттары: барлық ниет білдіргендерге бірінші жұмыс мамандығын тегін беру арқылы жастарды әлеуметтік интеграциялау, ТжКБ-нің қолжетімділігі мен мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету, ТжКБ жүйесінің еңбек нарығы сұранысына бағдарлануы. 2017 жылдан бастап барлық жастарға алғашқы жұмыс кәсібі тегін беріле бастайды.

Әлемде, әсіресе экономикасы қарқынды дамып келе жатқан елдерде жоғары біліммен қамтылу артып келеді. 40 жылдың ішінде әлемде студенттердің саны 6 есеге көбейді (<http://www.uis.unesco.org/>). Божамдар бойынша 2020 жылы АҚШ-та жоғары білімді жастардың саны 40%-дан 60%-ға дейін ұлғаймақ. Сингапурда 10 жыл ішінде жоғары білімді азаматтардың саны 22%-дан (2005 ж.) 50%-ға артқан (2014 ж.) [5].

Жоғары білім беру жүйесінің тартымдылығы интернационалдаудың жоғары деңгейімен дәлелденеді. 40 жыл ішінде әлемде шетелдік студенттердің саны 8 есеге артты [6]. Дамыған елдердегі ЖОО-ы студенттерінің 17-18%-ын шетелдіктер құрайды [7].

Жоғары білім берудің негізгі міндеттерінің бірі білім, ғылым мен өндірісті интеграциялау болып табылады. Әлемдегі «кремний алаңдары» Стэнфорд университетінің үлгісімен (ірі оқу-өндірістік конгломерат) құрылуда. «Кремний алаңының» 1,5 млн қызметкері (АҚШ халқының 0,5%-ы) АҚШ ЖІӨ-нің 2,2%-ын құрап отыр [8].

Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін дамытудың нысаналы мақсаттары әлемдік трендтерді ескере отырып әзірленген. Жоғары мектепті дамытудың басым бағыттары: жоғары білімді массификациялау, білімді, ғылым мен өндірісті интернационалдандыру мен интеграциялау. Нәтижесінде 2020 жылға қарай магистратура мен докторантураға мемлекеттік тапсырыс бакалавриатқа мемлекеттік тапсырыс көлемінің 30%-ын құрауы тиіс. Барлық ЖОО-да айрықша білім қажеттіліктері бар студенттердің білім алуына жағдайлар жасалып, кедергісіз қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Отандық жоғары оқу орындарында шетелдік студенттердің үлесі 5%-ға дейін артады.

Білім, ғылым мен өндірісті интеграциялау мақсатында ЖОО-ның 30%-ында коммерциаландыру кеңселері, технопарктер, бизнес-инкубаторлар құрылады. ЖОО табысының 15%-ын инновациялық және ғылыми жұмыстардан түскен табыстар құрауы тиіс. Нәтижесінде 16 отандық ЖОО-ы QS-WUR рейтингісіне еруге мүмкіндік алады.

Мәселен, өткен жылы тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында әлемде айтулы оқиға орын алды. 2015 жылы 25-27 қыркүйек күндері Нью-Йоркте 193 мемлекеттің қатысуымен өткен БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында 17 мақсатты қамтитын Ғаламдық тұрақты дамудың мақсаттарына қол жеткізу жөніндегі міндеттемелер қабылданды.

Қорытынды. Алдағы 15 жыл бойы Қазақстанның білім беру жүйесі Ғаламдық төртінші мақсатқа («Бәрі үшін тепе-тең сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету») қол жеткізуге бағытталуы тиіс.

Бұдан бөлек, алдымызда ЭЫДҰ елдері арасындағы алшақтықты азайту міндеті тұр, ол үшін біз соңғы трендтер қатарында болуымыз керек. Мемлекеттік бағдарлама бізге осы мүмкіндікті ұсынады.

Аталған мемлекеттік бағдарламаны толық және сапалы орындағанда ғана, білім беру жүйесінің табысты жаңғыртылуына кепілдік беруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Всемирный доклад по мониторингу ОДВ «Образование для всех 2000-2015 гг.: достижения и вызовы». Юнеско, 2015.
2. The High/Scope Perry Preschool Study Through Age 40, Schweinhart, L.J., 2005.
3. Pr. Goldin & Katz. The race between technology and education, 2010.
4. Индекс развития ТИПО рассчитан на основе 4 факторов: взаимодействие стейкхолдеров, госфинансирование на основе результативности, наличие перехода на академические программы и обратно, поддержка ТИПО промышленностью
5. Обращение президента Обамы к Конгрессу США, 24 февраля 2009 г.
6. J.A. Douglass, R.Edelstein: The Global Market for International Students: American Perspectives, 2015
7. Education at a Glance: OECD Indicators, 2004/2015
8. Silicon Valley Index, 2016.

ҒТАМР
10.63.01

Серікқали Бисақаев

Қазақстан Республикасы Денсаулық және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі ғылыми-зерттеу институты (Астана қ., Қазақстан)

ЕҢБЕК ЗАҢНАМАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ: 25 ЖЫЛДА ЖҮЗЕГЕ АСУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Аңдатпа. Мақалада тәуелсіз Қазақстанның Еңбек заңнамасы қалыптасуының негізгі кезеңдеріне талдау жасалған. Әлеуметтік-еңбек қатынастары, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, әлеуметтік серіктестік саласындағы мемлекеттік реттеу, сондай-ақ еңбек саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалау эволюциясы мәселелерін айқын түсіндіре отырып, еңбек заңнамасын реформалаудың мақсаттары, міндеттері және негізгі кезеңдері ұсынылды.

Түйінді сөздер: *Қазақстан Республикасы, Еңбек туралы заң, Еңбек кодексі, талдау, заңнама, құқық, бақылау, еңбек қатынастары, жұмыс беруші, жұмыскер, реформа, кезең.*

ЭТАПЫ ФОРМИРОВАНИЯ ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА О ТРУДЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ РЕАЛИЗАЦИИ ЗА 25-ЛЕТНИЙ ПЕРИОД **Сериккали Бисақаев**

Аннотация. Статья посвящена анализу основных этапов формирования трудового законодательства Республики Казахстан в период становления Казахстана как независимого государства. Представлены цели, задачи и основные этапы реформирования трудового законодательства с освещением вопросов государственного регулирования в области социально-трудовых отношений, безопасности и охраны труда, социального партнерства, а также вопросов эволюции государственного контроля и надзора в трудовой сфере.

Ключевые слова: *Республика Казахстан, Закон о труде, Трудовой кодекс, анализ, законодательство, право, контроль, трудовые отношения, работодатель, работник, реформа, этап.*

STAGES OF DEVELOPMENT OF LABOR LEGISLATION IN KAZAKHSTAN: RESULTS ACHIEVED IN 25 YEARS OF INDEPENDENCE

Serikkaly Bisakayev

Abstract. The article contains the results of the analysis of the key stages of the labor legislation of Kazakhstan in the period of its consolidation as an independent state. The author discusses the goals, objectives, and main stages of the reforming of the labour legislation covering the issues of state regulation in the field of social and labour relations, work safety and labor protection, social partnership, the evolution of state control and supervision in the workplace.

Key words: *Kazakhstan, Labour Law, Labour Code, legislation, law, control, labor relations, employer, employee, reform, stage.*

Кіріспе. Қолданыстағы жаңа Еңбек заңы үздіксіз реформалау үдерісін сипаттайды. Еңбек қатынастары саласын реформалау тәуелсіздік алған жылдардан бастау алады.

Экономиканы түбегейлі реформалау еңбек, халықты жұмыспен қамту саласындағы жағдайды күрт шиеленістірді. Жұмыскерлерді мемлекеттік сектордан экономиканың жекеменшік секторына, өндірістік саладан өндірістік емес салаға, ауылдық жерлерден қалаға қайта көшіру орын алды. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы реформалар жастарға арналған жұмыс орындарын брондауды жойды. Еңбек нарығына алғаш шығып отырған, тиісті кәсіби білімі жоқ тұлғалар жұмысқа орналасуға деген сенімін жоғалтып, еңбек нарығында әлеуметтік қорғалмағандар қатарына қосылды. Материалдық емес еңбек аспектілерінің маңызы бірте-бірте төмендей бастады: жұмыстың сипаты, жағдайы мен тәртібі, өсу келешегі, жұмыс орнын сақтап қалу кепілдігі. Керісінше материалдық жағы басым түсіп, «беделді жұмыс» пен «жоғары табыс» ұғымдарының аражігі жойылды.

Жұмыскерлер, жұмыс берушілер мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастардың қайта түзілу үдерісі жүріп жатыр.

Еңбек қатынастары саласында заңның үстемдігін, жұмыскерлер мен жұмыс берушілер құқықтарының тепе-теңдігін орнатып, еңбек және содан туындайтын қатынастарды реттеуде еңбек құқығы субъектілерінің дербестігін арттыру үшін жағдай жасалуы тиіс.

Еңбек саласында қалыптасқан жағдайға байланысты қолданыстағы еңбек заңнамасына өзгерістер енгізу – еңбек қатынасындағы тараптардың негізгі құқықтары мен жауапкершілігін айқындай отырып, еңбек жағдайы бойынша кепілдіктер мен нормаларды, жеке және ұжымдық шарттар жасау тәртібін реттеуде маңызды да кезек күттірмейтін міндет.

Еңбек қатынастары саласына қатысты Қазақстан Республикасының құқықтық актілерін реформалау тарихын 3 кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- еңбек заңнамасын қалыптастырудың басы (1993 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау туралы» Заңы, 1999 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбек туралы» Заңы, 2004 жылғы «Қазақстан Республикасының Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» Заңы) [1–3];

- еңбек заңнамасын кодтау, заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының стандарттарына сәйкес әзірлеу (2007 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі) [4];

- еңбек заңнамасын ырықтандыру (2015 жылғы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі) [5].

Жиырма бес жыл ішінде ел экономикасының жағдайы, ең бастысы қазақстандықтардың қоғамдық пікірі айтарлықтай өзгерді. Еңбек заңнамасын реформалау еліміз үшін жаңа болғанымен, әлемдік тәжірибеде кең қолданылатын құқықтық актілерге ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, жекелеген еңбек құқығы институттарын енгізуге бағытталған.

Зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізін нормативтік-құқықтық әдістер мен институционалдық-функционалдық талдау құрайды. Зерттеу барысында формалды-логикалық, салыстырмалы, талдау, тарихи және салыстырмалы құқықтану әдістері қолданылды.

Зерттеу нысанын еңбек заңнамасына қатысты доктриналық құжаттар, Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, әлеуметтік еңбек саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалары құрайды.

Еңбек заңнамасы дербес жүйе, сондай-ақ тәуелсіздік алған жылдардан қазірге дейінгі еңбек заңнамасын ырықтандыруға негізделген еңбек құқығын қалыптастырудың жаңа толқынын сипаттайтын Қазақстан Республикасының азаматтық-құқықтық заңнамасының сегменті ретінде қарастырылады.

Еңбек қатынастарының жай-күйі, іске асырылған реформалардың мазмұны, қол жеткізген нәтижелер орта мерзімді және ұзақ мерзімді

келешекте еңбек заңнамасын дамытудың негізгі бағдарлары белгіленген стратегиялар, тұжырымдамалар, халықаралық ұйымдар ратификациялаған конвенциялар негізінде зерттелді.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Ұсынылған қорытындылар мен тұжырымдамаларды еңбек, еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, әлеуметтік серіктестік пен еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау салаларына қатысты заңнаманы жетілдіру үшін ғылыми-практикалық қызметте, сондай-ақ оқу үдерісінде қолдануға болады.

Негізгі бөлім. Тәуелсіздік алғаннан бері Қазақстанда қоғамдық жүйелер ауысты, ұлттық мемлекеттілік құрылып, қалыптасты, басқару нысандары, жаңа әлеуметтік құрылымдар құрылды, әлеуметтік стратификация, құрылымдық экономикалық реформалар жүргізілді. Қазақстан Республикасы халықаралық қатынастар жүйесінің және басқа да бірқатар сапалы жаңа құбылыстардың толыққанды субъектісі ретінде бекітілуі қоғамның бейнесін толықтай өзгертті.

Аталған тарих кезеңінде түбірлі реформалар жүріп, елді, қоғам мен халықты түбегейлі өзгерткен әлеуметтік өзгерістер орын алды. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттіліктің жаңа сапалы деңгейі, баянды егемендік пен бүкіл қоғамдық-саяси жүйенің трансформациясы негізінде қалыптасты.

Еңбек қатынастары саласындағы кеңестік заңнама экономиканы реформалаудың алғашқы кезеңдерінде қалыптасқан жұмыскер, жұмыс беруші мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасын толық көрсете алмады, барлық мүшелерінің құқықтары заңмен қорғалған, экономикалық тұрғыдан дербес әрі демократиялық қоғамның дамуына мүмкіндік бермеді [6].

1997 жылы қабылданған ұзақ мерзімді «Қазақстан-2030» даму стратегиясы жұмыс берушінің заңды мүдделерін сақтай отырып, жұмыскердің еңбек және әлеуметтік құқықтарының нақты қорғалуын күшейту, еңбекақы төлеу деңгейін арттыру, халықты жұмыспен қамту деңгейін жоғарылату мақсатын көздейді [7-8].

1999 жылы 10 желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Еңбек туралы» Заңы (бұдан әрі – Еңбек туралы заң) қабылданды. Ол 1972 жылғы 21 шілдедегі Қазақ КСР Еңбек туралы заңдар кодексінің (бұдан әрі – ЕтЗК) күшін жойды [9].

Еңбек туралы жаңа заң өтпелі кезеңнің талаптарына толығымен сәйкес келді. Еңбек қатынастарының тараптарына жалдау талаптары

мен еңбек тәртібін анықтауда үлкен еркіндік берілді. Жұмыскер мен жұмыс берушінің шарттық қатынастары басым күш алды. Бұрын қарастырылған көптеген ресімдеу мәселелері жеңілдетілді.

Зандағы елеулі айырмашылықтарға қысқаша тоқталып кетейік.

Еңбек туралы заң еңбек қатынастарын реттейтін ең аз талаптар мен мерзімдерді қарастырады, бұл жақсы жаққа қарай өзгеруді көздейді [11].

Еңбек жолын растайтын құжаттар тізімі кеңейтілді. Еңбек туралы заңда жұмыскердің еңбек жолын растайтын құжаттар ретінде еңбек кітапшасымен қоса, жеке еңбек шарты, жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату туралы бұйрықтардың көшірмелері қарастырылды.

Жұмыскерлердің белгілі бір санаттарымен еңбек қатынастарын реттеу мақсатында Еңбек туралы заңға алғаш рет маусымдық, үйде жұмыс істейтін, сондай-ақ вахталық әдіспен жұмыс істейтін жұмыскерлер туралы ұғымдар мен олармен еңбек жағдайларын жасау шарттары енгізілді.

Занда жұмыскердің бастамасымен жеке еңбек шартын бұзудың нақты негіздері жеткілікті бекітілген. Айрықша жағдайларда ғана өтемақы қарастыратын біржолғы жәрдемақы төлеу алынып тасталды. Жұмыскерді жұмыстан босату туралы хабарламаның мерзімі мен тәртібі өзгерді (1 айға азайды).

Сондай-ақ жұмыскер жұмыс берушіге екі ай бұрын емес, кемінде бір ай бұрын жазбаша ескерте отырып, жеке еңбек шартын бұзуға құқылы.

Еңбек үшін экономикалық және басқа да қажетті жағдайлар жасау мақсатында ұзақтығы 40 сағаттан аспайтын қысқартылған жұмыс аптасына көшірілді (ЕтЗК – 41 сағат). Бұл ретте жеке еңбек шарттарында тараптардың келісімі бойынша жұмыс уақытының ұзақтығы азырақ көзделуі мүмкін.

Заннамада жұмыскерлердің жекелеген санаттарынан басқа (18 жасқа толмаған жұмыскерлер, жүкті әйелдер, мүгедектер, жеті жасқа дейінгі балалары бар әйелдер) жұмыскерлерге мерзімнен тыс уақытта жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.

Тәуелсіздік жылдары қабылданған Еңбек туралы заңның ерекшеліктерінің бірі – еңбекақы шарттарының, соның ішінде жұмыстан тыс уақытта орындаған еңбекақы төлемінің өзгеруі. ЕтЗК қолданысы кезінде жұмыстан тыс уақыттағы алғашқы екі сағатқа бір жарым мөлшерде, ал кейінгі сағаттарға екі есе мөлшерінде төленді. Белгілі бір мамандықтарға мереке күндерінде жасалған жұмысқа еңбекақы

екі есе мөлшерде төленді. Мереке алдындағы күнге жұмыскерлер мен қызметшілердің жұмыс ұзақтығы бір сағатқа қысқарды.

Еңбек туралы заң қабылданғаннан бері жұмыс уақытына қарамастан, үстеме жұмысқа ақы төлеу бір жарым мөлшерде жүргізілді. Жұмыскерлердің мамандығына қарамастан, мереке және демалыс күндеріндегі жұмысқа ақы төлеу екі есе мөлшерден кем болмауы тиіс.

Тағы бір елеулі өзгерістердің бірі жұмыскердің қалауы бойынша мереке және демалыс күндеріндегі жұмысы үшін өтемақыны қосымша демалыс күнімен ауыстыруға болады (ЕтЗК-де көзделмеген). Мереке алдындағы күндері жұмыс ұзақтығының қысқаруы бұдан басқа күндерге қарастырылмаған.

ЕтЗК-мен салыстырғанда, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысының ең төменгі ұзақтығы 3 күнге көбейді, 18 күнтізбелік күннен аспайды. Бұдан бөлек басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес, жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін демалыстың ең төменгі ұзақтығы одан көп болуы тиіс (мұғалімдер, дәрігерлер және т.б.). Сондай-ақ бірінші еңбек демалысын беру тәртібіне өзгерістер енгізілді.

Жүкті әйелдерге санаторийлерге, демалыс үйлеріне жолдама және материалдық көмек беру алынып тасталды.

Еңбек туралы заңда жұмыскерлерді ынталандыру және жазалау тәртіптері жеңілдетілген. Еңбек тәртібін бұзғаны үшін жұмыскерге төрт сатылы жазаның орнына (ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, үш ай мерзімге аз төленетін жұмысқа ауыстыру немесе сондай мерзімге лауазымын төмендету) екі сатысы қарастырылған (ескерту, сөгіс), кейін жеке еңбек шартын бұзуға орын берілген. Тәртіптік жазаның қолданылу мерзімі жаза енгізілген күннен бір жылдан алты айға шегерілді. Осы алты ай ішінде жұмыскерге жаңа тәртіптік жаза қарастырылмаса, тәртіптік жаза алынып тасталғанын білдіреді.

Жаңа заңнама бойынша ЕтЗК-те егжей-тегжейлі көрсетілген ынталандыру түрлері мен тәртібі жеке, еңбек, ұжымдық шарттар мен жұмыс берушінің актілері негізінде анықталған.

Еңбек туралы заң қабылдағаннан бері осы уақытқа дейінгі қолданыстағы еңбек дауларын қарастыру тәртібі өз бастауын алды. Еңбек дауын тараптардың келісімі бойынша шешу, оның ішінде келісім комиссиясында қарастыру мүмкіндігі енгізілді.

Еңбек қатынастары мәселелерінен бөлек, 1993 жылға дейін ЕтЗК-те XI «Еңбекті қорғау» тарауында баяндалған жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері реттелді.

90-жылдардың басында экономиканы түбегейлі реформалау (заңнаманың баяу жаңартылуы) еңбек, жұмыспен қамту, еңбекті қорғау саласындағы жағдайды шиеленістірді.

Жарақат алу деңгейі бойынша қалыптасқан жағдайға байланысты (1992 жылы 31 888 мың адам зардап шегіп, 6073 адам қайтыс болған, жарақат алу коэффициенті 5,25-ке теңестірілді) республика кәсіпорындарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселесінің маңыздылығына мән беру қажеттілігі туды [11].

1993 жылы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы №1915-ХІІ «Еңбекті қорғау туралы» Заңы қабылдағаннан бері тәуелсіз елімізде еңбекті қорғаудағы басқару жүйесінің негіздері бекітілді [1].

Жаңа заңның ережелері еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы ұлттық саясаттың негізгі қағидаттарын белгіледі. Бұл қағидаттар нарықтық экономиканың ерекшеліктерін ескере отырып, еңбек жағдайын жақсартуға, өндірістік жарақаттар мен кәсіби аурулардың алдын алуға бағытталған.

Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ) № 155 «Өндірістік ортада еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы туралы» Конвенциясын ратификациялауға байланысты оның негізгі декларативті ережелерімен жүру қажеттігі туды, атап айтсақ:

- еңбек қауіпсіздігі, гигиенасы мен өндірістік орта саласында келісілген ұлттық саясатты ауық-ауық қайта саралау қажеттілігі;

- еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы саясатты құру кезінде мемлекеттік органдар, жұмыс берушілер мен жұмыскерлердің, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі мен гигиенасы саласындағы басқа да тұлғалардың тиісті қызметтері мен міндеттерін көрсету;

- заңнама, ережелер, не болмаса ұлттық жағдайлар мен тәжірибеге сәйкес келетін кез келген тәсілдер арқылы Конвенцияның ережелерін жүзеге асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдау.

Заңнаманы ХЕҰ халықаралық стандарттарына жақындату бойынша жұмыстарды жалғастыру барысында еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі саласындағы ХЕҰ конвенциясы ратификацияланды [12]:

- 1977 жылғы «Еңбекшілерді жұмыс орындарындағы ауаның лас тануы, шу және тербелістер салдарынан болатын кәсіби қауіптерден қорғау туралы» (№148) конвенция 26.06.1996 жылғы № 10-І ҚР-ның заңымен;

- 1999 жылғы «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенцияны бекіту туралы» (№ 182) конвенция 26.12.2002 жылғы № 367-ІІ ҚР-ның Заңымен;

- 1947 жылғы «Өнеркәсіптегі еңбекті инспекциялау туралы» (№81) конвенция 07.05.2001 жылғы № 19-ІІ ҚР Заңымен;

- 1969 жылғы «Ауылшаруашылықтағы еңбекті инспекциялау туралы» (№129) конвенция 07.05.2001 жылғы № 195-II ҚР Заңымен ратификацияланды.

Еңбекті қорғау, еңбек қауіпсіздігі мен еңбек шарттарының заңнамалық және нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру, сондай-ақ еңбекшілердің өмірі мен денсаулығын қорғау, еңбек заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту мақсатында «Еңбекті қорғау туралы» Заңның орнына 2004 жылы «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» жаңа Заңы қабылданды. Онда нарықтық қатынастар жағдайында жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының кәсіпорынның өндірістік қызметінің нәтижелеріне қатысты артықшылығы, еңбекті қорғаудағы мемлекеттік басқару қағидаттары, қызметтік міндеттерін орындау барысында жазатайым оқиғалар мен кәсіби аурулардан зардап шеккен жұмысшылардың мүдделерін әлеуметтік қорғау белгіленген.

Бұдан бөлек, қалыптасқан нарықтық экономика шындықтарына жақындату мақсатында нарықтық қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы», «Әлеуметтік серіктестік туралы», «Кәсіби одақтар туралы», «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы», «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» және басқа да бірқатар заңнама актілері қабылданды.

Сонымен бірге көрсетілген нормативтік құқықтық актілер республикадағы нарықтық қатынастардың әртүрлі даму кезеңдерінде қабылданды, кейбір нормалар қазіргі талаптарға сәйкес келмеді немесе өз маңызын жойды, не болмаса оларды қолдану механизмдерінің жетілдірілмеуі салдарынан қолданылуға жатпады.

Еңбек туралы нормалар көптеген салалық нормативтік құқықтық актілерде сипатталды. Еңбек нормаларының басым бөлігі заңға тәуелді нормативтік актілерге енгізілді, олар негізгі заңдар ережелерінің өзгертілмеуі кезінде үнемі қарастырылды. Бұл еңбек заңнамасында бірыңғай нормативтік талаптарды қалыптастыруға қиындатты [13].

Әртүрлі нормативтік құқықтық актілерде реттеу нысаны бір-біріне ұқсас еңбек қатынастары болса да, ұғымдық аппарат, субъектілердің құқығы, міндеттері мен жауапкершілігі әртүрлі түсіндірілді.

Бір мәселені реттеуге қатысты көптеген заңға тәуелді актілерді жүйелеп, бір нормативтік құқықтық актіге бекіткен дұрыс.

Еңбек қатынастарын реттейтін және еңбек саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін

белгілейтін (нормалары біріктірілген) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін қабылдау қажеттілігі туды.

2007 жылы 15 мамырда қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі жаңа жағдайда елдегі еңбек қатынастарын реформалаудың тағы бір кезеңі болды [4].

Кодексті қабылдаудың негізгі мақсаты еліміздегі еңбек қатынастары саласына қатысты қолданыстағы және әзірленетін барлық нормативтік құқықтық актілерді бірыңғай нормативтік құқықтық актіде жүйелеу, унификациялау және баяндау болып табылды.

Кодекс жұмыскер мен жұмысшы берушінің бастамаларын дамыту үшін қажетті жағдай құруы, еңбек қатынастарына қатысты мәселелерді өз бетінше шешу мүмкіндігін беруі тиіс. Кодекс еңбек тәртібін нығайтудың идеологиялық аспектісін жойып, өндіріс тиімділігін құрайтын ұжымда жоғары еңбек тәртібін орнату және жұмыс берушінің қызметін ынталандыру арқылы экономикалық ынталандыру рөлін арттырды.

Еңбек шарттарын, төлеу ақысы мен басқа да талаптарды анықтауда бірлескен, өзара келісілген шешімдерді қабылдау үдерісіне жұмыскерлерді тарту олардың еңбек нәтижесіне қызығушылығын арттырды.

Ұжымдық шарттар мен салалық келісімдердің мазмұны қосымшаға енгізу үшін міндетті саналды. Кодексте тараптардың әлеуметтік серіктестікке қатысуы, қол қою және оны одан әрі жүзеге асыру мәселелерін шешу көрініс тапқан.

Жұмыскер жұмысынан айрылған жағдайда оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау мақсатында өтемақы туралы нормалар енгізілді. Кодекске сәйкес жұмыскердің бастамасы бойынша еңбек шартын тоқтатуы жұмыс берушінің еңбек шартын бұзуы нәтижесінде мүмкін. Егер бұл медициналық қорытынды негізінде адамның денсаулық жағдайына қайшы келетін жұмысты орындауға еңбек шарты жасалған жағдайда еңбек қатынастарын жалғастыруға жатпайды.

Жұмысқа сағат бойынша жалдау нормаларын енгізуге қатысты азаматтардың толымсыз жұмысқа қамтылу құқығы жүзеге асырылды.

Өмірлік қажеттілік жағдайларда жұмыскерлерге ақысы сақталмайтын демалыстар беру заңнамалық тұрғыдан бекітілген. Жұмыс беруші жұмыскердің жазбаша өтініші негізінде некені тіркеу кезінде, бала туғанда, жақын туыстары қайтыс болғанда, еңбек және ұжымдық шарттарда қарастырылған басқа да жағдайларда бес күнтізбелік күнге дейін жалақы сақталмайтын демалыс беруге міндетті

Бұдан бөлек, жұмыс беруші жұмыскерге ата-анасының таңдауы бойынша баланың анасына, не әкесіне; әжесіне не атасына; ата-ананың қаморлығынсыз қалған баланы іс жүзінде тәрбиелеп отырған басқа да туысына не қамқоршысына бала үш жасқа толғанға дейін, оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыс беру қарастырылған.

Кодексте әйел еңбегін неғұрлым толық қолдануды қамтамасыз ететін бірқатар нормалар қарастырылған. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша жүкті әйелдермен еңбек шартын бұзуға шектеу енгізілген. Әйелдің жүктілік кезеңінде еңбек шартының мерзімі біткен жағдайда жұмыс беруші оның өтініші бойынша еңбек шартының мерзімін жүктілікке және босануға байланысты демалыс алу құқығы басталғанға дейін ұзартуға міндеттелді.

Жүкті әйелдер мен үш жасқа дейінгі балалары бар әйелдер еңбегі құқығын неғұрлым толығымен жүзеге асыру үшін жұмыскердің жазбаша өтініші бойынша толық емес жұмыс тәртібін ұсынады.

«Жұмыскерлердің жекелеген санаттарының еңбегін реттеу ерекшеліктері» тарауы кодекске дер кезінде енгізілді. Онда келесі қызметкерлердің еңбегін реттеу мәселелері қарастырылған:

- он сегіз жасқа толмағандардың;
- әйелдердің және отбасылық міндеттері бар басқа да тұлғалардың;
- қоса атқарып, жұмыс істейтіндердің;
- ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстарда істейтін қызметкерлердің;
- маусымдық жұмыстарда;
- вахталық әдіспен жұмыс істейтін қызметкерлердің;
- үй қызметкерлерінің;
- үйде жұмыс істейтіндердің;
- мүгедектердің;
- азаматтық қызметшілердің;
- шағын кәсіпкерлік субъектілері қызметкерлерінің;
- заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының басшысы мен мүшелерінің;
- мемлекеттік қызметшілердің, Парламент және мәслихаттар депутаттарының, судьялардың;
- әскери қызметтегі адамдардың және құқық қорғау органдарының қызметкерлерінің.

Аталған жұмыскерлер арасында азаматтық қызметшілерді айрықша бөліп қарастырсақ, олардың еңбегін құқықтық реттеу заңнамада алғаш рет көрсетілген.

Қазыналық кәсіпорындарда, мемлекеттік мекемелерде ақылы штаттық лауазымда істейтін және олардың міндеттері мен функцияларын іске асыру және мемлекеттік органдарға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыру мен олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруға қатысты азаматтық қызметшілердің кәсіби қызметі ретінде азаматтық қызмет туралы ұғымдар енгізіле бастады. Бұл азаматтық қызметке орналасу, бос орынға конкурс өткізу, азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу мен талаптары тәртібін реттейтін азаматтық қызметшілердің лауазымдар тізбесін анықтайтын қосымша нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға түрткі болды.

Кодексте сауықтыруға берілетін бір лауазымдық жалақы мөлшерінде жәрдемақы төленетін, ұзақтығы 30 күнтізбелік күннен аспайтын жыл сайынғы ақылы еңбек демалыстарын беру қарастырылған.

Сонымен бірге азаматтық қызметтегі адамдардың мемлекет мүддесіне залалын тигізетін мүмкіндігін жою мақсатында, сондай-ақ олардың мемлекеттік мекемелердің және қазыналық кәсіпорындардың мүддесіне сай жұмыс уақытын неғұрлым тиімді пайдалануы үшін шектеулер тізбесі белгіленуде.

Кодекстің жаңалығы адам капиталына инвестиция салу ескерілген, ол еңбек біліктілігі мен өнімділігінің айырмасын көрсететін еңбекақы төлеу жүйесін қолдануды білдіреді. Еңбекақы төлеу тұжырымдамасы жұмысшының біліктілігіне, орындалатын жұмыстың күрделілігіне, көлемі мен сапасына, сондай-ақ еңбек жағдайларына қарай сараланып белгіленуіне бағытталған.

Сапалы және сапасыз жұмыстарға ақы бірдей төленбеуі тиіс, яғни жұмысшы өзінің кәсіби дайындығын арттыруға ынталы болуы керек. Оның үстіне, қызметкер әртүрлі біліктілік жұмыстарын орындаған кезде, оның еңбегіне неғұрлым жоғары біліктілік жұмысы бойынша ақы төлеу кепілдігі берілген.

Кодекс жекеменшік құқықтары бастауларының күшеюімен сипатталды, бұл ең алдымен экономикалық себептерге, оның ішінде экономиканың ырықсыздануымен, меншік нысандарының саналуандығымен және экономикадағы жекеменшік сектордың артуымен байланысты түсіндіріледі.

Шағын бизнесті дамыту мақсатында шағын бизнесті жүргізу ерекшеліктерін қарастыратын қосымшалар бекітілді, еңбек қатынастарын жүргізу жағдайлары жеңілдетілді, оның ішінде:

- еңбек шарттарының жасалу мерзіміне шектеу алынып тасталды (бір жылдан аспайтын немесе белгілі бір мерзімге);

- еңбек тәртібінің ережелерін өз бетінше бекіту мүмкіндігі туды;
- демалыс және мереке күндерінде жұмысқа тартуды қарастыратын жұмыс тәртібін орнату құқығы, сондай-ақ жұмыс уақытын жинақтау есебін қолдану;

- жеке немесе заңды тұлғалармен келісімшарт негізінде еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғауды ұйымдастыру мүмкіндігі.

Кодексте еңбек заңнамасының келесідей новеллаларында көрініс тапқан еңбек құқықтарының келісімшарт негіздері күшейтілді:

- жұмыс берушілер актілерінен ұжымдық шарттың басымдығы жарияланды;

- өзгертулер, толықтырулар енгізу, ұжымдық шарттар, әлеуметтік-серіктестік келісімдер, еңбек шарттарын жасау арқылы еңбек және соның негізінде туындайтын басқа да қатынастарды реттеу мүмкіндігі бекітілген. Заң шығарушы еңбек шартына тек бір ғана шектеумен (Кодекспен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен салыстырғанда жұмыскердің жағдайын нашарлатпайтын) кез келген еңбек жағдайлары туралы енгізуге рұқсат береді. «Тараптардың келісімі» құқықтық конструкциясы еңбек шартын жасау кезінде ғана емес, оны бұзған жағдайда, сондай-ақ жұмыс уақыты, демалыс уақыты, еңбекақы төлеу және т.б. мәселелерде қолданылады.

Сонымен бірге жалақыны кешіктіргені үшін жұмыс берушінің материалдық жауапкершілігі, заңды тұлғаның алқалы атқарушы органның басшысы мен басқа да мүшелерінің еңбегін реттеу ерекшеліктері белгіленді, еңбек шартының жекелеген талаптарының жарамсыз деп танылуы жазылды.

Уақыт талабына сәйкес, Кодекске «Жұмыскердің жеке мәліметтерін қорғау» жаңа тарауы енгізілді. Жұмыскердің жеке құпиясының сақталуын қамтамасыз ету міндеті қызметкермен еңбек қатынастары күшіне енген күннен бастап оның жеке өмірі туралы ақпаратқа қол жеткізе алатын жұмыс берушіге жүктелген.

ҚР «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» Заңымен салыстырғанда, осы мәселеге қатысты Кодекс тарауына жаңалықтар енгізілді, атап айтсақ:

- жекелеген тараулардың қосымшаларында еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғалар мен қызметкерлер денсаулығының өзге де зақымдалуын тексеру және тіркеу тәртібі тіркелді;

- еңбек жағдайлары зиянды және қауіпті жұмыстардың мүмкін салдарының тізбесі кеңейтілді, бұл жөнінде жұмыс беруші жұмыскерді жұмысқа алғанда ескертуі тиіс;

- басшы қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту және олардың білімін тексеру міндеттерінен босатылды, аталған қосымша ұйымдарда еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты тұлғаларға ғана таралады;

- жұмыс берушіге оқыту мен білімін тексеруге жататын тұлғалардың тізімін анықтау және бекіту құқығы берілген;

- өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттаудың негізгі механизмдері мен оны орындаушылар көрсетілген;

- «Өндірістік объектілерді еңбек жағдайлары бойынша аттестаттау өткізу жөніндегі мамандандырылған ұйымдар» ұғымы енгізіліп, анықтама берілді.

«Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау» тарауы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау және ұйымдарда БиОТ қызметінің міндеттері мен өкілеттіліктерін бірыңғай қолданылуын енгізу мәселелерінің маңыздылығына мән беру үшін қызмет туралы типтік қосымшаны бекіту жөніндегі ақпаратпен, сондай-ақ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша ішкі бақылаудың жаңа органы – ұйымдардағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі комитет (комиссия) туралы ережелермен толықты.

Сонымен бірге еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласының сақталуын мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүргізетін орган – Еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган нақтыланды, ал ҚР-ның «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау» Заңында аталған өкілеттіктер ҚР-ның Үкіметіне, уәкілетті органға және оның аумақтық бөлімшелеріне, сондай-ақ кәсіпорын қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдар мен басқа да уәкілетті органдарға жүктелген.

Кодексте қамтылған маңызды мәселелердің бірі – ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстарда істейтін жұмыскерлердің еңбекақысын жоғары мөлшерде төлеу кепілдігі туралы ережелер. Жоғарылатылған лауазымдық жалақы немесе қосымша ақы мөлшері Кодексте еңбекақы төлеудің ең төменгі стандарттарына негізделген Қазақстан Республикасының заңында, салалық келісімдер немесе ұжымдық шарттарда белгіленген мөлшерден кем емес мөлшерде қарастырылған.

Сонымен, Кодексте бірқатар маңызды жаңалықтар енгізілгенін айта кету керек: әлеуметтік серіктестік институттарын, оның қағидаттары мен органдарын, ұжымдық келіссөздер жүргізу механизмдерін

қалыптастыру және т.б. Кодексте еңбекақы төлеуді реттеудің, оны нормалаудың, сондай-ақ кепілдіктер мен өтемақылардың белгілі бір жетістіктері қарастырылған. Кодекстің жағымды тұстары да аз емес, мәселен, жұмыскерлердің еңбек құқығын қорғау және еңбек дауларын шешуді реттейтін нормалардың енгізілуі.

Сонымен бірге Кодекс негізінен дәстүрлі өнеркәсіп салаларының ірі кәсіпорындарына бағдарланған. Тәжірибе көрсеткендей, бұл қазіргі уақыт үдесінен шыға алмай отыр, яғни еңбек қызметінің сан алуан түрлерін дамыту ескерілмеген. Кодекс қолданысқа енгізілгелі бері экономикадағы жағдай мен қоғамдық пікір айтарлықтай өзгерді. Осыған байланысты Кодекске көптеген өзгерістер енгізілді. 2015 жылы Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексін қабылдау кезінде Кодекстің барлық тарауына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 58 заң қабылданды. Оның үстіне алғашқы өзгерістер Кодекс күшіне енгеннен кейін екі айдан соң енгізілді.

Бірақ бұл өзгерістер бизнестің дамуына және жұмыс орындарын барынша сақтап қалуға еңбек қатынастарын икемді реттеу қажеттілігі мен жұмыс берушілерді (ірі, сондай-ақ ұсақ) ынталандыру арасындағы терең қайшылықты шеше алмады.

Қазіргі жағдайда мұндай нормалардың сақталуы экономиканың инновациялық дамуына кедергі келтіріп қоймай, сонымен бірге еңбек нарығының одан әрі дамуы, жаңа жұмыс орындарының пайда болуы, тиімді жұмыспен қамтылуы үшін тежеуші фактор ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қазақстан Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше болып, Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт бойынша міндеттемелерді қабылдағаннан бері ұлттық заңнаманы халықаралық ұйымдардың нормалары мен стандарттарына сәйкес әзірлеу қажеттілігі туды.

Осыған орай ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамға» қатысты тапсырмасын (83-қадам – «еңбек қатынастарын ырықтандыру») [14] орындау шеңберінде 2015 жылдың екінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының жаңа Еңбек кодексін әзірлеу жұмыстары басталды, заң кейін 2015 жылы 23 қарашада қабылданды.

Жаңа Кодекс құрылымы мен мазмұны бойынша 2007 жылғы Еңбек кодексін қайталаса да, бұл – еңбек қатынастарын ырықтандыруға шақыратын мүлдем жаңа құжат. Оны қолданысқа енгізу мерзімін (2016 жылғы 1 қаңтар) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын

қалыптастырудың жаңа кезеңінің басы деп санауға болады. Бұл заң Халықаралық еңбек ұйымы (ХЕК) мен Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) еңбек стандарттарына негізделген. Оның ұсыныстары кәсіпорындар деңгейіндегі ұжымдық келіссөздер негізінде қызметкерлер мен жұмыс берушілердің өз-өзін басқаруын арттыру қажеттілігін байқатады.

Жаңа Кодексте еңбек қатынастары саласында кездесетін объективті факторлар ескерілген: жұмыскерлердің еңбек мәдениетінің деңгейі, әлеуметтік-еңбек қатынастарының негізгі институттарын (кәсіподақ қозғалыстарын, оның маңызы мен қағидаттарын) ұғыну, халықтың құқықтық сауаттылығының деңгейі. Екінші жағынан, жұмыс берушілердің бәрінде бірдей жоғары құқықтық мәдениетінің жоқтығы және заңға бағына бермейтіні ешкімге құпия емес.

Жаңа Кодекстің негізгі тұжырымдамасы қолданыстағы әлеуметтік стандарттарды қайта сараптау есебінен отандық бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін шешуге бағытталған.

Сондай-ақ «еңбек заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды бір мезетте күшейтумен қатар, еңбек қатынастары тараптарының құқығы мен міндеттерін аса регламенттеуден мейлінше аз мемлекеттік реттеуге өту» [15] немесе әзірлеушілердің пікірінше, «бір тараптан әлеуметтік қорғау арасындағы тиімді тепе-теңдік, екінші тараптан экономикалық тиімділік» қарастырылған.

Жаңа Кодекс 5 бөлімнен, 23 тараудан, 204 баптан тұрады, айтарлықтай қысқаруының арқасында жинақталып қалды (алдыңғы кодексте 9 бөлім, 40 тарау және 341 бап болатын). Өзгерістер бөлімдерді, тараулар мен баптарды қамтып қоймай, ұғымдық аппарат та өзгерді, онда жаңа анықтамалар енгізіліп, қолданыстағы кейбір анықтамалар нақтыланды.

Жаңа Кодекстің елеулі жаңалықтарына тоқталып өтейік.

1. Бұрынғы Кодекстен айырмашылығы «жұмыс берушілердің актілері» ұғымы кеңейтілді, басқалармен қоса, жұмыс беруші шығаратын ереже, қосымша, ауысым кестелері, вахта кестелері мен демалыс кестелерін қамтиды.

2. Ұжымдық-шарттық қатынастарды күшейту мақсатында қызметкерлер өкілдерінің пікірі ескерілетін, шығарылуы тиіс жұмыс берушінің актілері Кодекспен шектелмей, ұжымдық шарттар мен келісімдерде қарастырылады. Бұл шешім қабылдау кезінде олардың тізімін кеңейтеді және еңбек ұжымы өкілдерінің қатысу мүмкіндігін береді.

3. «Бәсекелестікті болдырмау туралы талап» жаңа ұғымы енгізілді. Енді жұмыс берушіге компанияның меншігін, коммерциялық құпиясын құрайтын ақпаратқа немесе білімге ие жұмыскермен бәсекелестікті болдырмау туралы талап жасау құқығы беріледі. Онда еңбек шартының қолданылу кезеңінде және оның мерзімі аяқталғанда да жұмыс берушіге тікелей немесе жанама зиян келтіруге қабілетті қызметті жүзеге асырмауы туралы (мәселен, бәсекелестеріне ақпарат беру) қызметкердің міндеттемесі қарастырылған. Мұндай шартты жасау үшін лауазымдар мен жұмыстар тізбесі жұмыс беруші актісімен бекітіледі.

4. Белгілі бір мерзімге жасалған еңбек шарттарын ұзарту жағдайларына өзгерістер енгізілген. Еңбек шартының қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда тараптардың бірде-бірі соңғы жұмыс күнінде (ауысымда) еңбек қатынастарын тоқтату туралы жазбаша түрде хабардар етпесе, ол бұрын жасалған шарт дәл сол мерзімге ұзартылған деп есептеледі. Ал бұрынғы заңнамада көрсетілген жағдайда шарт белгісіз мерзімге ұзартылатын. Бұл ретте мұндай ұзартулар екі ретке дейін шектелген.

5. Жұмыскерлердің жекелеген санаттарын жұмысқа қабылдау кезінде сынақ белгілейтін норма алынып тасталды. Мұндай шектеулердің алынып тасталуы жұмыс берушінің он сегіз жасқа толмағандарды, мамандықтары бойынша алғаш рет жұмысқа қабылданатын адамдарды, тиісті лауазымды ауыстыруға конкурс бойынша жұмысқа қабылданатын адамдар мен мүгедектерді жұмыспен қамтуын көздейді.

6. Басшылар, оның орынбасарлары, бас бухгалтерлер, оның орынбасарлары, филиалдар мен өкілдіктердің басшылары сияқты жекелеген қызметкерлер санаттары үшін, жұмыс беруші сынақ мерзімін алты айға дейін арттыру құқығын алды.

7. Жұмыскердің сынақ мерзімінен өтпеуіне байланысты еңбек қатынастарын тоқтату тәртібі айтарлықтай жеңілдетілді, яғни жұмыс беруші бұрынғыдай шартты бұзу туралы хабардар етуі үшін сынақ мерзімінің аяқталғанын күтпейді. Сынақ мерзімі кезеңінде қызметкердің жұмысы теріс нәтиже берсе, жұмыс беруші сынақ мерзімінің кез келген уақытында онымен еңбек шартын бұза алады.

8. «Жұмыскерлерді іссапармен жіберу» жаңа ұғымы алғаш рет енгізілді. Жаңа кодекс көзқарасы тұрғысынан шын мәнінде іссапармен жіберу борыштық қызмет емес, жұмыскерлерді тәуелді заңды тұлға шегінде еңбек қатынастарын тоқтатпастан, аффилирленген заңды

тұлғалардың вертикалды құрылымдары шеңберінде бір ұйымнан екінші ұйымға ауысуы болып табылады. Бұл іссапармен жіберілген жұмыскерлердің іссапарға жіберген компанияға қайтып келуін көздейді. Жұмыскерлер іссапарға жіберілетін заңды тұлғаның орташа тізімдік санының он пайызынан артық жұмыскерлердің мүдделерін қорғау мақсатында жұмыскерлер жіберілетін заңды тұлға (кәсіподақ) жұмыскерлерінің өкілдерімен келісуі қарастырылған.

9. Жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу үшін негіздемелер тізбесі толықтырылды, қазіргі кезде 25 негіздеме бар, оның 13-і еңбек тәртібін бұзумен, 5-уі жұмысшының кәсіби біліктілік талаптарына сәйкессіздігіне, 4-уі ҚР заңдарының талаптары бойынша және 3-уі экономикалық немесе ұйымдастыру себептеріне байланысты. Төмендегідей негіздемелер енгізілген:

- жұмыс берушінің экономикалық жағдайының нашарлауына әкеп соққан өндірістер, орындалатын жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер көлемінің төмендеуі;

- еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты жұмыскердің еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау немесе өнеркәсіп қауіпсіздігі мәселелері бойынша білімін тексергенде, қайта өтпей қалуы;

- заңды тұлғаның атқарушы органының басшысы мен заңды тұлғаның алқалы атқарушы органының мүшелері өкілеттіліктерінің тоқтауы;

- жұмыскердің зейнет жасына келуі;

- жұмыскер жұмыс берушіге белгісіз себептер бойынша бір айдан астам уақыт жұмыс орнында болмауы.

10. Мерзімінен тыс уақыттағы, мереке, демалыс күндеріндегі және түнгі уақыттағы жұмысына біржарым мөлшерден кем емес бірыңғай сәйкестілік еңбекақы төлеу белгіленді.

11. Жұмыс берушіге және жұмыскерге байланысты емес себептер бойынша бос тұрып қалу уақытын ресімдеу тәртібі және бос тұрып қалу уақытына ақы төлеу талаптары еңбек, ұжымдық шарттарда айқындалады және жалақының ең төмен мөлшерінен кем болмайтын мөлшерде, ал жұмыс берушінің кінәсінен болғанда – жұмыскердің орташа жалақысының кемінде елу пайызы мөлшерінде өзгерістер енгізілді.

12. Жұмыс берушіге тиесілі қаржы құралдарын қайтару ресімдерін жеңілдету үшін жұмыскердің жалақысынан ұстап қалудың негіздемелері нақтыланды.

13. Қосымша ақылы демалыстар беру қағидаттары қайта қаралды. Еңбек жағдайы зиянды жұмыс істейтін жұмыскерлерге бұрынғыдай 6-дан 36 күнтізбелік күнге дейінгі көлемде қосымша демалыс беріледі, бірақ бұл өндірістік нысандарды еңбек жағдайы бойынша аттестаттау нәтижелеріне байланған. Бірінші және екінші топтағы мүгедек жұмыскерлердің ұзақтығы 15 күнтізбелік күннен кем болмайтын қосымша демалысы 6 күнтізбелік күнге азайтылды.

14. Еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі ішкі бақылаудың (өндірістік кеңес) жаңа құралы әзірленді. Бұл ретте Жаңа кодексте еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі қоғамдық инспекторлар институты қысқартылып, «техникалық инспектор» ұғымы енгізілді. Техникалық инспектордың өндірістік кеңестің құрамында болуы міндетті.

Айта кетейік, ҚР-ның жаңа Еңбек кодексінде еңбек саласындағы әлеуметтік серіктестік пен ұжымдық қатынастар үдерісін реттейтін нормалар елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ. Бұл әлеуметтік серіктестіктің дамуының жеткілікті жоғары деңгейін, оның әлеуметтік-экономикалық және еңбек қатынастары саласындағы қазіргі қоғамдық қатынастарға оң ықпалын тигізіп отырғанын айғақтайды.

Жұмыс беруші мен жұмыскерлер өкілдері арасында серіктестік қатынастар құрудың жаңа тәсілдері енгізілуіне байланысты келісімдер мен ұжымдық шарттардың мазмұны жекелеген өзгерістерге ұшырады.

Елеулі өзгерістер мен толықтырулар Еңбек кодексінің баптарын түсіндіруге қатысты жұмыстарды қажет етті. Мәселенің маңыздылығы мен өзектілігін ескере отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің әртүрлі саладағы ғалымдары, сарапшылары мен мамандары Еңбек кодексінің баптары бойынша түсініктемелер дайындады [16].

Мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі – заңнама актілерін қабылдап қана қоймай, сонымен бірге Қазақстан аумағында заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілердің дәл және біртекті қолданылуына мемлекеттік бақылау мен қадағалауды қамтамасыз ету.

Еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалауды іске асыру қажеттілігі еңбек құқығын орындауға шақыратын әлеуметтік міндеттен туындап отыр.

Еңбек заңнамасының сақталуына бақылауды ұйымдастыру, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелеріне үнемі айрықша көңіл бөлініп келді. Оның ішінде Кеңес Одағының заңнама актілері мен Қазақстан Республикасының заңнамаларында негізгі міндеті

еңбек туралы, еңбекті қорғау ережелері мен нормалары туралы заңнамалардың сақталуын бақылау болып табылатын, мемлекеттік органдардың жүйесі мен құзыреттілігін сипаттайтын «Еңбек заңнамасының сақталуын бақылау» тарауы болды, болып келеді де.

Қазақстанда алғаш рет еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласында мемлекеттік бақылауды жүргізу үшін Қазақстан Республикасы Еңбек министрлігі жанындағы ҚР Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 17 қаңтардағы № 1270 қаулысымен Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы құрылды.

Кейін ҚР Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы «Қазақстан Республикасында мемлекеттік бақылаудың тиімділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлығына сәйкес Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы жергілікті атқарушы органдардың қарауына берілді.

Қазақстан Республикасы Еңбек және еңбекті қорғау заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды күшейту және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 1998 жылғы 16 наурыздағы № 65-п бұйрығымен оны жүзеге асыратын органдарды тәртіпке келтіру мақсатында Қазақстан Республикасы «Еңбекті қорғау туралы» Заңының 5 және 8-баптарына сәйкес Мемлекеттік еңбекті қорғау инспекциясы базасында Мемлекеттік еңбек инспекциясы құрылып, оған еңбек заңнамасының сақталуын бақылауды жүргізу жөніндегі қызмет жүктелді.

Заңнаманы Халықаралық еңбек ұйымының стандартына жақындастыру жұмыстарын жалғастыра отырып, Қазақстан Республикасы 2001 жылы ХЕҰ № 81 «Өнеркәсіп және саудадағы еңбекті инспекциялау туралы» және № 129 «Ауылшаруашылықтағы еңбекті инспекциялау туралы» Конвенцияларын ратификациялады.

Аталған конвенцияларда мынадай жайттар қарастырылған:

- «...Осы Конвенцияны таныған Еңбек Ұйымының әрбір мүшесі орталық биліктің бақылауы мен қадағалауында болатын өнеркәсіптік кәсіпорындар мен ауылшаруашылықта еңбек инспекциясының жүйесін енгізуге міндеттенеді»;

- «Өнеркәсіптік кәсіпорындарындағы еңбек инспекциясының жүйесі еңбек жағдайлары және еңбекшілерді қорғау жөніндегі заңдардың ережелерін жұмыс барысында олардың қолданылуын қамтамасыз етуге міндетті еңбек инспекторларына қатысты барлық кәсіпорындарға қолданылады»;

- «еңбек инспекциясы жүйесінің міндетіне еңбек инспекторларының аталған ережелердің қолданылуын тиісті қамтамасыз етуі қажеттілігіне

қарай, еңбекшілердің жұмыс барысында, оларға еңбек жағдайлары және олардың қауіпсіздігі саласындағы заң ережелерін, мәселен, жұмыс күнінің ұзақтығы, жалақы, еңбек қауіпсіздігі, денсаулық сақтау мен әл-ауқаты, балалар мен жасөспірімдердің еңбегін пайдалану туралы және басқа да осындай мәселелер жөніндегі ережелерді қолдануды қамтамасыз ету кіреді»;

- «...кәсіпорындарды тексерудің жиілігі және жан-жақтылығы тиісті заң ережелерін тиімді қолдануды қамтамасыз ету қажеттілігіне қарай жүзеге асады»;

- «инспекцияның бақылауына жататын кез келген кәсіпорынға тәуліктің қай уақытында болмасын алдын ала хабарламастан кедергісіз кіруге құқылы».

Осыған байланысты мемлекеттік еңбек инспекциясының тұтас жүйесін түзуге қатысты жұмыстар жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасы еңбек, еңбекті қорғау және бұрын қолданыста болған жергілікті деңгейдегі еңбек инспекцияларының құрылымдары туралы заңнамалардың сақталуын мемлекеттік бақылаудың қазіргі жүйесін жетілдіру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізді.

2001 жылы қаңтар айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 28 желтоқсандағы № 1920 қаулысымен барлық облыстарда, Астана мен Алматы қалаларында ХЕК талаптарына сәйкес келетін аумақтық органдар – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің департаменттері құрылды.

Соған қарамастан, 2013 жылы еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау міндеті тағы да жергілікті атқарушы билікке берілді.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінде қарастырылған мемлекеттік бақылау ережелеріне сәйкес [17], мемлекеттік инспекторлардың тексеру, өкілеттілік талаптары жоғарыда айтылған конвенция талаптарынан едәуір шектеулердің болуымен ерекшеленеді. Бұл шын мәнінде мемлекет ратификациялаған халықаралық нормалардың қолдану тәртібіне сәйкес келмейді.

Жоғарыда айтылғандарды ескерсек, еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау және қадағалау жүйелерінің тиімді жұмыс істеу мәселелері Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кеңейтілген отырысында қарастырылды. Отырыс нәтижесінде Үкіметке Мемлекеттік еңбек инспекторларын ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігіне бағынысты ету және олардың штат кестесін арттыру мәселелерін зерттеу ұсынылды.

2015 жылы ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбекті қорғау жөніндегі республикалық ғылыми-зерттеу институты тиісті зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде барлық дамыған Батыс елдері мен ТМД елдерінде еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылауды еңбек жөніндегі орталық уәкілетті органдардың құрамындағы еңбек инспекциялары атқаратынын анықтады [18].

Жергілікті атқарушы билікке бағынысты қағидаттарына құрылған Мемлекеттік еңбек инспекциясының қазіргі жүйесі еңбек заңнамасының жаппай бұзылуына тиімді әрекет етудің мүмкіндігі жоқтығын көрсетті [18].

Еңбек заңнамасының сақталуын мемлекеттік бақылау міндеттерін орталық органнан жергілікті атқарушы билікке беру ХЕҰ-ның №81 конвенциясына қайшы келеді. Аталған қайшылықты ішкі заңнама алдында басымдығы бар ҚР Конституциясының 4-бабының 3-тармақшасына сәйкес, халықаралық құқықтық актінің ережесін қолдану пайдасына шешу керек.

Қорытынды. Экономикалық, әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз ету және арттыру, сондай-ақ жұмыскерлердің еңбек жағдайларын жақсарту арқылы өндіріске, жоғары еңбек өнімділігіне ынталандыруға бағытталған қолданыстағы еңбек заңнамасының қалыптасуы мен оны реформалаудың негізгі кезеңдерін қарастыра келгенде, бұл үдерістің жетілдірілмегендігін аңғаруға болады, өйткені нарықтық экономика жағдайында еңбек нарығы, халықты жұмыспен қамту мәселелері еңбек құқықтық қатынастарында өзекті мәселеге айналып отыр. Осыған байланысты практиканы жүйелі талдау негізінде және аталған саладағы халықаралық тәжірибені ескере отырып, еңбек заңнамасын үнемі жетілдіру қажет.

Бұл ретте жұмыскерлердің еңбек қызметі мен жағдайларының сипатына қарай еңбек пен әлеуметтік заңнаманы одан әрі дифференциациялау, сондай-ақ әлеуметтік серіктестікті қолдану мен оның құралдары саласын кеңейту мәселелері зерделеуді қажет етеді.

Мемлекеттің басты назары елдің тұрақты дамуы үшін азаматтардың әлеуметтік көңіл күйін ұйымдастырушылық-құқықтық реттеушілерді құруға және жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингінде ілгерілету жөніндегі ел басшылығының жоспарларын жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Республика Казахстан. Закон об охране труда [Текст].: [закон: принят от 22 января 1993 года. Утратил силу] URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
2. Республика Казахстан. Закон о труде в Республике Казахстан [Текст].: [закон: принят от 10 декабря 1999 года N 493. Утратил силу] URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
3. Закон Республики Казахстан от 28 февраля 2004 года № 528 «О безопасности и охране труда» // Ведомости Парламента РК, 2004 г. – № 3-4
4. Республика Казахстан. Законы. Трудовой кодекс Республики Казахстан [Текст].: [закон: принят от 15 мая 2007 года № 251: утратил силу] URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
5. Республика Казахстан. Законы. Трудовой кодекс Республики Казахстан [Текст].: [закон: принят от 23 ноября 2015 года № 414-V: по сост. на 6 апр. 2016 г.]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
6. Республика Казахстан. Постановление. Концепция реформирования трудовых отношений в Республике Казахстан. [Текст].: [постановление Правительства Республики Казахстан от 24 сентября 1998 года N 944: утратила силу]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
7. Назарбаев Н.А. Казахстан 2030. Процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев. Послание Президента страны народу Казахстана // Казахстанская правда, 11 октября, 1997.
8. Спицын А.Т. Инициативы Н.А. Назарбаева и глобальные стратегии модернизации экономики: (опыт теоретического анализа)/ А.Т. Спицын. –Москва: Экономика, 2012. – 110 с.
9. Казахская ССР. Законы. Кодекс законов о труде Казахской ССР [Текст]: [закон: принят от 21 июля 1972 года: утратил силу]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
10. Охрана труда в Республике Казахстан. – Национальный обзор. – МОТ, 2004. – 18 с.
11. Республика Казахстан. Постановление. Концепция социальной защиты населения Республики Казахстан. [Текст].: [постановление Правительства Республики Казахстан от 27 июня 2001 года N 886: утратила силу]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
12. Республика Казахстан. Указ. Концепция правовой политики Республики Казахстан. [Текст].: [указ Президента Республики Казахстан: одобрена от 20 сентября 2002 года N 949: утратила силу]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
13. Указ Президента Республики Казахстан от 24 августа 2009 года № 858 «О Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 до 2020 года» // Казахстанская правда. – 2009, 27 августа.
14. Назарбаев Н.А. Программа Президента Республики Казахстан

- от 20 мая 2015 года «План нации – 100 конкретных шагов» // «Казахстанская правда» от 20.05.2015 г., № 92
15. Концептуальная модель нового Трудового кодекса // Интернет-сайт Управления государственной инспекции труда ВКО/ 12 апреля 2016 г. URL:<http://enbekvko.gov.kz/ru/component/k2/item/179>
 16. Трудовой кодекс Республики Казахстан. Постатейный практический комментарий / под ред. Бисакаева С.Г./ – Алматы: ТОО «МЦФЭР – Казахстан», 2016. – 1096 с. – На русском и казахском языках
 17. Республика Казахстан. Законы. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан [Текст].: [закон: принят от 29 октября 2015 года № 375-V ЗРК]. URL: <http://adilet.zan.kz/rus>.
 18. Научное обоснование повышения эффективности государственного контроля за соблюдением трудового законодательства путем совершенствования системы оценки рисков [Текст]: отчет о НИР (заключ.): Республик. науч.-исслед. ин-т охраны труда; рук. Бисакаев С.Г.: исполн.: Набиев.Д. К. [и др.]. – Астана., 2015. – 208 с. № ГР 0115РК02141. – Инв. № 0215РК03181

ҒТАМР

ПьерТешендорф¹, Толғанай Умбеталиева²,
Ботагөз Рақышева³, Айнұр Мажитова⁴

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы
Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты
«Қоғамдық пікір» зерттеу институты
(Астана қ., Қазақстан)*

ҚАЗАҚСТАН ЖАСТАРЫ: ӨМІРЛІК МАҚСАТ-МҰРАТТАРЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТЫҚ БАҒДАРЛАРЫ МЕН БІРЕГЕЙЛІГІ (әлеуметтік зерттеулер негізінде)

Аңдатпа. Бұл мақалада Ф. Эберт атындағы Қордың тапсырысы бойынша «Қоғамдық пікір» зерттеу институты жүргізген «Орталық Азия жастары» жобасы шеңберінде Қазақстан жастарынан алынған сауалнама нәтижелері берілген. Зерттеудің мақсаты қазіргі жаңа шынайылық жағдайында жас қазақстандықтардың құндылықтары мен көзқарастарын зерттеу болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін сандық (жеке сұхбат әдісі арқылы жастардан сауалнама алу) және сапалық (фокус-топтар, терең сұхбат алу) зерттеу әдістері қолданылды.

Түйінді сөздер: Қазақстан, жауап алу, жеке басын, құндылық бағдар жастар.

МОЛОДЕЖЬ КАЗАХСТАНА: ЖИЗНЕННЫЕ ЦЕЛИ, ЦЕН- НОСТНЫЕ ОРИЕНТИРЫ И ИДЕНТИЧНОСТЬ (на основе со- циологического исследования)

**Пьер Тешендорф, Толғанай Умбеталиева, Ботагөз Рақышева,
Айнұр Мажитова**

Аннотация. В данной статье представлены результаты опроса молодежи Казахстана, в рамках проекта «Молодежь Центральной Азии», проведенного Исследовательским институтом «Общественное мнение» по заказу Фонда им. Ф. Эберта. Целью исследования является изучение ценностей и взглядов молодых казахстанцев в условиях

сегодняшней действительности.

Для достижения поставленной цели исследования использованы методы количественного (опрос молодых людей методом личного интервью) и качественного исследования (фокус-группы, глубинное интервью).

Ключевые слова: Молодежь Казахстана, опрос, идентичность, ценностные ориентации.

KAZAKHSTAN'S YOUTH: LIFE GOALS, VALUES, AND IDENTITIES *(Based on Survey Findings)*

Peer Teshendorf, Tolganai Umbetalieva, Botagoz Rakisheva, Ainur Mazhitova

Abstract. The article provides the analysis of the findings reached during the survey conducted among Kazakhstan's youth in the framework of the «Youth of Central Asia» project by the «Public Opinion» Research Institute and commissioned by Friedrich Ebert Foundation. The focus of the survey and, therefore, of the article is on the values and attitudes of younger citizens of Kazakhstan in the context of contemporary reality.

The data, which the article is based on, has been received through the application of various quantitative methods, namely survey of young people using personal interviews and qualitative methods such as focus groups and depth interviews.

Key words: Youth of Kazakhstan, interrogation, identity, value orientation.

Кіріспе. Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің қазіргі жастары – бұрынғы кеңестік республикалар өміріндегі бетбұрысты кезеңде туып-өскен балалар. Бұл ұрпақ саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер тудырған әлемдік қауымдастықтың күрделі трансформациясы, технологиялардың күрт дамуы кезеңінде дүниеге келіп, ер жетуімен қызығушылық танытады. Жоба шеңберінде көрші аймақ елдері жастарының ұқсас әрі жақын ұстанымдарын анықтау, сонымен бірге қоғам дамуындағы көзқарастар мен үрдістердің елеулі айырмашылықтарын зерттеу жоспарланды. Мұның өзі келешекте Орталық Азия елдерінің даму ерекшелігін түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеу әдіснамасы. Зерттеу жұмысында Қазақстан жастарының

әлемі, оның әртүрлі қырлары, өздерінің мақсаты мен міндеттерін шешу үшін таңдайтын стратегиялары басты назарға алынды. Жауап алғымыз келген негізгі зерттеу мәселелері мыналар: «Жастарды қандай мәселелер толғандырады? Олар қандай қиындықтармен, мәселелермен ұшырасып отыр? Жастардың оған көзқарасы қандай?»

Жастардың елімізде болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, діни және басқа да үдерістерді қабылдауына байланысты мәселенің екінші қыры шықты. Сол себепті, зерттеуде «Жастардың бойында қоршаған әлемге қатысты қандай құндылықтар, стереотиптер мен мифологиялар қалыптасқан? Өз өмірлерінде болып жатқан жағдайларды жастар қалай түсінеді? Әлеуметтік және саяси кеңістікте бірегейленуі үшін олар қандай тәсілдерді қолданып жүр? Өз өмірін, жалпы қоғам өміріндегі оқиғаларды қалай бағалайды?» деген мәселелерге баса көңіл бөлінеді.

Жастардың келешектен нені күтетіні жөніндегі сұрақтар мәселенің үшінші тобын қамтиды: «Жастар келешектен нені күтеді? Қоғам мен отбасының дамуында өздерін қандай рөлге қояды және оған қаншалықты мән береді? Келешекте қандай әлеуметтік рөлдерді атқарғысы келеді? Өз болашағын ел тағдырымен байланыстыра ма?»

Қойылған мақсатқа жету үшін зерттеу жұмысында сандық (жастардан жеке сұхбат алу негізінде сауалнама жүргізу) және сапалық (фокус-топтар, терең сұхбат алу) зерттеу әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері.

1. Жастардың өмірлік мақсат-мұраттары

Зерттеу шеңберіндегі өмірлік стратегияларды жастардың қысқа және ұзақ мерзімді келешекке қатысты жоспарларын және оларды жүзеге асыру құралдарын түсінуіміз керек. Бұл ретте жастар тек қазіргі сәтпен өмір сүретінін, өз өмірін терең пайымдай бермейтінін де ескеруіміз қажет. Сондықтан тіпті өмірлік стратегиялары болса да, оның өз өміріндегі маңызды мақсаттарды анықтауда жастардың дербестігін көрсете бермейді. Өйткені жастығына байланысты өз өмірін жоспарлап, реттей білу қабілеттілігі жастардың көпшілігінде бола бермейді.

1.1 Өмірлік табыс

Жоғарыда айтылғандай, қазақстандық жастардың негізгі өмірлік жоспарлары – білім алу, отбасы құру және мансап жасау. Әрине, жастардың бір бөлігі өздерінің жасына байланысты көп жағдайда ұзақ мерзімді тиімді өмірлік стратегиялар құрудан гөрі қысқа мерзімді жоспарлар құрып, оларды жүзеге асыру стратегияларын

қалыптастыратынын айта кету керек. Мәселен, олар алдағы уақытта оның қалай көрініс беретінін бағаламай, қазір тұрған міндеттерді шешуге басымдық береді. Сондықтан жас респонденттердің сауалнамадағы қандай болмасын сұрақтарға берген жауаптарындағы жүйесіздік пен қайшылықтарды толығымен түсінуге болады.


1-кесте. Өмірлік ұстанымдары (жалпы бөліністе)

	<i>Маңызды</i>	<i>Маңызды емес</i>	<i>Мүлдем маңызды емес</i>	<i>Білмеймін</i>
Адал болу (әріптесіне, достарына, жұмыс берушілерге қатысты)	87,0	8,9	3,7	0,4
Жауапкершілікті өз мойнына алу	72,0	20,0	6,7	1,3
Тәуелсіз болу	76,5	18,4	3,7	1,4
Жоғары білім алу	72,9	20,3	5,5	1,3
Мансап құру	67,2	25,1	6,2	1,5
Саясатпен айналысу	17,8	44,6	34,5	3,1
Іс-шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысу	21,6	47,1	26,1	5,2
Некеге тұру	75,9	16,3	5,7	2,1
Әдемі көріну	76,1	18,5	4,7	0,7
Танымал брендтердің киімін кию	30,4	44,9	22,9	1,8
Пайдалы ас ішу	79,0	15,4	3,5	2,1

Сауалнамаға сәйкес жастар үшін негізгі мақсаттардың алғашқы үштігіне белгілі бір тұлғалық қасиеттерге ие болу, яғни «адал болу» (87%) немесе «тәуелсіз болу» (76,5%) кірген. Екінші тобын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттар, яғни қазіргі негізгі мақсаттар: «әдемі көріну» (76%), «отбасы құру» (75,9%) және «жоғары білім алу» құрайды. Маңыздылығы бойынша мақсаттардың үшінші тобына «жауапкершілікті өз мойнына алу» (72%), «мансап құру» (67,2%) және «танымал брендтердің киімін кию» (30,4%) кіреді.

Жас ерекшеліктеріне келсек, 14 жастан 18 жасқа дейінгі қыздар мен ұл балалар үшін маңызды мақсаттар: «адал болу» (82,6%); «әдемі көріну» (74,4%), «пайдалы ас ішу» және «жоғары білім алу» (сәйкесінше 74,1%-дан) келеді. 19 жастан 24 жасқа дейінгі жастар үшін басым мақсаттардың қатарына «адал болу» (88,2%), «отбасы құру» (79,7%) және «пайдалы ас ішу» (79,5%) кіреді. Ал 25 жастан жоғары жастардың ересек тобы «адал болу» (83,6%), «тәуелсіз болу» (83,6%) және «пайдалы ас ішуді» (83%) таңдаған.

1-диаграмма. Сіз үшін мына санаттар маңызды ма немесе маңызды емес пе? (жас ерекшеліктері бөлінісінде)




Сауалнама көрсеткендей, жастардың белгілі бір тұлғалық қасиеттерге ие болғысы келетіні байқалады, яғни олар үшін «жақсы адам» болу маңызды. Ал «білім алу», «отбасы құру», «кәсіби мансап құру» сияқты өмірлік мақсаттар екінші кезекке шыққан. Мәселен, «адамдар алдымен мансап құруға көңіл бөлуі тиіс, қалғаны екінші

кезектегі қасиеттер» деген тұжырыммен жастардың 8,8%-ы келіседі.

Қыздар ұлдармен салыстырғанда, «жоғары білім алу» мен «отбасы құруға» үлкен мән береді (76,6%-ы 69,1%-ға қарсы және 78,4%-ы 73,3%-ға қарсы). Ауыл жастары үшін «адал болу» (90,5%), «пайдалы ас ішу» (82,1%), «отбасы құру» (80,3%) сияқты мақсаттар маңызды. Ал олардың қаладағы қатарлас құрдастары «адал болу» (84,2%), «тәуелсіз болу» (77,6%) және «әдемі көріну» (76,9%) қасиеттерін таңдаған.

Еліміздегі жастардың басым бөлігі өмірде табысты болуы үшін алдымен өздері қол жеткізгісі келетін арман-мақсаттарды анықтауға (71,3%), қоғамдағы адамгершілік құндылықтарды сақтауға (45,6%) және айналасына сенімді адамдар жинау қажеттігіне (43,3%) мән береді. «Отбасы құру», «білім алу» және «мансап құру» сияқты мақсаттардың иерархиясы былай көрініс табады: жастар бірінші орынға отбасы құруды (75,9%), екінші орынға жоғары білім алуды (72,9%), ал одан кейінгі орынға мансапты (67,2%) қойған. Белгіленген мақсаттарға осылайша басымдық берілуі барлық критерийлер, оның ішінде материалдық критерий бөлінісінде байқалады.

2-диаграмма. Білім алу мен отбасы құрудың маңыздылығы (жынысы бөлінісінде)



Осылардың ішінде жастар саясатпен айналысуға аз қызығушылық білдірген, жастардың 17,8%-ы ғана келешекте саясатпен айналысқысы келетінін көрсеткен, респонденттердің 21,6%-ы іс-шаралар мен азаматтық бастамаларға қызығушылық танытады. Осы мәліметтер қандай болмасын тұжырымдармен келісуіне қатысты респонденттердің жауаптарында корреляция бар. Мәселен, сұралған

жастардың 17,7%-ы «қоғамда болып жатқан оқиғаларды білу – өмірдің маңызды бөлігі» деген пікірді қолдайды. Жалпы, осыған ұқсас жағдай басқа да бөліністерде байқалады. Респонденттердің басым бөлігі іс-шаралар мен азаматтық бастамаларға қатысуды соншалықты маңызды деп санамайды, сондай-ақ саясатпен айналысудың да маңызы жоқ. Сауалнама көрсеткендей, жастар өздеріне тікелей қатысы жоқ оқиғаларға енжарлық пен немқұрайлылық танытады. Мәселен, қоғамдық үдерістерге қатысуға, еріктілерге қосылуға қызығушылықтары немесе азаматтық белсенділіктері төмен.

Бұл мәселе бойынша аймақтық ерекшеліктер кездеседі. Азаматтық белсенділік республиканың батыс облыстарында жоғары: Атырау (73,5%), Маңғыстау (62,9%), Қызылорда (43,9%) облыстарында. Сондай-ақ батыс облыстары жастарының саясатпен айналысуға деген құлшыныс бар: Атырауда (79,4%), Маңғыстауда (45,7%), Қызылордада (36,4%). Жалпы жастар көшбасшы болуға ұмтылады, олар өмірлік жағдайларға азды-көпті болса да, табысты бейімделетініне сенімді, «аутсайдер» аталатын позиция жастардың арасында байқалмайды. Фокус-топтарда талқылау кезінде респонденттер кедергілерді көрсетсе де, олар табысқа жетуге бейім келеді. Олардың өз жағдайларына, өз жоспарлары мен жетістіктеріне қанағаттану сезімінің деңгейі қазіргі кезде өте жоғары.

Осы сауалнама және басқа да зерттеулер нәтижелерінің негізінде жастардың өмірлік табысқа қатысты түсінігі ең алдымен «білім алу» және «отбасы құрудан» тұратыны анықталды. Мәселен, жастардың 83%-ы бірінші кезекте «диплом алу керек» деген ынтамен жоғары оқу орнына түсетініне сенімді. Олардың ойынша, диплом жұмысқа орналасуға (72,3%), ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруге (37,5%) және ата-ананың сенімін ақтауға (30,5%) мүмкіндік береді.

Десе де ЖОО-ға түсіп, диплом алу өмірлік мақсаттарға жетудің құралы емес, өзіндік мақсат ретінде көрінетінін айта кету керек. Жастардың жауаптарына сүйенсек, жоғары оқу орындарына түсудің өзі – жастар үшін біршама деңгейде табысты болудың көрсеткіші. Мәселен, респонденттердің 35,6%-ы жоғары біліммен жұмыс табу жеңіл екендігіне сенімді болса, ал 30,8%-ы жұмыс табу қиындау деп көрсеткен. Осы себепті, жастар жұмысқа орналасудың негізгі факторы ретінде байланыстардың немесе достардың болуы (54%) маңызды десе, ал 48,2%-ы – кәсіби қабілеттілік, 43,6%-ы білім деңгейі қажет деп есептейді.

Отбасы құру мен некеге тұруды жастар өмірлік мақсаттарды

құрайтын маңызды да қажетті жағдай деп бағалайды. Респонденттердің 82,5%-ы келешекте өздерін отбасында көреді, өйткені неке ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген (52,8%) және ата-аналардың өз балаларына деген жауапкершіліктерін (23,6%) арттырады. Жастардың 5%-ының ғана некеге тұру материалдық мәселелерді шешеді деген тұжырымы қызығушылық танытады, өйткені күнделікті өмірімізде қыздар мен жігіттер көп жағдайда материалдық себептерге байланысты тұрмысқа шығады немесе үйленеді деген пікір қалыптасқан.

Мансап құру – жастар үшін ең тартымсыз мақсаттардың бірі, ол респонденттердің 35,7%-ына ғана маңызды. Аталған көрсеткіште мемлекеттік басқару жүйесінде жұмыс істегісі келетіндердің үлесі (38,5%) мен жекеменшік секторда жұмыс істегісі келетін жастардың азғантай саны (30,9%) арасында корреляция бар екендігі назар аударуға тұрарлық. Бұл корреляция шартты болуы мүмкін екендігін ескеру керек, алайда еліміздегі мемлекеттік және жекеменшік секторлар көп дәрежеде мансаптық жолмен өсуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жекеменшік сектор жоғары табыс алу сияқты негізгі міндетті қанағаттандыруға жағдай жасайды. Өйткені зерттеуге сәйкес жастардың басым бөлігі жұмыс таңдау кезінде ең алдымен табысқа/жалақыға (83,5%) басымдық берсе, респонденттердің 22,8%-ы жұмыстан қанағаттану сезімі, ал 20,2%-ы адамдармен жұмыс істеу мүмкіндігі ынталандырады. Сол себепті, жастардың 5,6%-ы үкіметтік емес ұйымдарда жұмыс істегісі келеді.

Зерттеу жұмысы қазіргі жастардың табыс жөніндегі түсінігі отбасы құру, білім алу және жоғары табыспен байланысты екендігін көрсетті. Олар көп жағдайда сыртқы стимулдарға – материалдық игілікке бағытталған, ал мансапқа қызығушылық аз деңгейде. Жастардың көзқарасы тұрғысынан «өмірде не қажеттігін айқын білгенде» (71,3%) және «айналасында арқа сүйейтін адамдар болса ғана» (43,3%) өмірде табысқа жетуге болады.

Сауалнамаға сүйенсек, жастарда өмірлік жоспарларының белгілі бір сатысы бар (мектепті бітіру, ЖОО-ға түсу, жұмыс істеу, отбасы құру), ал оларды жүзеге асыру көп жағдайда отбасының көмегін, сондай-ақ бейресми байланыстарды қажет етеді. Біз мұндай ұстаным жастардың өздері белгілеген мақсаттарды жүзеге асыру ықтималдығын арттырғысы келетінінен деп болжам жасаймыз, өйткені олар екінші тараптың, ең бастысы ата-аналардың қолдауына сенімді. Осы орайда бұл қыздар мен жігіттерге өздерінің алдына қойған мақсаттарына тез әрі жеңіл қол жеткізуге болатындай көрінуі мүмкін.

Осыған байланысты зерттеу жұмысы қазіргі кезеңде қазақстандық жастар үшін ең алдымен қандай адам болғысы, қандай қасиеттерге ие болғысы келетіні маңызды, білім алу, отбасы құру, мансаппен өсу сияқты нақты мақсаттарды олар екінші және үшінші кезекке қоятынын, жастар үшін олардың маңыздылық деңгейі төмен екендігін көрсетті. Бір жағынан, мансаптық өсу жастар үшін соншалықты тартымды емес екенін ескерсек, жоғары білім мансапқа жетудің емес, шын мәнінде жоғары табыс алудың құралы екендігін байқауға болады, ал екінші жағынан, білімнің өзі белгілі бір жас топтары үшін табыстың көрсеткіші болып отыр. Сонымен қатар сауалнама көрсеткендей, жастар үшін отбасы құру сияқты мақсаттың маңыздылығы жоғары. Респонденттердің басым бөлігі келешекте өздерін отбасында көреді. Басқа белгіленген мақсаттармен салыстырғанда, мансапқа аз қызығушылық танытқан, бүгінде жастардың 35,7%-ы ғана мансап құруды көздейді. Көп жағдайда жастарды қызметтегі жоғары табыс қызықтырады.

1.2 Білім және өзін-өзі дамыту жоспарлары

Фокус-топтарда өткен пікірталастарға сүйенсек, жастар өз өмірлік мақсаттарын құру кезеңінде бірінші кезекке ең қалаулы ретінде өте жоғары позицияларды таңдайды, яғни олар алдымен өз талпынысының деңгейін анықтағаннан кейін ғана, өз мүмкіндіктерін талдайды. Осыған орай аталған тарауда зерттеуге тұрарлық бірқатар мәселелер бар. Біріншіден, жастардың білім алуға деген көзқарасы қандай? Қазақстандық жастар білім алуға ынталы ма? Білім жастар үшін жоғары ақы төленетін жұмыс табудың және қоғамда жоғары әлеуметтік мәртебені бекітудің құралы болып табыла ма?

Сауалнама көрсеткендей, қазіргі кезде респонденттердің 30,8%-ы орта немесе арнаулы орта білім беру мекемелерінде, 16,7%-ы жоғары оқу орындарында, 0,8%-ы магистратурада білім алуда, сұралғандардың 51,7%-оқуды бітірген, мамандық алып, жұмыс істеуде. Қазіргі кезде мектепте оқитындар мен арнаулы орта білім алушылардың арасында респонденттердің 83%-ы жоғары білім алғысы келеді, ал 16,9%-ы жоғары оқу орындарында оқығысы келмейтінін білдірген.

Ауыл/қала бөлінісінде жоғары білім алуға және оқуды жалғастыруға қатысты қызықты жағдай байқалады. Мәселен, ауылдағы өз қатарлас құрдастарымен салыстырғанда (17%), мектепті аяқтаған соң, қалалық жастардың 32%-ы оқуды жалғастырғысы келетінін жоспарласа, қалалық жастардың 84,9%-ы, ауылдық жастардың 80,9%-ы жоғары

білім алғысы келетінін байқатты. Жоғары білім алуға деген ең жоғары құштарлық деңгейін респонденттердің 87,4%-ы, жоғары құштарлықты 35,4%-ы және 52%-ы құштарлы екендіктерін көрсетті.

Жастардың жоғары білім алудан бас тартуының негізгі себептеріне мыналар жатады: қаржының жетіспеушілігі (42,3%), оқығысы келмейтіні (28,8%) және оның болашақта бар игілікті қамтамасыз етеді дегенге сенімсіздік білдіруі (26,9%). Жоғары білім алуға құштарлық танытқан жастардың арасында жұмысқа орналасуға үлкен мүмкіндік беретін диплом алу факторы басым (72,3%).

3-диаграмма. Жоғары білім алудың себептері



Сауалнама жас қазақстандықтардың жоғары білім туралы диплом алуға деген құштарлығын көрсетті, диплом олар үшін дербес құндылықтық мәртебесі бар, әмбебап мәнге ие. Диплом білімнен де маңызды бола түсті, шын мәнінде оны көп жағдайда жоғары табыс алумен байланыстырады. Қаржының жетіспеушілігі ғана жоғары білім алуда кездесетін кедергі болуы мүмкін.

Білім алғысы келетіндер негізгі себеп ретінде жоғары біліммен жұмысқа тұру жеңіл дегенді көрсетсе де, жұмысқа орналасу үшін білімдерінің жеткіліктік деңгейіне қатысты респонденттердің пікірі екіге жарылды. Мәселен, 35,6%-ы жұмысты оңай табатынына сенімді болса, 30,8%-ы жұмыс табу қиындау дейді; ал 15,1%-ы жұмысқа табысты тұру үшін білім алу қажет деп санайды. Респонденттердің 3,4%-ы жұмыс іздеу кезінде оң нәтиже шығатынына мүлдем сенбейді. ЖОО дипломдарымен жақсы

жұмысқа тұру мүмкіндігі қала жастарынан (66,4%) гөрі ауылдық жастар (80%) үшін маңызды.

2-кесте. Сіз қазіргі біліміңізді ескере отырып, ... деп санайсыз ба?

Жауап нұсқалары	Көлемі	Пайызы
Жұмыс табу оңай	356	35,6
Жұмыс табу қиындау	308	30,8
Мүлдем таба алмаймын	34	3,4
Жұмысқа тұру үшін, білім алу керек	151	15,1
Жауап беруге қиналамын	151	15,1

Осыған қарамастан, студенттердің үштен бірі өз үлгерімдерін «жоғары» деп бағаласа, жартысынан астамы (үштен екісі) «орташа» деп бағалаған. Оқушылар мен колледжде білім алушылардың орташа үлгерімі өз бағалаулары бойынша бес балдық көрсеткіш бойынша 4,4 балды құрайды, респонденттердің төрттен бірі «өте жақсы» және жартысынан көбі «жақсы» деген бағаға оқиды.

3-кесте. Соңғы оқу жылындағы орташа балл, %

Жауап нұсқалары	Мектеп/ колледж	ЖОО/ магистратура
Өте жоғары	3,2	8,6
Жоғары	27,9	37,1
Орташа	58,9	52,0
Қанағаттандырыллық	9,7	1,7
Төмен	0,3	-
Өте төмен	-	0,6


Осы себепке байланысты болар, білім алушылардың басым бөлігі өз оқу күндерін жеңіл әрі күрделі емес деп сипаттаған. Оқушылар, жоғары оқу орындары мен колледж студенттерін қоса алғанда, респонденттердің төрттен бірінен астамы өз оқу күндерін тек біршама деңгейде ауыр деп есептейді. Мәселен, сауалнамаға сәйкес, қазақстандық оқушылардың үй жұмысын орындауға жұмсайтын орташа уақыты – 2 сағат; 41,9%-ы өзіндік білім алуға күніне 2 сағат уақытын; 36% күніне 3 сағаттан 4 сағатқа дейін уақытын арнайды. Студенттердің 41,7%-ы өзіндік жұмысқа күніне 1-2 сағат және 34,3%-

ы күніне 3-4 сағат уақытын жұмсайды.

4-кесте. Сіздің ойыңызша, Қазақстандағы білім сапасы қандай?

	Өте жақсы	Жақсы	Нашар	Өте нашар	Жауап жоқ/білмеймін
Бастауыш білім	20,7	71,6	5,6	0,9	1,2
Орта білім	16,0	72,6	7,8	1,6	2,0
Арнаулы орта білім	14,2	65,0	12,2	1,5	7,1
Жоғары білім	15,4	61,0	12,8	1,3	9,5
Жоғары оқу орнынан кейінгі білім	14,1	57,0	10,1	1,7	17,1

Жалпы, жастар білімнің сапасын оң бағалайды: 57%-дан 72,6% аралықты қамтитын респонденттердің басым бөлігі «жақсы» деп



бағалаған. Бірақ сонымен бірге сауалнамаға қатысушылардың 57,3%-ы «білім беру жүйесіне бірқатар реформа жүргізу қажет» деп есептесе, 26%-ы ауқымды реформа жүргізу қажеттігін көрсеткен, ал респонденттердің 8%-ы білім беру жүйесіне өзгерістердің қажеті жоқ деп есептейді. Осыған орай жастардың 47,6%-ы шет елдерде білім алу немесе шетелде ішінара оқу мүмкіндігін таңдауы мүмкін. Жергілікті білімге респонденттердің 17,7%-ы басымдық берсе, 9,9%-ы жауап беруге қиналған. Ауыл жастарының қала жастарынан ерекшелігі олар жергілікті білімге дауыс берген (сәйкесінше 30% және 20,6%).

4-диаграмма. Сізге таңдау берілген жағдайда нені тандар едіңіз?

Жастар білім алу үшін басым түрде Ресей, АҚШ, ЕО елдері мен Қытайды таңдаған. Орыс этникалық тобындағы жастардың Ресейде, ал қазақ жастарының Батыс елдері (ЕО елдері), АҚШ және Қытайда білім алуға деген құштарлығы қызығушылық танытады.

5-кесте. Егер Сізге шетелде білім алуға мүмкіндік берілсе (оқуыңызды жалғастыру үшін), қай елді таңдар едіңіз?

Жауап нұсқалары	Барлық іріктеу		Ұлттар бөлінісінде	
	Көлемі	Пайызы	Қазақ	Орыс
Ресей	296	29,6	16,0	56,2
Америка Құрама Штаттары	237	23,7	28,7	14,6
ЕО елдері	163	16,3	19,5	10,4
Қытай	146	14,6	17,0	8,4
Орталық Азия елдері	52	5,2	7,1	1,3
Оңтүстік Корея	2	0,2	0,3	-
Түркия	2	0,2	0,3	-
Малайзия	1	0,1	0,2	-
Сингапур	1	0,1	0,2	-
Ешқандай	6	0,6	0,8	0,3
Жауап беруге қиналамын/Жауап жоқ	94	9,4	10,0	8,8
Барлығы	1000	100,0	100,0	100,0

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, көбінесе білімнің сапасына емес, оқу ақысының өсуіне байланысты жастардың көңіл толмаушылығы орын алған. Сонымен қатар жемқорлық мәселесіне жастардың көзқарасы біржақты емес. Мәселен, ЖОО студенттерінің арасында 30,9%-ы және оқушылар мен колледж білім алушыларының 38,6%-ы жемқорлық фактілерін теріске шығарған, ЖОО студенттерінің 32%-ы және 22,7%-ы кейде мұндай жағдайлардың орын алатынын мойындаған. Соған қарамастан, жастардың пікірінше, орта және арнаулы орта білім беру, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру салаларында аз да болса, сыбайлас жемқорлық кездеседі.

6-кесте. Сіз баға мен емтихандарды «сатып алу» жағдайлары кездеседі дегенмен келісесіз бе?

Жауап нұсқалары	Мектеп/колледж оқушылар (308 респондент)	ЖОО студенттері (175 респондент)
Иә, үнемі дерлік	8,4	9,7
Иә, кейде	22,7	32,0
Иә, сирек	20,5	20,6
Жоқ, мүлдем кездеспейді	38,6	30,9
Жауап беруге қиналамын /Жауап жоқ	9,8	6,8
Барлығы	100,0	100,0

Қорыта келгенде, қазақстандық жастар үшін жоғары білім алу маңызды әрі елеулі фактор екендігін байқауға болады. Оның үстіне зерттеу нәтижелері жастардың жоғары білім алуға деген ынтасының жоғары деңгейін көрсетті. Бірақ жастардың басым бөлігіне оқу үдерісіндегі білім емес, диплом алу фактісі тартымды екендігін айта кету керек. Сондықтан жастар оқу орындарынан тыс жерлерде білім алуға уақытын көп жұмсай бермейді, бірақ ЖОО-да оқитын студент респонденттердің жартысынан астамы (53,7%-ы) өз білім деңгейін «орташа», 45,75%-ы «жоғары» және «өте жоғары» деп бағалаған. Жастар елдегі білім беру жүйесі мен білім сапасын оң бағаласа да, респонденттердің жартысынан көбі таңдау мүмкіндігі берілген жағдайда шетелде білім алуға басымдық берген.

Жалпы, еліміздегі мамандар білім беру саласында кездесетін жағдайлар келешекте жоғары білікті әрі ғылыми аясы тар мамандардың тапшылығының күшеюіне жол ашатынына алаңдаушылық білдіреді. Олардың айтуынша, студенттердің елеулі бөлігі ЖОО-ны немесе арнаулы орта білім беру мекемелерін бітірмей тұрып, басқа мамандық пен салада жұмыс істейтінін біледі, ал бұл оқыту мен алынатын білімге сұраныстар мен талаптардың азаюын білдіреді. Оның үстіне ЖОО түлектерінің өз мамандықтары бойынша болашақ жұмыс орнына деген көзқарасы белгісіз деген пікір қалыптасқан.

Соған қарамастан, сауалнама көрсеткендей, қазіргі кезде жалпы жұмыс істейтін жастарды алсақ, яғни жас қазақстандықтардың 43%-ы мен 44,7%-ы өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді, 20,9%-ы алған мамандығына біршама деңгейде байланысты жұмыспен айналысады, 24,2%-ы алған мамандықтары бойынша жұмыс істемейді. Респонденттердің 31,7%-ы оқу кезінде кәсіби тағылымдамадан/тәжірибеден өткен. Бірақ сауалнама мәліметтеріне сүйенсек, жұмыс іздеу кезінде білімнің бастапқы мәні жоқ. Сондай-ақ шетелдік тәжірибенің де (оқу, тағылымдама, тәжірибе), жастардың пікірінше, әсері жоқ, осы фактордың маңыздылығын респонденттердің 17,5%-ы ғана көрсеткен.

Жастардың арасында «жоғары білім туралы диплом жұмысқа тез орналасуға мүмкіндік береді» деген түсінік басым болуына қарамастан, жұмыс іздеу кезіндегі маңызды фактор кәсіби дағдылар, не шетелдік тағылымдамалар емес, бейресми каналдар – байланыстар/достар болып табылады. Осыған байланысты жоғары білім мен кәсіби білім жұмысқа тұрудың құралы және өмірлік жоспарларды табысты жүзеге асырудың кепілі болып табылмайтынын болжауға болады.


1.3. Отбасы және неке

Жалпы, зерттеудің бұл бөлігінде жастардың отбасы институтына деген көзқарасын зерттеуге баса мән беріледі. Қазір отбасы институты түрленіп келеді, отбасының өмір сүру үлгісінің ауысуына байланысты неке қатынастарын құру формалары да өзгеруде. Әрине, аға буын бір отбасылық үлгі бойынша өмір сүрді, олар дәстүрлі отбасы мәдениетін тасымалдаушылар болып табылады, ал қазір олардың орнын басқа үлгілер басып отыр. Өзге де зерттеулер көрсеткендей, қазіргі кезде дәстүрлі отбасы мен оның балама формалары болса да, жастар үшін отбасының құндылығы мен маңызы жоғалған емес. Мәселен, ер азаматтың бірнеше жанұясы болуы; балаларын жалғыз асырап отырған аналар және т.б. Жастардың отбасы және неке институтына қатысты пікірлерін қарастырмас бұрын, алдымен олардың ата-аналармен қарым-қатынасы сипатын қалай бағалайтынына назар аударайық.

Ата-аналарымен қарым-қатынас

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, жастардың ата-аналарымен тығыз байланысы байқалады. Шешім қабылдау кезінде респонденттердің 31%-ы аналарымен, ал 37,4%-ы әкелерімен ақылдасады. Жалпы, ата-аналарымен бірге шешім қабылдайтын респонденттердің үлесі 54,4%-ды құрайды, 10,6%-нда шешімді тек ата-анасы, 32,3%-ында шешімді жастар өз бетінше қабылдайды. Фокус-топтағы пікірталастар да жастардың өміріндегі ата-аналардың рөлін айқын көрсетті.

5-диаграмма. Сіздің өміріңізде маңызды шешімдерді кім қабылдайды?



Балалар мен ата-аналар арасындағы қайшылықтар үлкен емес, жастардың 48,8%-ы бір-бірімізді жақсы түсінеміз десе,

45,8%-ы кейде ата-аналарымен пікірлері бір жерден шықпаса да, тату қарым-қатынастамыз деп есептейді. Көп жағдайда ата-аналар мен балалар арасындағы өзара түсіністік өз қаржы жағдайларын жоғары бағалаған топта қалыптасқан, жастардың 65,2%-ы өз қаржылық жағдайын «өте жақсы» деп бағалап, бір-бірін өте жақсы түсінетінін көрсеткен. Бірақ осы жағдайды төмен бағалаған сайын, соғұрлым олардың арасындағы өзара түсіністік те азая түскен. Мысалы, өз қаржылық жағдайын «нашар» деп бағалаған жастардың 24,6%-ы ата-аналарымен жақсы қарым-қатынастамыз, бір-бірімізді жақсы түсінеміз десе, 64,9%-ы бір-бірін түсінгенімен, көзқарастары бір жерден шыға бермейтінін көрсеткен.

7-кесте. Сіз кіммен тұрасыз? Жалғыз ба, ата-анаңызбен бе, серігіңізбен бе немесе достарыңызбен/туыстарыңызбен бе?

Жауап нұсқалары	Көлемі	Пайызы
Отбасы мүшелерімен бірге тұрамын (ата-ана, аға, әпке)	640	64,0
Жалғыз тұрамын	25	2,5
Баламмен/балаларыммен жалғыз тұрамын	14	1,4
Күйеуіммен/әйеліммен тұрамын	220	22,0
Серігіммен тұрамын (баламен/балалармен)	46	4,6
Достарыммен/туыстарыммен тұрамын	51	5,1
Жауап беруге қиналамын	4	0,4
Барлығы	1000	100,0

Көп жағдайда қыздар (51,5%) жігіттермен салыстырғанда (46%), ата-аналарымен жақсы қарым-қатынаста, бірақ айырмашылық соншалықты үлкен деп те айтуға болмайды. Осыған ұқсас жағдай қала/ауыл бөлінісінде де байқалады, қала жастарынан (46,8%) гөрі ауыл жастары (51,4%) ата-аналарымен жақсы түсіністікке ие. Этностық бөліністе, сауалнама мәліметтеріне сәйкес, қазақ ұлтының өкілдерінен (47,7%) гөрі орыс этностық тобының өкілдері (50,6%) көп жағдайда ата-аналарын жақсы түсінеді, мұнда да айырмашылық үлкен емес. Ел көрсеткіштерінен жас ерекшелігінде айырмашылық жоқ, әртүрлі жас тобындағы жастардың басым бөлігі ата-аналарымен өзара түсіністігі жақсы екендігін көрсеткен.

Сол себепті, Қазақстанда жас отбасының ата-аналарымен бірге

тұруы жиі құбылыс ретінде белгіленген, 25 жасқа дейінгі жастардың 64%-ы ата-аналарымен бірге тұрады, 25 жастан кейін олардың үлесі азайып, респонденттердің 33,9%-ын құрайды. Бұл ретте респонденттердің 30,9%-ы ата-анамен бірге тұрудың айрықша себептерін атамаған, 21%-ы практикалық түсінікпен бірге тұрады және 12,8%-ы себеп ретінде қаржы мәселесін көрсеткен. Арадағы өзара түсіністіктер, елеулі шиеленістер мен қайшылықтардың болмауы және басқа да бірқатар себептер жастардың ата-аналарымен бірге тұруына ықпалын тигізуде. Ата-аналардың көптеген тұрмыстық мәселелерді шешуі де осы факторлардың біріне жатады, сондықтан жастардың мойнынан жүк түсіп отыр.


Зерттеу көрсеткендей, ұрпақтар арасында жылы әрі сенімді қарым-қатынас орнаған, бұл респонденттердің өз ата-аналарымен қарым-қатынасын оң бағалауға әсерін тигізді. Респонденттердің жауаптарына сәйкес, өмір туралы ата-аналардың түсініктері мен жас буынның бойында енді туындап келе жатқан жаңа түсініктері арасында айтарлықтай қайшылықтар мен шиеленістер жоқ, олар бір-бірімен бейбіт көрші өмір сүруде.

Отбасы мен некеге көзқарасы

Жастар «бақытты отбасы» деп, махаббат пен қолдау патшалық құрған (46,3%), отбасы (әртүрлі ұрпақ) мүшелері арасында тығыз байланыс орнаған (24,1%), сондай-ақ балалары немесе келешекке деген сенімі бар және әл-ауқатқа ие отбасыны (12,5%-дан) қарастырады. Жастардың дені «отбасы» сөзін жағымды түсініктермен, атап айтсақ, сүйіспеншілікпен, өзара түсіністікпен, бақытпен байланыстырады.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, жастардың 82,5%-ы болашақта өздерін некеге тұрып, отбасын құрумен, ал 9,4%-ы серігімен және отбасылы болуды елестетеді. Серігінсіз және отбасынсыз болашақта өз өмірін респонденттердің 1,5%-ы (тек серігінсіз), ал баламен 0,9%-ы елестетеді. Сұралғандардың 5,7%-ы бұл сұраққа жауап бере алмаған. Қала/ауыл бөлінісінде елдер көрсеткіштерінен айырмашылық байқалған жоқ: келешекте некеге отырып, отбасылы болуды ауыл жастарының 88,7%-ы және қала жастарының 77,8%-ы (11,1%-ға кем) көреді. Бұл ретте неке мен отбасы мемлекеттік органдарда тіркеу қатынастары арқылы классикалық формада қарастырылады.

6-диаграмма. Сіздің ойыңызша, «бақытты отбасы» дегеніміз не?



Сонымен қатар жас респонденттерге «бақытты отбасы» терминіне қатысты ассоциациялар берілді. Сұрақтардың «түсініктер мен ассоциациялар» болып бөлінуі сауалнамаға қатысқан жастардың жауаптарын тестілеуге мүмкіндік берді. «Түсінік» көп жағдайда логикалық ойлауға немесе айналасындағы достарының, ата-аналарының, педагогтердің айтқан сөздеріне байланысты, ал «ассоциация» болса, санадан тыс және өзіндік сипатқа ие. Соған қарамастан, жастардың арасында «бақытты отбасы» терминіне қатысты ең танымал ассоциацияларға: сенім, өзара түсіністік (41,6%); балалар (30,6%); сүйіспеншілік (26,7%), әл-ауқат, игілік (19,7%); күйеуі/әйелі (9,6%); өз үйінің болуы (46%) жатады.

8-кесте. «Бақытты отбасы» сөзін естігенде, Сізде қандай ассоциация пайда болады? (респонденттердің үш жауап нұсқасын таңдауға құқы болды)


Жауап нұсқалары (респонденттерден жазып алынған)	Көлемі	Пайызы*
Сенім, өзара түсіністік	416	41,6
Балалар	306	30,6
Сүйіспеншілік	267	26,7
Әл-ауқат, игілік	197	19,7
Күйеуі, әйелі	96	9,6
Үй	60	6,0
Бір, тату отбасы	51	5,1
Денсаулық	41	4,1
Үлкендерге құрмет	8	0,8

Өзін-өзі жүзеге асыру және әрқайсысының даму мүмкіндігі	4	0,4
Бейбіт өмір	3	0,3
Өз болашағы	3	0,3
Әрқайсысы өзінше бақытты	3	0,3
Бәріне қамқор болу	2	0,2
Діни отбасы	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	146	14,6


**Солма 100%-ға тең емес, өйткені респонденттер бірнеше жауап нұсқасын таңдауы мүмкін*

Сонымен бірге отбасы құруға ең ыңғайлы жас, жастардың пікірінше, қыздар үшін – 22 жас, жігіттер үшін – 25 жас. Қыздар үшін ең төмен және ең жоғары жас – 16 мен 30 жас аралығы, жігіттер үшін – 16 мен 40 жас аралығы. Жалпы жігіттер мен қыздар арасында үйленуге ең ыңғайлы жас жайындағы пікірлері ұқсас: оның ішінде ең танымалы – 20 мен 25 жас аралығы. Сонымен бірге қыздардың төрттен бір бөлігі (25,1%) отбасы құру үшін 20 жасты ең ыңғайлы деп санаса, жігіттер арасында осы көзқарасты ұстанатындардың үлесі – 33,9%. Сондай-ақ отбасы құру үшін ең ыңғайлы 25 жасты қыздардың 17,8%-ы мен жігіттердің 12%-ы көрсеткен. Үйленуге ыңғайлы жас жөнінде екі жақтың пікірлері сәйкес келген. Ер және әйел жынысты респонденттердің басым бөлігі ыңғайлы жас деп 25 жасты есептейді (жігіттердің 33,5%-ы мен қыздардың 32,7%-ы), 23 жасты қыздардың 11%-ы, жігіттердің 11,2%-ы таңдаған. Ұлдардың 8,4%-ы мен қыздардың 11,4%-ы жігіттер 30 жасында отбасы құрғаны дұрыс деп санайды.

7-диаграмма. Респонденттердің жынысы бөлінісінде қыздар үшін отбасы құрудың ыңғайлы жасы



8-диаграмма. Респонденттердің жынысы бөлінісінде жігіттер үшін отбасы құрудың ыңғайлы жасы



Орташа есеппен алғанда, жастар үш бала болғанын қалайды, бұл ретте қазіргі ата-ана немесе әлі де ата-ана атанбаған жастар екі жыныстан да бала сүйгісі келетінін көрсеткен. Сонымен қатар респонденттердің басым бөлігі «екі» баланы (31,7%), «үш және төрт» деген нұсқаны, сәйкесінше респонденттердің 28,1%-ы және 19%-ы таңдаған. Болашақта бала сүйгісі келмейтін респонденттердің үлесі 1%-дан аспайды. Бала материалдық жағдайдағы қажеттіліктен бір саты төмен тұр.

9-кесте. Сіз отбасында қанша бала болғанын қалайсыз?

Балалардың жалпы саны

Балалардың орташа көлемі – 3

Ұл мен қыздардың саны

Жауап нұсқалары	Қыздар	Ұлдар
1	57,6	53,8
2	36,6	37,3
3	4,9	6,5
4	0,4	1,7
5	0,4	0,6
7	0,1	0,1
Барлығы	100,0	

Бұл ретте қазақ жастарының пікірлері екі, үш және төрт бала арасында азды-көпті мөлшерлес қалыптасты (сәйкесінше 29,2%, 29,5% және 24,5%), ал 9,9%-ы бес бала болғанын қалайды. Сонымен бірге орыс жігіттері мен қыздарының жартысынан астамы (53,6%) болашақ

отбасыларын екі баламен елестетсе, осы ұлт респонденттерінің 24,7%-ы үш бала, ал 8,4%-ы төрт бала өмірге әкелгісі келеді. Орыс жастарының арасында да (10,1%) бір баланы жоспарлайтындар көп (қазақтардың арасында – 2,8%).

Ауыл жастары қала жастарымен салыстырғанда, отбасында көп бала болғанды қалайды. Мәселен, ауыл жастарының 22,4%-ы төрт бала болғанын таңдаса, 31%-ы үш баланы, 33%-ы екі баланы, тек 2%-ы ғана бір бала сүюді қалаған. Сонымен қатар қалалық жастардың арасында төрт баланы респонденттердің 16,3%-ы, үш баланы 25,8%-ы, екі баланы 40,3%-ы, бір баланы 7,9%-ы жоспарлайтынын көрсеткен. Ұлт бөлінісінде баланың жынысына қатысты сұрақтың жауап нәтижелері барысында жастар екі жыныстан да бала сүйгісі келетіні анықталды және баланың жынысына айрықша басымдық берілмеген. Бұл мұсылман мәдениетінің өкілдерімен (қазақтар) қоса, православ мәдениетінің өкілдері (орыстар) үшін де өзекті. Гендерлік бөліністе де баланың жынысына қатысты айрықша басымдықтар жоқ.

10-кесте. Қалайтын бала саны (ұлт және тұрғылықты жері бөлінісінде)

Бала саны	Этникалық шығу тегі		Елді мекеннің типі	
	Қазақ	Орыс	Қала	Ауыл
1	2,8	10,1	7,9	2,0
2	29,2	53,6	40,3	33,0
3	29,5	24,7	25,8	31,0
4	24,5	8,4	16,3	22,4
5	9,9	1,0	5,7	9,0
6	1,3	0,3	1,1	0,7
7	0,8	1,0	0,9	0,7
8	0,3	-	0,2	0,2
9	0,2	-	0,2	-
10	0,5	-	0,5	-
15	0,2	-	0,2	-
Ешқандай	0,9	1,0	0,9	0,9

Жастардан әйелдердің қазіргі қазақстандық отбасындағы рөліне қатысты сұраққа жауап беруін ұсындық. Мәселен, респонденттердің 19,9%-ы әйелдер еркін әрі дербес, ер адамдарға тәуелсіз; 32,2%-ы еркек – отбасы тірегі, ал әйел оның шешімдеріне бағынуы тиіс; ал 36,5%-ы еркектер мен әйелдер отбасындағы ықпал ету саласын бірдей

бөліседі, олар тең құқылы деп жауап берген. Респонденттердің 9,1%-ы бүгінде отбасылық қатынаста жалпы қабылданған құндылықтар түбегейлі өзгерістерге ұшырауда деген тұжырыммен келіседі. Олардың пікірінше, қазір әйелдер отбасының басшысы ролін жиі атқарып жүр, ал еркектер олардың шешімдеріне бағынуда.

Әйелдердің отбасындағы рөліне қатысты сауалнамаға қатысқан жас жігіттер мен қыздардың пікірлері бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, қыздар арасында респонденттердің төрттен бірі (23,4%-ы) әйел еркін және еркектерден тәуелсіз деп санаса, ер азаматтардың арасында респонденттердің 14,6%-ы осыған ұқсас позицияны ұсынған. Сонымен бірге сұралған ер азамат респонденттерінің арасында «еркек отбасының басшысы міндетін атқарады, ал әйел оның шешімдеріне бағынуы тиіс» деген пікір басым (жігіттердің 37,9%-ы осындай пікірде, ал қыздар арасында бұл көрсеткіш 26,5%-ға тең). Осыған кері пікірді, яғни «әйел отбасының басшысы міндетін көптеу атқарады» деген пікірді сауалнамаға қатысқан ер азаматтардың 7,8%-ы және қыздардың 10,4%-ы қолдаған.

11-кесте. Сіз қазіргі әйелдердің қоғамдағы жағдайын қалай анықтар едіңіз?

Жауап нұсқалары	Барлық іріктеу		Жынысы бөлінісінде	
	Көлемі	Пайызы	Ер	Әйел
Әйел еркін әрі дербес, еркектерден тәуелсіз	190	19,0	14,6	23,4
Еркек отбасының басшысы міндетін атқарады, ал әйел оның шешімдеріне бағынады	322	32,2	37,9	26,5
Әйел отбасының басшысы міндетін жиі атқарады, ал еркек оның шешімдеріне бағынады	91	9,1	7,8	10,4
Әйел қауқарсыз және құқығы жоқ	5	0,5	0,2	0,8
Еркек пен әйел отбасындағы ықпал ету салаларын бірдей бөліседі, құқығы тең	365	36,5	36,7	36,3
Жауап беруге қиналамын	27	2,7	2,8	2,6
Барлығы	1000	100,0	100,0	100,0

Ауыл жастары әйелдердің қоғамда өз бетінше өмір сүруіне, олардың тәуелсіздігіне аз деңгейде сенеді (16,3%-ы) және еркек пен әйелдің құқықтары бірдей деген пікірге көп тоқтайды (40%-ы). Қала жастарының арасында респонденттердің 21,1%-ы әйелдерді тәуелсіз әрі дербес десе, 33,7%-ы тең құқығы бар деп есептейді. Қазақ ұлтының өкілдері (40%-ы) көп жағдайда шығыстың патриархалдық жүйесіне тән құндылықтарды таңдайды: еркек отбасының тірегі;

әйел оның шешімдеріне бағынуы тиіс. Орыс ұлты өкілдерінің арасында респонденттердің 16,9%-ы осы жауапты таңдаған. Сонымен қатар қазақтардың 30%-ы мен орыстардың 48%-ы еркек пен әйелдің құқығы тең болуы тиіс, бірақ ықпал ету салаларын бөліседі дегенді алға тартады.

12-кесте. Әйелдердің отбасындағы рөлі (ұлттар бөлінісінде)

Жауап нұсқалары	Қазақ	Орыс
Әйел еркін әрі дербес, еркектерден тәуелсіз	17,0	24,0
Еркек отбасының басшысы міндетін атқарады, ал әйел оның шешімдеріне бағынады	40,0	16,9
Әйел отбасының басшысы міндетін жиі атқарады, ал еркек оның шешімдеріне бағынады	9,6	7,8
Әйел қауқарсыз және құқығы жоқ	0,5	0,6
Еркек пен әйел отбасындағы ықпал ету салаларын бірдей бөліседі, құқықтары тең	30,1	48,1
Жауап беруге қиналамын	2,8	2,6

Қала (33,7%) және ауыл (40%) респонденттерінің отбасылық өмірді міндеттердің бірдей бөлінуі ретінде қарастыруы қызықты жағдай: балаларды бірге тәрбиелеу, шаруашылық жүргізу, табыстың көлемін арттыру. Жастар отбасындағы теңдікті таңдайтынын айтуға болады. Жігіттер мен қыздар да (еркектердің 36,7%-ы мен әйелдердің 36,3%-ы) отбасылық қатынастарда тең құқықты және ерлі-зайыптылардың жауапкершілігін тануға негізделген серіктес үлгісін қолдайды. Осылайша, жастардың бірге тұрудың жаңа формаларын іздеу, еркек пен әйел одағының әртүрлі формасын құрудың жаңа жолдарын іздеу үрдістері байқалады. Неке міндеттемелерден еркін бола түсті, ресми некені қолдауына қарамастан, жастардың белгілі бір пайызы азаматтық некеге оң қарайды.

Сауалнаманың нәтижелері отбасы мен неке сияқты институттардың жастар үшін маңызы зор екендігін көрсетті және жастар оны болашақ ересек өмірдің маңызды компоненті ретінде қарастырады. Мәселен, 17 және 23 жас аралығындағы қыздар осы жас аралығындағы жігіттерге қарағанда, отбасы құруға анағұрлым дайын. Сонымен бірге ерлі-зайыптылар арасындағы міндеттердің ішінара алмасуы байқалады: қазір отбасыны көбіне әйелдер қамтамасыз етеді, олар мансап құрады, ал еркек үй ішіне жауапты.

Жалпы, сауалнама көрсеткендей, еркек пен әйелдің қарым-


қатынас құру сипаты жөнінде дәстүрлі көзқарасты ұстанатын жастардың белгілі бір үлесі қалыптасуына қарамастан, жастардың басым бөлігінде отбасында гендерлік рөлдердің бөлінуіне қатысты жана көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, еркектер мен әйелдердің әлеуметтік рөлі әртүрлі болғанымен, құқықтары бірдей, әйел еркін әрі дербес, еркектерден тәуелсіз. Мұндай көзқарас елде экономикалық тұрғыдан тәуелсіз әйелдер санының өсуіне байланысты пайда болды, сондықтан отбасыға қатысты жастардың көзқарастарының өзгеруі – белгілі жайт.

2. Құндылықтық бағдарлары мен бірегейлігі

Қазіргі жастардың өмірлік бағдарлары арасында құндылықтар жүйесі маңызды рөл атқарады. Оның негізін іс-әрекеттері құрайды және ол өз өмірлік жағдайларының қатынастарында көрінеді. Әрине, қоғамда кеңестік кезеңде қалыптасқан бірыңғай құндылықтар жүйесі өзгеріске ұшырап жатыр. Әртүрлі әлеуметтік топтар мен тұрғындардың әртүрлі санаттары (мысалы, жас ерекшеліктері топтары) әртүрлі базалық қағидаттары негізінде өзіндік құндылықтық иерархияны құруда немесе қалыптастыруда. Осыған байланысты ел жастарына қандай құндылықтар маңызды деген сұрақ қызығушылық тудырады.

Зерттеу көрсеткендей, жастар материалдық және «рухани» құндылықтарға бейімделген. Жастар «абыройды жоғары ұстауды» ең маңызды құндылыққа (83%) жатқызса, одан кейін «әлеуметтік мәртебе» (37,2%) және «әл-ауқат» (35,8%) пен «әділдік» түр. «Перифириялық немесе жатсыну құндылықтары» тобына «жанашылдық рух» (әртүрлі идеялар ұсыну және оны қабылдау) – 14,4%, «әскери дайындығы» (мақсат пен міндеттерге қол жеткізу үшін күрес) – 16% және «тиянақтылық» – 10,7% кірген.

9-диаграмма. Қазақстандықтар жоғары бағалайтын қасиеттер



«Ар-намысты жоғары ұстау» қасиеті орыс (62,3%) және қазақ жастары (59,2%) үшін маңыздылығы бойынша бірінші орынға шықты. Екінші және үшінші санаттарға келер болсақ, қазақ және орыс жастарының пікірі екіге жарылды. Қазақ жастары екінші орынға «әлеуметтік мәртебені» (23,2%), одан кейінгі орынға «әл-ауқатты, басқаның қамын ойлау мен адалдықты» (осы жауаптарды таңдаған респонденттердің үлесі 10%-ға жуық немесе одан сәл көптеу) қойса, орыс жастары «адалдық» (20,5%) пен «әлеуметтік мәртебе» (19,2%) сияқты екі қасиетті таңдаған. Орыс жастарына маңыздылығы бойынша үшінші қасиет – «әл-ауқат» (15,6%) пен «төзімділік» (13%) құрайды.

13-кесте. Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер (ұлттар бөлінісінде)

	Маңыздылығы бойынша бірінші қасиет		Маңыздылығы бойынша екінші қасиет		Маңыздылығы бойынша үшінші қасиет	
	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс	Қазақ	Орыс
Ар-намысты жоғары ұстау	59,2	62,3	13,8	13,3	11,3	5,2
Әлеуметтік мәртебе	8,5	3,2	23,2	19,2	9,4	5,2
Басқаның қамын ойлау	3,9	1,0	12,9	6,8	10,0	8,8

Әл-ауқат	8,5	9,7	16,6	12,7	9,7	15,6
Төзімділік	1,6	3,2	5,3	10,7	8,5	13,0
Батылдық	2,7	1,6	6,1	5,5	8,2	7,8
Тиянақтылық	2,0	2,9	3,8	3,6	5,2	3,9
Жаңашылдық рух	1,9	0,3	3,9	3,6	6,0	7,5
Адалдық	8,0	10,1	9,4	20,5	10,2	14,3
Өз ісіне берілгендік	3,8	5,5	4,9	4,2	8,8	10,7
Жауап беруге қиналамын	-	-	-	-	12,7	8,1

Қала жастары ең үздік үш қасиет ретінде «абыройын жоғары ұстау», «әлеуметтік мәртебе» мен «әл-ауқатты» таңдаған. Ауыл жастары болса, «ар-намысты жоғары ұстау», «әл-ауқат» пен «әлеуметтік мәртебені» көрсеткен. Қала жастары үшін «әлеуметтік мәртебе» (25,8%) құндылыққа кірсе, ауыл жастары көбіне «әл-ауқатты» (18,8%) жоғары бағалайды. Алынған жауаптар барысында қалалық ортада отбасының әлеуметтік бірегейленуі маңызды екендігі, ал ауылдық ортада қай әлеуметтік топқа жататыны материалдық игілік сияқты қызығушылық тудырмайтыны анықталды.

14-кесте. Қазақстандықтар ең жоғары бағалайтын қасиеттер (қала/ауыл бөлінісінде)

	Маңыздылығы бойынша бірінші қасиет		Маңыздылығы бойынша екінші қасиет		Маңыздылығы бойынша үшінші қасиет	
	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл	Қала	Ауыл
Ар-намысты жоғары ұстау	61,8	57,9	14,3	13,3	6,3	12,7
Әлеуметтік мәртебе	5,2	9,5	25,8	17,4	9,0	6,8
Басқаның қамын ойлау	3,8	2,3	11,3	9,7	9,5	9,0
Әл-ауқат	7,9	10,2	12,7	18,8	12,4	10,4
Төзімділік	1,4	2,7	6,1	8,4	10,2	10,0
Әскери дайындық	2,0	2,5	5,2	6,6	7,5	8,6
Тиянақтылық	3,0	1,6	4,1	2,9	6,3	2,7
Жаңашылдық рух	1,3	1,6	4,3	3,4	6,6	6,3
Адалдық	9,0	7,9	11,8	14,5	11,3	13,1
Өз ісіне берілгендік	4,7	3,8	4,3	5,0	8,1	11,5
Жауап беруге қиналамын	-	-	-	-	12,9	8,8

Жастар ұстанымында, бір жағынан, материалдық және рухани масылдық, екінші жағынан, өз өміріне жауаптылықты алуы байқалады. Сауалнама көрсеткендей, жастардың негізгі арқа сүйейтін тірегі,

қаржы тұрғысынан ғана емес, келешекте өз өмірлік жоспарларын құрып, жүзеге асыруда көмекке жүгінетін ата-аналар болып табылады.

15-кесте. Мына тұжырымдармен қаншалықты келісесіз.

	<i>Толығымен келісемін</i>	<i>Дұрысы, келісемін</i>	<i>Біршама деңгейде келісемін</i>	<i>Дұрысы, келіспеймін</i>	<i>Мүлдем келіспеймін</i>	<i>Жауап беруге қиналамын</i>
Бір нәрсеге қол жеткізу үшін өмірде не қалайтыныңды нақты білуің керек	71,3	19,7	6,2	1,9	0,4	0,5
Тәуекелге бел бумасаң, ештеңеге қол жеткізе алмайсың	34,4	38,4	19,6	5,7	1,0	0,9
Айналаңыздағы адамдарға қамқор болсаңыз, түбінде бір жақсылығы болады	30,6	35,4	23,8	6,3	1,1	2,8
Өмірде мақсат қоюдың мәні жоқ, өйткені қазір айқын ештеңе жоқ	8,4	15,9	20,4	34,9	18,3	2,1
Қоғамда адамгершілік құндылықтар болуы тиіс, әйтпесе ол өмір сүрмейді	45,6	31,6	14,9	4,6	1,1	2,2
Қазіргі кезде адамдар өз қайғысын өзгелермен бөлісе алмайды	12,5	21,5	27,7	28,1	7,4	2,8
Адамдар тағдырға сенуі және өмірдің берген барлық сыйын қабылдауы керек	22,6	33,8	23,2	14,3	4,0	2,1
Сіздің айналаңызда өзіңіз арқа сүйейтін адамдар болуы керек	43,3	36,1	14,0	3,7	1,3	1,6
Достың бірнешеу болғаны дұрыс және өзіңіз қалаған нәрсенің бәрін жасаңыз	13,8	19,7	29,2	26,0	8,7	2,6
Адамдар мансап құруға мән беруі тиіс, қалғаны екінші кезектегі нәрселер	8,8	19,1	23,6	33,3	12,1	3,1
Өмір – күрделі құбылыс, сондықтан оқшауланған дұрыс	6,6	12,2	17,5	33,5	27,0	3,2
Қоғамда болып жатқан оқиғаларға қызығушылық білдіру – өмірімнің маңызды бөлшегі	17,7	37,5	26,9	9,8	4,7	3,4
Өмірдегі ең ақылға қонымды нәрсе – жай ғана өмір ағысымен жүзу	8,7	20,3	20,2	25,2	23,0	2,6
Сенім мен дәстүрлерге берік болу	19,8	37,9	26,1	9,6	2,6	4,0

Қазіргі кезде жастардың арасында материалдық құндылықтар өзекті болып отыр: сауалнама көрсеткендей, алғашқы үштікке


өмірлік мақсат-мұраттардың нышанын көрсететін материалдық құндылықтар басым екендігі байқалады («әл-ауқат» пен «әлеуметтік мәртебе»). Қазақстандық болмыста әлеуметтік мәртебе әлі күнге дейін материалдық критерийлермен өлшенеді, ал бұл сатыда рухани құндылықтар материалдық құндылықтан кейін орналасқан. Дәстүрлі құндылықтар, атап айтсақ, патерналистік құндылықтар бұл тізімнен түпкілікті шығарылмағандығын айта кету керек. Отандық саясаткерлер мен әлеуметтанушылар дайындаған зерттеулер көрсеткендей (оның ішінде, «Молотов коктейлі. Қазақ жастарының анатомиясы». - Алматы, 2014. 98-100 бб.), жастардың арасында «мемлекет көмектесуі керек» деген түсінік белең алған. Осыған орай еңбек авторлары қазіргі жастар өз күші мен мүмкіндіктерін өте төмен бағалайды деген қорытындыға келген.

2.1 Сенім мен төзімділік

Қазақстан жастарының жаңа шындықтарға бейімделуінің басты көрсеткіштері ретінде бірінші кезекте айналасындағы адамдарға (туыстары, достары), сондай-ақ бейтаныс адамдарға сенім деңгейі, екіншіден, төзімділік деңгейі шығып отыр. Зерттеуде ұсынылған сенім деңгейін біз ең алдымен бейтаныс адамдарға сенімі арқылы қарастырамыз, бұл ғылыми әдебиеттерде көбінесе «жалпылама» сенім делініп жүр. Ғалымдардың пайымдауынша, сенімнің бұл түрі жалпы қоғамның сенім мәдениетін көрсетеді (Штомка, 2012). Екіншіден, өзіне жақын адамдарына (отбасы, туыстары, достары), үшіншіден, әріптестеріне немесе көршілеріне сенімі (қоғамдық немесе тұйық сенім деңгейі). Ал төзімділік деңгейін қоғамдағы әртүрлі бөлінулер арқылы қарастырамыз. Мысалы, таптық бөліну; әлеуметтік бөліну (сексуалды аз топтар, оралмандар сияқты әлеуметтік топтарға көзқарасы); тарихи тұрғыдан қазақ халқына тән жүзге бөлінуі.

Мәселен, сауалнама жүргізу кезінде «Қандай болмасын топтағы адамдарға (туыстары, достары, көзқарастары ұқсас немесе діни көзқарастағы адамдар) қаншалықты деңгейде сенесіз?» деген сауалға жастардан 1-ден 10-ға дейінгі көрсеткіш бойынша бағалауды сұрадық, мұндағы 1 – сенімнің ең төмен деңгейін, ал 10 – ең жоғары деңгейін білдіреді. Нәтижелерге сәйкес, респонденттер өз отбасы мүшелеріне көп (орташа бағасы – 9,59%), ал діни және саяси көшбасшыларға аз (орташа бағасы – 5,8%) сенім деңгейін көрсеткен. Жастардың өз туыстары мен достарына сенімі өте жоғары деңгейде (сәйкесінше 9% және 8,3%). Қалған топтарға (курстастар, көршілер, басқа сенімдегі немесе ұлттың адамдары) жастар орташадан көп сенім деңгейін байқатты (6,1%-7,1%). Тұлғааралық сенімнің жоғары деңгейі байқалды, жастар көп жағдайда өздері жиі қарым-қатынасқа түсетін адамдарға сенім көрсетеді.

10-диаграмма. Респонденттердің жекелеген адам топтарына сенімінің орташа балы



Ауыл жастары қала жастарынан гөрі сауалнамада көрсетілген барлық топтарға, оның ішінде діни (6,49%, қала – 5,31%) және саяси көшбасшыларға (6,5%, қала – 5,23%), басқа ұлт өкілдеріне (6,99%, қала – 5,64%), діни сенімі басқа адамдарға (7,08%, қала – 5,75%) әлдеқайда сенімді қарым-қатынасты көрсетті. Басқа бөліктерде ел жастары тізімде көрсетілген барлық топтар бойынша осындай жоғары сенім деңгейін байқатты. Облыстар бөлінісінде азғантай айырмашылықтар бар. Мәселен, Атырау облысының жастары өз ортасындағы басқа діни сенімдегі адамдарға (76,5%), діни (70,6%) және саяси көшбасшыларға (70,6%) жоғары деңгейде сенім білдіреді. Алматы облысының жастары да саяси (59,6%) және діни көшбасшыларға (34,2%) жоғары сенім деңгейін көрсетті. Сондай-ақ басқа облыстарда да жоғарыда аталған топтарға сенімнің деңгейі жоғары, бірақ сенім деңгейі 5-тен 10-ға дейінгі аралықта бағаланған, мұндағы 10 «толығымен сенемін» дегенді білдіреді.

16-кесте. Респонденттердің жекелеген адам топтарына сенімінің орташа балы

Жауап нұсқалары	Қала	Ауыл
Отбасы мүшелеріне	9,50	9,71
Туыстарына	8,63	9,18
Достарына	7,90	8,72
Көршілеріне	6,11	7,56
Сыныптастарына, курстастарына немесе жұмыстағы әріптестеріне	6,49	7,79

Өзің араласатын ортадағы діни сенімі бөлек адамдарға	5,75	7,08
Өзің араласатын ортадағы саяси көзқарасы бөлек адамдарға	5,54	6,82
Өзің араласатын ортадағы этникалық шығу тегі басқа адамдарға	5,64	6,99
Діни көшбасшыларға	5,31	6,49
Саяси көшбасшыларға	5,23	6,50

Әртүрлі әлеуметтік топтардың өкілдерімен көрші болу туралы сұраққа респонденттердің жауаптарынан сенімнің жеткілікті деңгейі байқалады. Мәселен, «Көршіңіз ретінде әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері қоныстанған жағдайда өзіңізді қалай сезінуші едіңіз?» деген сұраққа жауап алу барысында жастар дәстүрлі емес сексуалды бағдарындағы адамдарға жек көрушілік сезімін айқын білдіргені байқалады: респонденттердің 57,8%-ы өздерімен көрші гомосексуалды жұп тұрса, «нашар және өте нашар» деген көрсеткішті таңдаған.

17-кесте. Жекелеген тұрғындар тобымен көрші болуға ашықтығы

	Өте жақсы	Жақсы	Айыр-масы жоқ	Нашар	Өте нашар	Біл-меймін
Студенттік жұп	21,0	37,3	39,8	1,1	0,3	0,5
Зейнеткерлер	16,1	39,0	41,2	2,1	0,9	0,7
Гомосексуалды жұп	0,5	6,7	27,1	27,3	30,5	7,9
Оралман отбасы	2,1	16,3	60,9	14,0	4,6	2,1
Өзбектер отбасы	2,1	18,1	65,8	9,3	2,1	2,6
Ұйғырлар отбасы	2,4	18,1	65,9	8,8	2,1	2,7
Қырғыздар отбасы	2,3	18,4	64,8	9,9	2,1	2,5
Шешендер отбасы	2,1	16,5	64,4	11,0	3,7	2,3
Дүнгендер отбасы	2,0	17,2	66,4	8,6	3,1	2,7
Қытайлар отбасы	2,8	15,7	65,6	10,3	3,2	2,4

Этникалық бөліністе қазақтар (14,9%) мен орыстар (16,6%) сексуалды аз топтағы өкілдерімен аз деңгейде көрші болу ниетін байқатты. Ал студенттік немесе зейнеткерлер жұбымен көрші болуға оң көзқарасын білдірген. Сонымен қатар респонденттерден «Сіз кіммен көрші болғыңыз келмейді? (тізімі берілген жоқ)» деген сауалға жауап беруді сұрағанда, жастардың төрттен бірі көршілері маскүнем (25,7%), нашақорлар (17,8%), гомосексуалды адамдар (15,6%) және шуы көп адамдар болғанын қаламайтынын көрсеткен.

«Нашақорлар» мен «маскүнемдер» сияқты әлеуметтік топтарға


қатысты теріс көзқарасты жастардың аталған топтар тарапынан келетін шынайы және алдамшы қауіп-қатерлерге қорғаныс әрекеті ретінде қарастыруымыз керек. Сексуалды аз топтарға қатысты жастардың пікірі екіге жарылды: респонденттердің 33,4%-ы азаматтардың аталған санатына бейтарап көзқараста болса, 36,6%-ы оларды мүлдем қолдамайды. Жалпы жастардың басым бөлігі басқа сексуалды бағдарындағы адамдарға негізінен жағымсыз қарайды.

18-кесте. Басқа сексуалды бағдарындағы адамдарға Сіздің көзқарасыңыз қандай?

Жауап нұсқалары	Көлемі	Пайызы
Толығымен қолдаймын	20	2,0
Дұрысы, қолдаймын	14	1,4
Бейтарап	334	33,4
Дұрысы, қолдамаймын	196	19,6
Мүлдем қолдамаймын	366	36,6
Жауап беруге қиналамын/Жауап жоқ	70	7,0
Барлығы	1000	100,0

Дәстүрлі емес бағдардағы адамдарға бейтарап көзқарас мұсылман респонденттермен салыстырғанда, православ респонденттердің арасында байқалады. Православтардың арасында респонденттердің 44,6%-ы дәстүрлі емес сексуалды бағдарындағы адамдарға бейтарап көзқарас танытса, мұсылмандардың 42,1%-ы оларды мүлдем қолдамайды. Этникалық бөліністе орыстармен (45%) салыстырғанда, қазақтардың (60,4%) арасында азғантай басымдықпен теріс көзқарас байқалады.

11-диаграмма. Басқа сексуалды бағдарындағы адамдарға Сіздің көзқарасыңыз қандай? (Діни сенімі бөлінісінде)



Сондай-ақ өңірлік бөліністе де облыстар жастарының басым бөлігі дерлік сексуалды аз топтарға жағымсыз қарайтыны жөнінде қорытынды жасауға болады. Бейтарап көзқарас тек екі облыста – Алматы (66,7%) және Жамбыл (40,3%) облыстарында және Астана қаласында (44,2%) байқалған.

Сауалнама жауаптарын қарастыра келгенде, мұндай көзқарас сексуалды аз топтың өкілдерімен өзара қарым-қатынасында нақты немесе белгілі бір жағдайларға емес, негізінен қоғамда қалыптасқан белгілі бір дүниетанымдық көзқараспен байланысты туындауы мүмкін екендігін аңғаруға болады. Мәселен, дәстүрлі емес сексуалды бағдарындағы адамдарды қоғамның сенімсіз мүшесі ретінде қарау кең таралған. Өйткені тұлғааралық сенім қандай болмасын адамдармен белсенді қарым-қатынасы негізінде туындаса, «бөтен» немесе «басқа да бейтаныс жандарға» сенімі олар жайлы қоғамда қалыптасқан ақпаратпен тығыз байланысты. Сонымен бірге фокус-топтарға қатысқан жастар таңдауды әрқайсысына қалдыра отырып, сексуалды аз топтардың өкілдеріне әлдеқайда ізгі ниеттерін танытты.

Төзімділік деңгейін зерттеудің басқа критерийі таптық немесе әлеуметтік бөлінуге қатысты көзқарастар болып табылады. Мәселен, нәтижелерге сәйкес респонденттердің 65,1%-ы ешқандай таптық бөлінуді сезінбеген. Жастардың 14,8%-ы қысымды үнемі, ал 15%-ы кейде сезінеді. Әсіресе украин (100%), шешен (100%), башқұрт (66,6%) этникалық топтардың өкілдері қоғамдағы бөлінуге бетпе-бет ұшырауда, қазақтардың арасындағы респонденттердің үлесі 35,5%-ды, ал орыс этникалық топтың арасында 18,9%-ды құрайды. Облыстық бөліністе жастар таптық бөліну жоғары деңгейде сезілетін үш облысты анықтауға мүмкіндік берді: Атырау (94%); Павлодар (62,5%); Жамбыл облыстары (54,8%). Бірақ оны қандай салаларда кездестіретіні жайлы сауалға жауап беруден бас тартқанын айта кету керек.

19-кесте. Сіз қоғамдағы таптық бөлінуді сезінесіз бе?

Жауап нұсқалары	Пайызы	Қазақ	Орыс
Иә, барлық салаларда ұдайы және өткір сезінемін	14,8	17,0	10,1
Кейде сезінемін, әсіресе салада	15,0	18,5	8,8
Жоқ, еш сезінбеймін	65,1	59,7	76,0
Жауап беруге қиналамын	5,1	4,9	5,2
Барлығы	100,0		

Таптық бөліну қоғамдық орындарда (11,3%), білім (6%), сауда (4%) салаларында және жұмыста (2%) көп кездеседі. Бірақ респонденттердің басым бөлігі (74,6%-ы) кемсітушілік көріністерімен


қандай жағдайлар мен орындарда кездестіргенін атаудан бас тартты. Жігіттерге қарағанда, қыздар қатарластары тарапынан қоғамдық орындарда ар-намысына тиетін жағдайларға көп ұшырайды.

20-кесте. Дәл қай салада кездестірдіңіз? (Бұл сұраққа қандай болмасын салада таптық бөлінуді сезінетін респонденттер ғана жауап береді – 150 респондент (15,0%))

Жауап нұсқалары	Жалпы іріктеу		Жынысы бөлінісінде	
	Көлемі	Пайызы	Ер	Әйел
Қоғамдық орындарда	17	11,3	2,6	9,5
Білім беру саласында	9	6,0	3,9	4,1
Сауда саласында	6	4,0	1,3	2,7
Жұмыста	3	2,0	0,0	1,4
Қатарластары арасында	1	0,7	7,9	14,9
Саясат саласында	1	0,7	1,3	0,0
Қаржы саласында	1	0,7	0,0	1,4
Жауап беруден бас тарту	112	74,6	82,9	66,2
Барлығы	150	100,0	100	100

Қазақ ұлтының өкілдерінен және респонденттердің жеке өздеріне қазіргі қоғамда жүз бен тектің маңыздылығы жөніндегі сұраққа жауап беруді ұсындық. Алынған нәтижелерге сәйкес қандай болмасын жүзге/текке жататыны туралы сұраққа қоғамның көзқарасы бөлінген. Қазақ респонденттерінің 53%-ы елімізде қай жүзге, руға жататынының маңызы зор деп санайды. Сәйкесінше жартысынан азы, яғни 42,9%-ы қай жүзге жататыны мен тегінің маңызы жоқ деп көрсеткен.

12-диаграмма. Сіздің ойыңызша, елімізде қазақтардың қай жүзге немесе руға жататыны қаншалықты маңызды? (Бұл сұраққа тек қазақ респонденттері ғана жауап береді – 637 респондент)



Респонденттің жеке басы үшін де қай жүзге жататыны қаншалықты маңызды деген сұраққа алынған жауаптар да осыған ұсқас болды. Пікірлер екіге жарылды: 43,6%-ы жағымды жауап берсе, 51,5%-ы теріс бағалаған. Жастардың арасында кемсітушілік сирек кездеседі, көп жағдайда мүлдем ұшыраспайды десе де болады. Сонымен бірге нәтижелерге сәйкес, жастардың 3,1%-дан 5,7%-ға дейінгі аралығы сауалнамада берілген барлық жауап нұсқаларымен (кемсітушілікпен) өте жиі немесе жиі ұшырасады. Көп жағдайда басқа себептерге қарағанда, елімізде экономикалық жағдайына, білім деңгейіне, тілге, сонымен қатар діни сеніміне немесе этникалық шығу тегіне, жас ерекшелігіне байланысты кемсітушіліктер кездеседі. Сексуалды бағдары мен аймақтық шығу тегіне қатысты кемсітушілік аз деңгейде. Бірақ сауалнама көрсеткендей, жастардың көбісі басқа сексуалды бағдардағы адамдарға жиіркеніш сезіммен қарайды.

21-кесте. Сіз сауалнамада берілген себептерге байланысты кемсітушілікке ұшырастыңыз ба?

	Өте жиі	Жиі	Кейде	Сирек	Ешқашан	Білмеймін
Жынысы бойынша (ер/әйел)	1,8	2,2	8,7	8,7	77,0	1,6
Экономикалық жағдайы (кедей, бай)	0,8	4,9	12,0	16,1	64,9	1,3
Діні (православ, мұсылман, католик және т.б.)	0,6	3,9	6,9	10,7	76,0	1,9
Этникалық шығу тегі	0,5	3,7	8,6	10,0	74,3	2,9
Білім деңгейі (бастауыш, орта және т.б.)	1,1	4,5	8,5	13,2	70,8	1,9
Саяси көзқарасы	1,3	2,4	6,8	8,1	78,3	3,1
Шығу тегі (ауыл/қала)	1,0	3,3	9,4	13,1	71,2	2,0
Жасы	1,0	3,4	10,5	12,4	70,5	2,2
Сексуалды бағдары	1,1	2,8	4,8	3,4	84,1	3,8
Аймағы	0,6	2,5	7,7	6,6	80,4	2,2
Тілі	1,3	4,1	9,5	10,4	72,9	1,8

Сауалнама көрсеткендей, жалпы жастар этникалық, діни шығу тегіне, «бөтендер» аталатын әлеуметтік топқа құрметі мен төзімділігін айқын байқатты. Шын мәнінде зерттеу материалдары жастардың басым бөлігінің қандай болмасын жағдайларға икемділігі мен төзімділігін дәлелдейді. Жастардың азғантай үлесі ғана белгілі бір әлеуметтік топтардың өкілдеріне (нашақорлар, маскүнемдер, оралмандар, сексуалды аз топтардың өкілдері және т.б.) сенімсіздік

білдірген. Сонымен бірге жастардың басым бөлігі таптық бөліну, жынысы, жасы, діни сенімі немесе этникалық шығу тегі бойынша кемсітушілікке ұшыраспаған. Осындай әртүрлі кемсітушіліктерге ұшыраған жастардың азғантай үлесі қысым көру саласы ретінде қоғамдық орындарда өз мүдделері мен құқықтарының тапталғанын көрсетеді. Жалпы, жастардың арасында төзімділік пен сенім деңгейі өте жоғары.

Қорытынды. Қазіргі кезеңде жастар үшін негізгі мақсат пен міндеттер – олардың көзқарастары тұрғысынан жоғары адамгершілік қасиеттерге ие адам болу, білім алу және отбасы құру. Жастар үшін мансаптық өсу маңыздылығы жөнінен ең аз деңгейді көрсетті, олар көп жағдайда жоғары табыс алуды көздейді. Жастар жоғары білім алуды, яғни белгілі бір (көбінесе 25) жасқа дейін жоғары білім туралы диплом алуды жоғары әл-ауқатқа жетудің, әлеуметтік мәртебе мен материалдық игіліктің құралы ретінде қарастырады. Жастардың жоғары білім алуға деген ынтасы жоғары болса да, оқу үдерісінде білім алуға, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіруге соншалықты құштарлық танытпайды. Осыған байланысты жастар өз қызметінде кәсіби біліктілігін арттырудан гөрі жоғары табыс алуға көп қызығушылық білдіреді.

Сауалнама жастар арасындағы жоғары төзімділік пен жоғары сенімділік деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу материалдары жастардың «бөтен адамдар» аталатын этникалық, діни, әлеуметтік топтарға төзімсіздіктің айқын көрінісін көрсетпейтінін байқатты. Шын мәнінде, бұл жастардың дені қандай болмасын жағдайларға икемділігі мен төзімділігін аңғартады. Тек жастардың азғантай бөлігі белгілі бір әлеуметтік топтарға – нашақорларға, маскүнемдерге, оралмандар мен сексуалды аз топтар өкілдеріне сенімсіздікпен қарайды. Сонымен қатар жастардың басым көпшілігі елде таптық бөлініске, жынысы, жасы, діни сенімі бойынша кемсітушілікке ұшыраспаған.

Зерттеудің қаржыландыру көзі. Зерттеу жұмысы Ф. Эберт атындағы Қордың Орталық Азиядағы Өкілдігінің қаржыландыруы есебінен орындалды.

ҒТАМР
14.15.15

Айгүл Садвокасова¹, Саида Садуақасова¹

¹Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығы (Астана қ., Қазақстан)

БЕЙБІТШІЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 25 ЖЫЛЫ: ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ МОДЕЛІ

Аңдатпа. Мақалада Тәуелсіздік алған 25 жыл ішінде елдегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықты қалыптастырудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының атқарған қызметі «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының қозғаушы күші», «Рухани құндылықтар жүйесі», «Қазақстан бірегейлігінің шаңырағы», «Тәрбиенің тал бесігі», «Мейірімділік мекені» модельдері негізінде қарастырылды. Нәтижесінде Қазақстан халқы Ассамблеясы Тәуелсіздіктің ең басты тірегі болып табылатын бейбітшілік пен келісім, тыныштық пен тұрақтылықтың мықты тұғыры екендігі анықталды.

Түйінді сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, мемлекеттік этносаясат, модель.

25 ЛЕТ МИРА И СОГЛАСИЯ: МОДЕЛЬ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА

Айгуль Садвокасова, Саида Садуақасова

Аннотация. В статье рассмотрена деятельность Ассамблеи народа Казахстана по формированию общественного согласия и стабильности в стране за 25 лет независимости на основе моделей «Движущая сила общенациональной патриотической идеи «Мәңгілік Ел», «Система духовных ценностей», «Под общим шаньыраком Казахстана – общая идентичность», «Колыбель воспитания», «Обитель доброты». В результате подтверждено, что Ассамблея народа Казахстана является надежной опорой мира и согласия, спокойствия и стабильности, являющихся оплотом независимости.

Ключевые слова. Ассамблея народа Казахстана, государственная этнополитика, модель.

25 YEARS OF PIECE AND HARMONY: MODEL OF PEOPLE'S ASSEMBLY OF KAZAKHSTAN

Aigul Sadvokasova, Saida Saduakasova

Abstract. The authors analyze the 25 years of the activity of the People's Assembly of Kazakhstan aimed at maintenance and consolidation of the public concord and stability in the light of such concepts as the "Mangilik El – National Patriotic Idea", "Set of Spiritual Values", "Under Shared Shanyrak – Common Identity of Kazakhstan", "Cradleland of Moral Education", and the "Tenement of Kindness". The authors argue that the People's Assembly Kazakhstan has been indispensable and highly instrumental in maintenance of peace and harmony that are the major premises for successful independent development of Kazakhstan's nation.

Key words: *People's Assembly of Kazakhstan, government ethnic policy, Kazakhstan's model.*

Кіріспе. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Ғасырлар күтіп, әзер қол жеткен азаттықтан айырылып қалмау үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің қарашығындай сақтай білу керек» [1] деген еді. Осы сөзге мән берсек, тәуелсіздіктің қадірі қаншалықты тереңде екендігін түсінеміз. Бірлігі жарасқан елді дау да, жау да алмайды. «Бірлігі бекем ел озады» дейді халық даналығы. Біз бұған егемен ел ретінде өмір сүріп отырған 25 жылда көз жеткізіп келеміз.

Кез келген мемлекеттің дамуында орын алатын маңызды факторлардың бірі – этносаралық қатынастардың тұрақтылығы. Ал қоғамды ұйыстыру, бірлікті және қазақстандық сәйкестілікті қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік ұлттық саясаттың бір саласы, ол – этносаясат. Этносаясат – этностар, этностық топтар арасындағы қарым-қатынасты реттеу жолындағы әрекет [2]. Азаматтық қоғам мен демократияның дамуы, полиэтникалық қоғамның тұрақтылығы, этносаралық татулық мемлекеттік этносаясаттың дұрыс бағытта жүзеге асырылуына тікелей байланысты.

Тарихқа көз жүгіртсек, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары этносаралық қатынастар күн тәртібінде тұрған өзекті мәселенің бірі болды. Сондықтан 1992 жылы Қазақстан халықтарының Бірінші форумында Елбасымыз «Көпұлтты Отанымызда ұлтаралық келісімді нығайтуға бағытталған жаңа қоғамдық институт құруды ұсынса» [3],

«Қазақстан-2030» стратегиялық Жолдауында: «Біздің жетінші бекем тұсымыз қоғамымыздың саяси тұрақтылығы мен бірлігінде жатыр. Біз қоғам ішінде тікелей тайталасқа жібермей, ахуалды тұрақтандыра білдік, мұны мақтан етеміз, өкінішке қарай, көптеген дамушы және кешегі коммунистік кейінгі елдердің бұған қолы жеткен жоқ. Алайда толық тұрақтылықтың, ал топтасу мен бірліктің ауылы әлі алыс жатыр, сондықтан біздің баршамыз өзіміздің біртұтас отбасымыз деп сезіну, өз мақсаттарымызды айқын біліп, оларға қарай келісе ілгерілеу үшін алдағы уақытта көп жұмыс тындыруға тура келеді», - деп, тәуелсіз мемлекет алдына зор міндет қойды [4]. Еліміздегі қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру үшін қоғамдық институттар құрылып, бірқатар Заңдар қабылданды, кешенді бағдарламалар әзірленді.

Солардың бірі – 1995 жылғы 1 наурызда Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен құрылған, этносаралық қатынастар мен қоғамдық келісімді жарастыруға арналған қоғамдық-саяси институт әрі азаматтық қоғам болып табылатын Қазақстан халқы Ассамблеясы (бұдан әрі – ҚХА) [2]. Маңызды қоғамдық, әлеуметтік және кеңесші органдар ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымына Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы «Қоғамдық келісім» РММ, ҚХА Ғылыми-сарапшылық кеңесі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Этносаралық және конфессияаралық қатынастар орталығы, «Қазақстан халқы Ассамблеясының қоры» қоғамдық қоры, Аймақтық ҚХА, Депутаттық топ, ҚХА журналистер мен сарапшылар клубы, ҚХА Медиация орталығы, ҚХА Қоғамдық келісім кеңесі, ҚХА жанындағы Аналар кеңесі, «Тілдарын» Тілдерді үйретудің инновациялық технологияларының әдістемелік орталығы, ҚХА «Жарасым» республикалық жастар ұйымы, Этномәдени бірлестіктер кіреді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық тұрақтылықты, этносаралық достық пен татулықты нығайтуға; Қазақстандағы барлық этностардың мәдениеті, тілі мен дәстүрін жан-жақты дамытуға, мемлекеттік этносаясатты жүзеге асыру бағытындағы қызметті жетілдіруге және оның саяси жүйені демократияландырудағы рөлін арттыруға [5] бағытталған қызметінің нәтижесінде бүгінде Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім және бірлік қазақстандық үлгісі қалыптасты.

Зерттеу әдістері. Мақаланы жазу барысында концептуалдық тұрғыда талдау, баяндау, жүйелеу, қорыту әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері. Жүргізілген концептуалдық талдау нәтижесінде тәуелсіздіктің басты тірегі саналатын бейбітшілік пен келісімді, тыныштық пен тұрақтылықты қамтамасыз етуде Қазақстан халқы Ассамблеясының моделі қалыптасты.

Нәтижелерді талқылау. Қазақстан халқы Ассамблеясы – «Мәңгілік ел» идеясының қозғаушы күші. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауында атап өткен: «Біз үшін болашағымызға бағдар етіп ұлтты ұйыстыра ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Тәуелсіздігімізбен бірге халқымыз мәңгілік мұраттарына қол жеткізді. Біз еліміздің жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі мәңгілік елордамызды тұрғыздық. Қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың мәңгілік болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақтың перзенті. Ендеше, қазақ елінің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел» [6] деген тұжырымы – Қазақстанда тұратын барлық азаматтарды біріктіріп, бір арнаға тоғыстыратын идея.

Жалпы, қандай идея болмасын, оның басты мақсаты – халықты бір мақсат, бір мүдде, бір болашаққа бастар жолдағы негізгі қозғаушы күшке айналуы тиіс, ал «Мәңгілік ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы осы талаптарға толығымен жауап береді.

«Мәңгілік ел» идеясы негізделетін құндықтар жүйесінің ішінде ерекше басымдыққа ие ментальді бірлік – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде нығайту. Мемлекеттік тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының басты тұғыры. Ел билігінің қуаттылығы мен құдіреттілігі қоғам мүшелерінің қазақ тілінде сөйлеуімен өлшенеді. Мемлекеттік тіл – қазақ тілінде сөйлеу ел бірлігін одан әрі нығайта түседі. «Тіл – ұлттың мәдени коды, ойлау және таным, дүниеге қатынасының, құндылықтарды бағалай білу жүйесінің коды. Сонымен бірге тіл – билік, үлкен саясат. Тіл – «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі. Ана тілінді құрметтеу – ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Бұл жолда тілдік және ақпараттық кеңістікті қорғау, оған мемлекеттік тұрғыдан ықпал ету, ақпараттық кеңістік қауіпсіздігін қамтамасыз ету ел тәуелсіздігін қорғаудағы басты ұстаным болуы тиіс» [7].

Жалпы, Қазақстан халқы Ассамблеясы «Мәңгілік Ел» патриоттық актісінде көрсетілген Жеті тұғырды жүзеге асыруға зор үлес қосып келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – рухани құндылықтар жүйесі. Белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қ. Сұлтанов «Елбасы және қазақ мемлекеттігі» атты еңбегінде: «Қазақстан халқы Ассамблеясы бұл – осы жылдары өзін толықтай ақтаған Нұрсұлтан Назарбаевтың рухани идеологиялық жобасы» [8], - деп, баға береді. Ассамблея біртұтас ұлттың бет-бейнесін, рухани болмыс-бітімін, ақыл-ойы, пайымы мен парасатын танытатын мәдениеттің ошағы атанды. Бүгінде еліміздегі 33 Достық үйі, «Қоғамдық келісім» республикалық мемлекеттік мекемелердің жергілікті жерлердегі филиалдарының қолдауымен 1332 этномәдени бірлестік жұмыс жасайды. Түрі басқа болғанымен, тілегі бір, жүзі басқа болғанымен, жүрегі бір этнос өкілдері сан алуан мәдениеті мен игі дәстүрлерін көрсету, түрлі мерекелерді бірге атап өтуі арқылы бірліктің ерекше рухын қалыптастыра білді.

«Үлкен Ел – Үлкен Отбасы» жалпыұлттық жобасы аясында мәдени әлеуетімізді арттыруға, тағылымды тарихи мұраларды өскелең ұрпаққа танытуға бағытталған: «Жібек жолындағы сұхбат», «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» халықаралық жобасы, «Елім менің» патриоттық әндер фестивалі, «Өнеріміз саған – Қазақстан!» фестивалі, «Бірге өмір сүру өнері» жастар фестивалі қазақстандық татулық пен келісімнің моделін, отбасылық құндылықтарды ілгерілетуге ықпал етті. Қазақстан аумағындағы түрлі елді мекендерді аралап қайтқан «Менің Қазақстаным», «Мәңгілік ел», «Тәуелсіз Қазақстан» пойыздарының да басты мақсаты – халықпен Тәуелсіздік жылдары еліміздің қол жеткізген табыстарымен бөлісу, «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған Бес институционалдық реформаны түсіндіру, халыққа білім беру, медицина, әлеуметтік қамсыздандыру, құқықтану, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша білікті арнайы мамандар тарапынан кеңестер беру, түрлі мәдени-қайырымдылық шаралар өткізу болды. Аталған жоба – қазақстандық бірегейліктің, жалпыұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісімнің нығаюына септігін тигізді.

Бұдан басқа, еліміздің медиакеңістігінде де этнос өкілдерінің мүддесі мен қызығушылығы қорғалған, сол арқылы Ассамблея медиамәдениеттің дамуына да үлес қосып келеді. 15 тілде газет-журналдар шығады, театрларымыз 7 тілде сөйлейді. Күні кеше ғана корей, неміс, ұйғыр ұлттық театрларына академиялық мәртебе берілді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстан бірегейлігінің шаңырағы. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық концептісінің негізі –

Тәуелсіздік пен тәуелсіз елдің бірлігі. Бірлік – біртұтас халықтың рухани-мәдени бірлігі, елдің тілдік, ділдік, ақпараттық кеңістікке деген бірлігі. Қазақты қасиетті қара шаңыраққа баласақ, еліміздегі барша этностар – сол шаңыраққа шаншылған уықтар, бұл – әртүрлі этностарды ортақ қоғамға біріктіру идеясы. «Достық», «бірлік», «татулық» идеялары Қазақстан халқы Ассамблеясының ерекше мәртебесін айқындайды.

Мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың жалпыұлттық бірлік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз ету саласындағы өзара іс-әрекет жасау қағидалары мен әдістерін қарастыру, «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында айқындалған жалпыұлттық бірлік пен бірегейлікті қалыптастыру бойынша міндеттердің мәнін ашып көрсету, этносаралық және конфессияаралық қатынастар саласында мемлекеттік саясатты іске асыру технологиялары бойынша тыңдаушылардың кәсіби білімі мен білік-дағдыларын арттыруды ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды ғылыми зерттеу орталығы 2011 жылдан бері оқыту семинар-тренингтерін өткізіп келеді. Орталықтың жұмысы барысында өткізілген 46 халықаралық, республикалық, аймақтық-семинарларда 2757 адам біліктіліктерін арттырды. Оның ішінде 1365-і – мемлекеттік қызметшілер, 831-і – этномәдени бірлестіктер, жастар ұйымдары және басқа да қоғамдық ұйым, конфессия, ҚХА ҒКМ, БАҚ өкілдері.

Ел бірлігі мен қоғам тұрақтылығын насихаттау, этносаралық өзекті мәселелерді талқылау, конфессияаралық қатынастарды зерттеу барысында Қазақстан халқы Ассамблеясының Ғылыми-сарапшылық кеңесі мен топтары, Қоғамдық келісім кеңестерінің атқаратын қызметі зор. Бүгінде Ғылыми-сарапшылық кеңесінің құрамында 35 ғылым докторы, 11 ғылым кандидаты, 8 қоғам қайраткері қоғамдық негізде қызмет етсе, аймақтардағы Ғылыми-сарапшылық топтың құрамында 183 ғалым мен сарапшы бар. 2016 жылы Ғылыми-сарапшылық Кеңесі 13 кешенді зерттеу жүргізсе, Ғылыми-сарапшылық топтар тарапынан 30-дан астам кешенді зерттеулер жүзеге асырылып, 37 әдістемелік құрал мен оқулық, оқу құралы, 76 кітап пен мақалалар жарияланды.

Сонымен қатар Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде Қазақстандағы қоғамдық және этносаралық қатынастар саласында басты медиатор қызметін атқарып келеді. ҚХА жанындағы Медиация орталығының мақсаты – қоғамдағы өзекті мәселелерді талқылап,

дау-жанжалдың алдын алу, даулы мәселелерді өркениетті тетіктер арқылы шешуге жәрдемдесетін қосымша біріктіруші факторларды іздестіру. 2015 жылдың тамызында құрылған Медиация орталығының тізіліміне 2956 медиатор, 1985 қоғамдық медиатор, 971 кәсіби медиатор енеді. 1019 Медиация кабинеті, 12 Медиация кеңесі құрылған. Нәтижесінде 8876 даулы мәселелер өз шешімін тапты.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – тәрбиенің тал бесігі. Хакім Абайдың Он сегізінші қара сөзіндегі: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Одан басқа нәрсемен оздым ғой демектің бәрі де ақымақтық» [9], - деген тұжырымы «Мәңгілік елге» айналуға бет алған мемлекеттің өскелең жастарын тәрбиелеуде де өз маңызын жойған жоқ. Елбасының сөзімен сабақтасак, «Бүгінгі заман – бой жарыстыратын емес, ой жарыстыратын заман». Қазақстан халқы Ассамблеясы – еліміздің білімі мен ғылымын дамытуға да өзіндік үлес қосып келе жатқан ұйым. «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы, «Мәңгілік елдің тілі» жобасы, жалпықазақстандық ашық диктант сынды жүзеге асырылып жатқан шаралар сөзімізге дәлел болады. Түрлі этникалық топтардың мектеп жасына дейінгі балаларға және мектеп оқушыларына қазақ тілі мен мәдени ортасына бой үйретіп, мемлекеттік тілді меңгеруіне, қазақтың тарихы мен мәдениетін, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын бойына сіңіру мүмкіндіктерін көздеген «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасы бойынша өткізілген 7 863 шараға 235 000 бала қатысқан. Жоба бағдарламасы аясында «Тілдарын» әдістемесі бойынша қазақ тілін үйретудің авторлық курстарын жүргізетін Тіл мектебі, «Кемеңгер» шығармашылық академиясы, «Көңілді балалар» ойын алаңы, Қазақстан халқының бірлігіне арналған эссе, өлеңдер мен тақпақтар жазудан байқаулар өткізетін, «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем» шешендік өнерді дамыту тренингтерін жүргізетін «Жас шешен» мектебі жұмыс істеді. Бұл жоба қоғамдық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретінде мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеруге, тіл, мәдениет, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптар арқылы балалардың бойында толеранттылық қарым-қатынас әдебін қалыптастыруға ықпал етті.

2016 жылы «Мәңгілік ел» атты патриоттық актісіне арналған қазақ тілінен жалпықазақстандық ашық диктант жазуға 140 000 жас қатысса, оның 45 000-ы «өте жақсы» деген баға алған. Осы орайда, еліміздегі жоғары оқу орындары жанынан құрылған Қазақстан халқы

Ассамблеясы кафедрасы (олардың саны – 25) жұмысының нәтижелі екендігін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Орталық Азия өңіріндегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды ғылыми зерттеу орталығының бастамасымен отандық жас ғалымдардың ғылыми-сарапшылық әлеуетін тарту арқылы этносаяси және этноәлеуметтік жағдайды жетілдіру мақсатында ұйымдастырылған этносаралық толеранттылық пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісіне арналған ғылыми жұмыстар байқауының да жастарға берері мол. Байқауға қатысушылар 1) «Қазақстан халқы Ассамблеясы – бейбітшілік пен қоғамдық келісім институты» (Қазақстан халқы бірлігінің тарихи тамыры; Ел бірлігінің экономикалық негіздері; Қазақстандағы этноконфессиялық қатынастар және рухани келісім мәдениеті; Толеранттылық қазақстандық менталитеттің рухани негізі ретінде, т.б.) 2) «Қазақ хандығы: мемлекеттілік тарихы және саяси-экономикалық негіздері»; 3) «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі – жаңа Қазақстанның тұғырнамасы»; 4) «Қазақстан әлемдік кеңістіктегі бейбітшілік пен келісімді дамыту жолында» бағыттары бойынша өздерінің ғылыми жобаларын ұсынды. Іріктеу нәтижесінде үздік деген 4 жоба республикалық қорытынды байқауға ұсынылып, «Техникалық жоғары оқу орны студенттерінің бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу» жобасымен Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті Патриоттық тәрбие беру ғылыми-зерттеу институтының директоры, экономика магистрі Жакупова Динара Ермекқызы бас жүлдені иеленді. Досанов Нұрбай Ермаханұлы I орын, Жанғалиев Ринат Жұмагелдіұлы II орын, Мырзабаева Динара Серікқызы III орын иеленді. Жеңімпаздар дипломдармен, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан «Жастар ортасындағы этносаралық қатынастар мәдениеті» тақырыбындағы жазғы мектеп, «Бірлік-Единство. Kz – 2016» халықаралық жазғы лагері, «Олимпийское лето» – «Ел рухы» фестивалі, «Менің Елім – Мәңгілік Ел» республикалық жастар акциясы да жастардың бойында белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыра отырып, отансүйгіштік қасиеттерін дамытуға бағытталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – мейірімділік мекені. Қазақ халқының бойындағы асыл қасиеттерінің бірі – қайырымдылық. Тарихи қиын-қыстау заманында мыңдаған өзге ұлттардың Қазақстанға қоныс аударуы, тың және тыңайған жерлерді игеру кезінде келген азаматтарды бауырына тартқан қазақ халқының бойындағы мейірбандылық баршаға үлгі болды. Бұл туралы Елбасы Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына

арналған Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің «Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» фестивалінде сөйлеген сөзінде былай деп атап өтеді: Қайырымдылық – біздің ата дәстүріміз, қайырымдылық – біздің қанымыздағы асыл қасиет. Қайырымдылық бірлігі жарасқан, ынтымақты елде қанат жаяды. Біздің халқымыздың бойындағы осындай киелі қасиет Тәуелсіздік жылдарында жарқырай көрінді» [10]. Екінші жағынан, қайырымдылық, бұл – азаматтық қоғам санасының жоғары деңгейге көтерілуінің, рухани құндылықтар маңыздылығының артуының көрінісі. Қазақстан халқы Ассамблеясының ұйытқы болуымен өткізілген «Қайырымдылық керуені» акциясы аясында 595 000 адамға 6 миллиард 542 миллион теңге көлемінде көмек көрсетілді. «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 ізгі іс» шарасы ұйымдастырылды. «Қамқор» акциясы кезінде ардагерлер мен әлеуметтік көмекке мұқтаж жандарға 648 миллион теңге аударылды. «Қоржын» акциясы аясында 243 миллион теңге жиналып, 91 балаға аса күрделі әрі қымбат дәрігерлік жәрдем берілді. «Ақ орамал» акциясының қорытындысы бойынша көпбалалы жанұяларға 3 млн 371 мың теңге бөлініп, сондай-ақ қан онкологиясымен ауыратын 300 балаға 40 миллион теңге көлемінде көмек ұсынылды. Мұның барлығы – ынтымағы жарасқан халықтың, оның ішінде «Атымтай Жомарт» атанған қайырымды жандардың Ассамблея аталған үлкен ұйымның қанатының астында бір мақсатқа ұмтылып, бір ұранға бағына жасаған еңбектерінің жемісі.

Қорытынды. Қазақстанда тұратын түрлі этностардың өзара келісім мен ынтымағы, достығы мен татулығының берік ұсталуына ұйытқы болатын ұйым – Қазақстан халқы Ассамблеясының жиырма жылдық тарихында институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысқан халық дипломатиясының маңызды күретамырына айналды.

Ойымызды Елбасының сөздерімен түйіндесек: «Тәуелсіздіктің ең басты тірегі – бейбітшілік пен келісім, тыныштық пен тұрақтылық. Осының арқасында біз 25 жылда мемлекет құрдық, деңгейін көтердік, халықтың әл-ауқатын жоғарылаттық. Ал Ассамблея – осы қасиетті тірегіміздің мызғымас тұғыры» [10].

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Европейский союз и Центральная Азия. – Алматы, 2000.
2. Этносаяси сөздік: Қазақстанның қоғамдық келісім және этносаралық толеранттылық саясаты және практикасы, терминдері мен ұғымдары. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2014. – 400 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XVI сессиясында сөйлеген сөзі // www.akorda.kz
4. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан – 2030: Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Ел Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. – Алматы: Білім, 1997. – 42 б.
5. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа үрдістер: Әдістемелік оқу құралы/Жалпы редакциясын басқарған Е.Л.Тоғжанов. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2011. – 204 б.
6. Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXI сессиясында сөйлеген сөзі. - 18 сәуір, 2014 ж.
7. Бурбаев Т. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы философиялық талдауды қажет етеді // «Kazinfo» халықаралық ақпараттық агенттігі. -11 ақпан, 2015 ж.
8. Сұлтанов Қ. Елбасы және қазақ мемлекеттігі. – Алматы: «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар ассоциациясы», 2015. – 488 б.
9. Abai.kz ақпараттық порталы.
10. Елбасы Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Қазақстан халқы Ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің «Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» фестивалінде сөйлеген сөзі // www.akorda.kz

ҒТАМР

Рымбек Жұмашев¹, Айдар Жетпісбаев¹*¹Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(Қарағанды қ., Қазақстан)***ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОМӘДЕНИ САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ
ТРЕНДТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ ТАРИХЫНАН**

Аңдатпа. Мақалада діни келісім мәселелері, масс-медианы дамыту, білім беру саласындағы мемлекеттік этномәдени саясатты жүзеге асыру мәселесі қарастырылады. Көші-қон үдерісінің ерекшелігі зерттеліп, демографиялық өзгерістерді кезеңдерге бөлу ұсынылады. Репатрианттарды үлестеу және диаспораларды қолдау механизмдеріне баса көңіл бөлініп, Қазақстан Республикасының репатриация және диаспоралық саясатының ерекшеліктеріне талдау беріледі. Этносаралық және конфессияаралық өзара іс-қимылдар мониторингі тәжірибесінің ерекшеліктері және этномәдени топтасудың орталық институты ретінде Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметіне баса назар аударылады. Азаматтық бірегейлікті қалыптастыру бойынша ел саясатының негізгі бағыттарының этносаяси және этномәдени компоненттерін ескере отырып, қоғамның этнотарихи трансформациясының басты трендтеріне кешенді талдау жасалады.

Түйінді сөздер: этномәдени саясат, көші-қон және диаспоралық саясат, ақпараттық қауіпсіздік, көптілділік, этносаралық қатынастар мониторингі, Қазақтардың дүниежүзілік құрылтайы, Қазақстан халқы Ассамблеясы.

**ИЗ ИСТОРИИ ОСНОВНЫХ ТРЕНДОВ И ДОСТИЖЕНИЙ
ЭТНОКУЛЬТУРНОЙ ПОЛИТИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН****Рымбек Жумашев, Айдар Жетписбаев**

Аннотация. В статье выносятся на рассмотрение проблема реализации государственной этнокультурной политики в сфере образования, развития масс-медиа и в вопросах религиозного согласия. Изучена специфика миграционных процессов и предложена периодизация демографических изменений. Дается анализ особенностей репатриционной и диаспоральной политики Республики

Казахстан и сделан акцент на особое значение механизмов поддержки диаспоры и квотирования репатриантов. Большое внимание уделяется деятельности Ассамблеи народа Казахстана как центрального института этнокультурной консолидации и особенностям практики мониторинга межэтнического и межконфессионального взаимодействия. Приводится комплексный анализ главных трендов этноисторических трансформаций социума с учетом этнополитического и этнокультурного компонента основных направлений политики страны по формированию гражданской идентичности.

Ключевые слова: этнокультурная политика, миграционная и диаспоральная политика, информационная безопасность, полиязычие, мониторинг межэтнических отношений, Всемирный курултай казахов, Ассамблея народа Казахстана.

MAIN TRENDS AND ACHIEVEMENTS OF ETHNIC AND CULTURAL POLICY IN KAZAKHSTAN

Rymbek Zhumashev, Aidar Zhetpisbayev

Abstract. This article, in particular, focuses on the ethno-cultural policy in such fields as education, mass media, and maintenance of inter-religious harmony.

The authors touch upon the features of migration and identify during several distinctive periods as well as survey the repatriation and diaspora policies in Kazakhstan. The particular attention is paid to the Peoples' Assembly of Kazakhstan as the major institution aimed at inter-ethnic consolidation and to the monitoring practices of inter-ethnic and inter-religious situation. The authors provide a comprehensive analysis of the main trends of historical transformation taking into account the government policies in the ethno-political and ethno-cultural fields as well as the efforts aimed at formation of the common civic identity.

Key words: ethno-cultural policy, ethno-cultural consolidation, migration and diaspora policy, information security, multilingualism, monitoring of inter-ethnic situation, instrumentalism, Kazakhs' World Kurultai, Peoples' Assembly of Kazakhstan.

Кіріспе. Ұлттық мемлекетті құру үдерісі созылмалы сипатқа ие. Қоғам өмірінің экономикалық, құқықтық, әлеуметтік салаларындағы

ілкімді өзгерістер бірыңғай ұлттық функционалдық негіздің пайда болуына ықпалын тигізеді. Мемлекеттік қатынастың типтері мен механизмдері бастапқы жағдайда – абстрактілі құрылғылар, ол бірте-бірте орнықты, жұмысқа қабілетті жүйеге айналады. Еліміз этномәдени саясат пен ұлттық құрылыс сияқты саяси қатынастар саласында елеулі табысқа жете білді.

Азаматтық ұлт құру контексіндегі ұлттық құрылыс елдің ішкі саясатының негізгі мәселесі болып қала бермек. Азаматтық бірегейлікті нығайту 2015 жылы 6 мамырда Астанада өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев мәлімдеген «Бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадам» Ұлт жоспарының ажырамас бөлігін құрайды.

Азаматтық ұлт пен патриотизмді құрудың негізгі аспектілерін саяси және идеологиялық өлшемнен ғылыми саралауға көшіру азаматтың тұлға ретінде бірегейленуіне, этносаяси үдерістер мен үрдістерді сипаттауға, қазіргі қоғамның этномәдени дамуының әрі қарай өсу келешегін іздеуге қатысты қолданбалы сипаттағы бірқатар міндеттерді шешудің негізі болып табылады.

Зерттеудің мақсаты – елдің этномәдени саясатын қалыптастыру тарихындағы негізгі трендтер мен жетістіктерді саралау. Бұл Қазақстанның саяси шындығын қалыптастыруда келтірілетін этномәдени саясаттың негізгі трендтері мен жетістіктерін тарихи тұрғыдан талдау қажеттілігімен байланысты туындады.

Зерттеу әдістері. Еңбекті жазу кезінде жалпы ғылыми әдістермен қатар (жүйелеу, құрылымдық-функционалдық, компаративизм, жалпылау), арнайы әдістер (елдің этномәдени саясатындағы негізгі трендтерді салыстырмалы-тарихи, типологиялық, статистикалық және демографиялық талдаулар) қолданылды. Тарихилық, тұтастық және объективтілік қағидаттарға сүйене отырып, этномәдени саясаттың негізгі трендтерін анықтау талпынысы жасалды.

Этномәдени саясат ұғымы 1830 жылдары АҚШ-та этностық және діни белгілері бойынша дауыс беру тәжірибесі ретінде түсіндірілді. Бұл мигранттар ағынының көбеюіне байланысты туындаған еді. Этномәдени саяси артықшылықтар қазір де АҚШ-та бұрынғыдай билікке таластың маңызды бөлігін құрайды.

Кеңестік тарихнамада КСРО аумағында мекендейтін әртүрлі ұлыс, ұлттар, халықтарға қатысты көпқырлы саясат ретінде «ұлттық саясат» категориясы қолданылды. КСРО-ның құлдырауы ұлттың шығу тегі дағдарысын тудырып, көпдеңгейлі азаматтық бірегейлік құбылысының

пайда болуына әкелді. Көпдеңгейлі азаматтық бірегейлік посткеңестік мемлекеттердің өзін-өзі анықтау, шекараны белгілеу, ұғымдардың мазмұндық толымдылығы мен өзара байланысы шешілмеу (ұлт, ұлты, азаматтығы) мәселелерінің қойылу салдарынан пайда болды.

Ресейлік белгілі зерттеуші, этносаясат саласындағы белгілі ғалымдардың бірі В.А.Тишков мемлекеттің ұлттық басым бағыттары мен елдің мүддесін қамтамасыз ететін саясатты «ұлттық саясат», ал этномәдени көптүрлілікті сақтау және оны басқару саясатын «этностық саясат» деп атау керектігін атап көрсеткен болатын [1; 81].

В.Ю. Зорин мемлекеттік этноұлттық саяси тұжырымдаманы жанарту мәселесін этномәдени саясат немесе этносаясат ретінде сипаттады. Оны көпұлттылық жағдайында мемлекеттік ұйымдастыру мен басқару жүйесін құру, біртұтас ел мен халықтың әртүрлі орналасу жағдайында мәдениетін, салт-дәстүрін, тілін сақтауға қатысты этностық қауымдастықтар мен оған кіретін азаматтардың құқығын ескеру, жүзеге асыру, сондай-ақ шиеленістер мен оларды болдырмау мен шешу әдістерін қоса алғанда, этносаралық қатынастар мәселелері ретінде анықтады [2].

Азаматтық ұлтты құру және азаматтық бірегейлікті нығайту мәселесінде Н.Ә. Назарбаевтың еңбектері айрықша орын алады. Бұл еңбектер доктриналық және бағдарламалық сипат алып, этномәдени саясаттың одан әрі дамуында негізгі трендке айналып отыр.

Елімізде этномәдени саясаттың (этносаясат) теориялық мазмұны мен практикалық толымдылығы мәселелерімен А.А. Бухаева, С.Ш.Қазиев, Ж.К. Нұрғалиева, Қ.К. Тоқаев, Е.Л. Тоғжанов және тағы басқалар айналысады.

Этномәдени саясат демографиялық және миграциялық үдерістерде тікелей көрініс тауып отырады, осы мәселені А.Н. Алексеенко, Н.В.Алексеенко, М.Х. Асылбеков, С.Е. Жүсіпов, А.Т. Забирова, В.В.Козина, Н.Л. Краснобаева, Н.И. Мустафаев, А.С. Уалтаева сынды зерттеушілер өз еңбектеріне арқау еткен.

Этномәдени саясаттың құрамдас бөлігі ретінде миграцияның мемлекеттік реттелу мәселесін Б.Ж. Атантаева, Р.Д. Ахметова, Д.Б.Абылқасова, Б.Р. Найманбаев, Е.Ю. Садовская, Е.Т. Сейлеханов және басқа ғалымдар ғылыми тұрғыдан талдау жасады.

Қазақстан диаспоралар мен ирредентке қатысты белсенді саясат жүргізіп келеді, оның мақсаты – шет елдерде мекендейтін қазақтардың этностық бірегейлігін, ұлттық ерекшелігін сақтау. Этномәдени саясаттың осы қыры Н.Ж. Ғаббасова, Г.Б. Қозғамбаева,

Г.М.Меңдіқұлова, Б.И. Рақышева, Н.Ю. Сорочан және т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған.

Тәуелсіздік алған мемлекеттерде тіл мәселесіне байланысты даулы шешімдер пікірталас нысанына айналып, наразылық шараларына ұласып жататыны баршаға аян. Қазақстанда бұл мәселеге қатысты өзіндік көзқарас қалыптасты, яғни ақпараттық және білім беру кеңістігін үштұғырлы тіл (қазақ, орыс және ағылшын тілдері) негізінде қалыптастыру. Көптілді тұлғаның бір мезгілде бірнеше тілді меңгеруі, адамзат тәжірибесінің әлеуметтік маңызды «фрагменті» ретіндегі ғылыми идеялар О.Т. Әрінова, Б.А. Жетпісбаева, Н.Э. Пфейфер, Т.Т.Сұлтановалардың еңбектерінде жалғасын тапты.

Этномәдени саясаттың негізгі трендтерін талдау конфессияаралық қатынастарды зерттеуді қамтиды. Әлемдік және дәстүрлі діндер диалогі, зорлық-зомбылық, фанатизм, экстремизм мен терроризм, діни ағымдардың теріс көріністерін жою мақсатындағы ынтымақтастық тәсілдер мен механизмдер А.П. Әбуов, Е.Е. Булова, Ж.У. Қыдыралина, А.Г. Косиченко, Е.М. Смағұлов, А.К. Сұлтанғалиева, И.А. Тарасевич, И.Б. Цепков сынды зерттеушілердің зерттеу нысанына айналды.

«Этномәдени саясат» термині антропологиялық, этностық, мәдени және діни ұқсастықтары негізінде топтасып, тарихи қалыптасқан қауымдастықтардың – мемлекет, азаматтық қоғам институттары мен нақты этномәдени топтардың өзара әрекеттесуі арқылы билік қатынастарын жүзеге асыруға бағытталған әрекетті білдіреді. Қазақстанның этномәдени саясаты бірыңғай азаматтық ұлттық бірегейлік, қоғамдық келісімді сақтау және ұлттар арасындағы төзімділікті қалыптастыру шеңберінде бірлікті нығайтуға бағытталған.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстанның этномәдени саясаты қоғамдық санада бекіген бірқатар трендтерге ие. Аталған трендтер нормативтік, доктриналық және институционалдық деңгейлерде қарастырылып, ресімделген. Этномәдени саясаттың негізгі трендтеріне мыналар жатады:

- көші-қон саясаты;
- диаспоралық саясат;
- көптілді қоғам қалыптастыру;
- конфессиялық саясат;
- ақпараттық саясат;
- мемлекеттік этномәдени үдерістер мониторингі;
- этномәдени топтастыру институтының саяси қызметі (Қазақстан халқы Ассамблеясы).

Көші-қон саясаты. Көші-қондағы өзгерістердің негізгі үрдістері елдің демографиялық және этномәдени бейнесін қалыптастырып, халықтың сандық және әлеуметтік құрамына әсер етті. Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда көші-қон жүруінің үш кезеңі байқалды:

- бірінші кезең (1991–2003 жылдары): миграцияның теріс сальдосы кезеңі. Республика халқы санының күрт төмендеуі әлеуметтік және этнодемографиялық құрамындағы ауқымды өзгерістерге әкелді. 1991–2003 жылдары халықтың саны 1,5 млн адамға азайды. 2010 жылғы экономикалық және саяси жүйені жаңартуға қатысты шаралар ғана демографиялық көрсеткіштерді 1992 жылғы көрсеткіш деңгейінен көтеруге мүмкіндік берді. Қос азаматтық, тілдер мәртебесі мәселелері бойынша пікірсайыстар эмиграция толқынының төмендеуінен бәсеңдей бастады;

- екінші кезең (2004–2010 жылдары): миграцияның оң сальдосы кезеңі. Осы кезең аралығында республикаға шамамен 1 млн адам келді;

- үшінші кезең (2011 жылдан қазірге дейін): жергілікті халық санының өсуі аясында миграцияның теріс сальдосы қалыптасты. 1991 жылғы (163582 мың адам) көрсеткішке қарағанда 2015 жылы халықтың саны 17670,6 мыңға жетті.

Көші-қон органдарының мәліметтері бойынша мынадай жағдай қалыптасты: 1991–2016 жылдары Қазақстаннан 3666 мыңнан астам адам көшіп кетсе, 340,8 мың адам келген, яғни айырмашылығы 3325 мың адамды құрайды, атап айтсақ, ТМД елдеріне 1,999,5 мың адам; оның ішінде Ресейге – 2566,0 мың; Украинаға – 53,6 мың; Беларусьқа 43 мың адам кеткен. Шет мемлекеттерге: Германияға – 428 мыңнан астам; Израильге 11,4 мыңнан астам адам көшіп кеткен (Демографический ежегодник Казахстана. <http://www.stat.gov.kz>).

1992 жылдан бері Қазақстанда көші-қон үдерісінің жаңа бағыты қалыптасты – тарихи түрлі себептерге байланысты шетелге ауып кеткен қазақтар туған жеріне қайта орала бастады. Қазақтардың қайта оралу үдерісін екі кезеңге бөлуге болады: 1992–1997 жылдар аралығы – 1997 жылғы Көші-қон туралы заң қабылданғанға дейін; және 1997 жылдан қазірге дейінгі кезең: оралман-репатрианттардың атажұртқа квота бойынша көшіп келуі, осы кезең аралығында олардың республика аумағында тұруына, жұмыс істеуіне, оқуына барлық жағдай жасалды [3; 4].

1991 жылдан бері тарихи Отанына 259539 отбасы немесе 953908 адам қайта оралды. Бұл жалпы халықтың 5,5%-ын құрайды. Олардың басым көпшілігі (61,5%) Өзбекстаннан, Қытайдан (14,3%), Моңғолиядан (9,3%), Түркменстаннан (6,8%), Ресейден (4,6%) және

тағы басқа елдерден (3,5%) көшіп келді. 25 жыл ішінде шамамен 1 млн-нан астам қазақ атажұртына қайта оралды (Новости – Казахстан. <http://newskaz.ru> [доступ: 23.07.2016]). 2016 жылға 1259 отбасыдан тұратын оралмандарды қабылдаудың өңірлік квотасы белгіленді (Установлена региональная квота приема оралманов и переселенцев на 2016 год. <http://www.inform.kz/rus> [доступ: 23.07.2016]).

Репатриация – мемлекеттің этномәдени саясатының маңызды құрамдас бөлігі. Қандас бауырлардың атажұртқа келуі халықтың ұлттық қолөнер кәсібіне, этникалық музыкаға, қолданбалы өнерге, басқа да жоғалған дәстүрлі мәдениетке және т.б. қызығушылығын оятты. Олар қоғамның экономикалық, саяси, мәдени, білім беру салаларында маңызды орын ала бастады. Қазақстан тағдыр тәлкегімен диаспора мен ирредентке айналған өз отандастарының тағдырына немқұрайлы қарамайтын мемлекет ретінде таныта білді.

Диаспоралық саясат. Еліміз әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып отырған қазіргі жағдайда үштұғырлы мәселенің өзектілігі артып отыр. Яғни мемлекетаралық және халықаралық деңгейдегі өзара қарым-қатынастар, өзара тәуелділік пен өзара байланыстар үш негізгі компоненттен тұрады: Қазақстан Республикасы, қазақ диаспорасы немесе шет елдердегі біздің қандастарымыз, ирреденттер. Қазақ ирреденті мен диаспорасы – елдің сыртқы саясатының маңызды компоненттерінің бірі (қазақтар тұратын елдермен және өзге ұлттық ортада этникалық азшылық ретінде қазақтардың жағдайына әсер ететін мемлекетаралық өзара қарым-қатынастар) [4].

Шет аймақтарда әлемдегі барлық этностық қазақтардың үштен бірі мекендейді. Ресейде қазақтар негізінен Қазақстанмен шектесетін өңірлерде тұрады. Соңғы халық санағының мәліметтеріне сүйенсек (2010 ж.), Ресей Федерациясында 648 мың қазақ тұрады, оның ішінде олар Астрахань, Волгоград, Саратов, Самара, Орынбор, Челябин, Курган, Тюмень, Омск, Новосибирск, Алтай өңірлерінде басым (ВПН. Национальный состав и владение языками, гражданство. – <http://www.gks.ru> [доступ: 08.04.2015]). 2010 жылы Қытайдағы қазақтардың саны 1 462 588 адамға жетті (Этнический состав населения КНР. www.stats.gov.cn. [доступ: 08.04.2015]). Қытайда қазақтар негізінен Іле-Қазақ автономды округі мен Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аймағындағы Ганьсу, Ақсай-Қазақ, Мори-Қазақ, Баркөл-Қазақ ауылдарында тұрады. 19 ғасырдан бастап 100 мыңнан астам қазақ Моңғолия аумағында қоныстанған. Баян-Өлгей аймағында қазақтардың саны халықтың 90%-ын құрайды. Қарақалпақстанда 400 мың, Ташкент облысында 100 мың қазақ мекендейді. Кеңес Одағы ыдыраған соң, қазақтардың

басым бөлігі өз атажұртына, негізінен Маңғыстау облысына оралды. Неғұрлым ірі қазақ диаспорасы, шамамен 400 мың адам Ауғанстанда тұрады. Сондай-ақ Иран мен Түркияда да ірі қазақ диаспоралары бар.

Қазіргі қазақ қоғамында екі үрдіс анық байқалады: 1) өзге этностық ортада өз этностық бірегейлігін сақтау және дамыту талпынысы; 2) тарихи Отанына қайта оралу. Аталған үрдістер Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған жылы, 1991 жылдан кейін даму бастауын алды. Осы кезден бастап диаспоралық және репатриация саясаты белсенді жүргізіле бастады.

Қазақстанның өсіп-өркендеуі әлемнің кез келген елінде қазақ қоғамын құру ісіне қатысуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде қазақ диаспораларының өкілдері жиі бас қосып, бірлескен мәдени және спорттық шараларды өткізуге белсенді атсалысуда. Бұл қазақ диаспорасының этностық бірегейлену стратегиясын көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін отандық ғалымдар әлемнің көптеген елдерінде мекендейтін қазақтардың тарихы мен қазіргі жағдайын зерттеуге, өз отандастарымен тығыз байланыстар орнатуға мүмкіндік алды. Аталған саясат республикада мекендейтін халықтың бірлігін ғана ойлап қоймай, сонымен бірге елден тыс жердегі өз қандастарының қорғаушысы болып табылатын көпұлтты Қазақстанның дамуы үшін маңызды шарт болып табылады. Қазақстан мен шетелдегі қазақтар қоғам өміріндегі барлық салаларда тығыз байланыс орнатуға мүдделі [5].

Қазақтардың басын қосып отырған негізгі институт – Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығы. Осы ұйым шеңберінде қазақ ирреденттері мен диаспораларын біріктіруге бағытталған шаралар (білім, мәдени-рухани, әлеуметтік-экономика салаларында) өткізіліп келеді. Қауымдастықтың қолдауымен Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы бірнеше рет өткізілді. Мемлекет арнайы бағдарламалар негізінде елден жырақ жерде мекендейтін қазақтардың этностық бірегейлігін сақтайтын, ана тілін, тарихын оқып-үйрететін, салт-дәстүрлері мен мәдениетімен сусындататын барлық шараларды қаржыландырып келеді. Мемлекет квоталар бөледі, республикада тұратын диаспоралар мен ирреденттер өкілдерін дайындайды, репатриацияны қаржыландырады, отандық жоғары оқу орындарында оқуға қолдау көрсетеді және отандық кәсіпкерлермен бизнес байланыстар орнатуға қатысады [4].

Көптілді қоғам қалыптастыру. 1991 жылдан бері посткеңестік елдерде орыстардың ығысуы және жергіліктендіру үдерісі басталды. Бірақ Қазақстан орыс тілінің мәртебесін төмендетпей, азаматтардың мемлекеттік және ағылшын тілдерін меңгеруін қамтамасыз ету

арқылы құқықтық базаны нығайту және көптілді саясатты жүзеге асыру жолын көздеді. Елімізде үштілділік идеясын ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев алғаш рет 2004 жылы мәлімдеген болатын, бұл идея кейін де талай мәрте қозғалды. 2006 жылы қазан айында Қазақстан халқы Ассамблеясының XII сессиясында Мемлекет Басшысы кемінде үш тілді білу ұрпағымыздың болашағы үшін маңызды дегенді айтты. Ал 2007 жылы «Жаңа Қазақстан жаңа әлемде» атты Қазақстан халқына Жолдауында Елбасы «Үш тұғырлы тіл» мәдени жобасын сатылап жүзеге асыруды ұсынды. Міне, осы сәттен бастап тәуелсіз еліміздің қоғамдағы танымалдылығы мен өзінің тиімділік деңгейі бойынша әлемнің басқа елдеріне үлгі боп отырған жаңа тіл саясатын іске асыру мүмкіндігі туды. [6; 13].

Республикада мекендейтін ұлттардың тілдерін дамыту – тіл мәселесін шешудің маңызды құралы. 2014-2015 жылдары жалпы білім беретін мектептерде 2615898 оқушының 804008-і қазақ тілінде, 1714257 оқушы орыс тілінде, 78927 оқушы өзбек тілінде, 14694 оқушы ұйғыр тілінде, 4012 оқушы тәжік тілінде білім алды (Обеспеченность учащихся учебниками на 2014-2015 учебный год с учетом поступлений 2014 года. <http://stat.gov.kz> [доступ: 22.06.2015]).

2015-2016 оқу жылының басында елімізде 127 жоғары оқу орны тіркелді (459369 студент оқиды). Онда 90 ұлттың өкілдері білім алады. Білім алушы қазақтардың үлес салмағы 85,1%-ды, орыстардың үлесі 7,7%-ды, өзбектердің үлесі 2,2%-ды, татар, украин, кәріс, ұйғырлардың үлесі шамамен 0,5-1,0%-ды, қалған ұлттардың үлесі 2,62%-ды құраған. Мемлекеттік тілде білім алатын студенттердің саны 287899 адамды немесе 62,6%-ды, орыс тілінде 157357 адамды немесе 34,26%-ды, ағылшын тілінде 13932 адамды немесе 3%-ды құрады (Распределение численности студентов по языкам обучения. <http://stat.gov.kz> [доступ: 15.05.2016]).

Көптілді қоғам қалыптастыруға бағдарлану Қазақстан азаматтарының ішкі және халықаралық еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жағдай жасайды. Әрбір тілдің өз ерекшелігін ескерсек, қазақ тілі отандық мәдениет пен тарихтың, бүкіл түркі әлемінің кілті болса, ғылым мен техника саласындағы барлық жетістіктер ағылшын тілінде қолжетімді, ал орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде лайықты өз орнын алып отыр.

Конфессиялық саясат. Кеңес Одағы ыдырап, саяси аренадан коммунистік идеология ығыстырылған соң, әртүрлі діни және мистикалық сипаттағы ағымдар тола бастаған идеологиялық бос орын түзілді.

Еліміз экстремистік, деструктивті немесе радикалды сипаттағы әртүрлі ағымдармен жұмыс істеу тәжірибесі жоқтығынан біршама қиындықтарға ұшырады. Уақыт өте келе, Қазақстан діни насихатқа қатысты реформалар саласында бастамашыға айналды. Заңнамалық нормалардың қатандығына қарамастан, Адам құқығы жөніндегі БҰҰ конвенциясы мен Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген азаматтың ар-ождан бостандығы қағидаты қатаң сақталады, ал биліктің барлық үш тармағы зайырлы сипат алды. Еліміз діни экстремизммен, радикалды жаңа ағымдармен күрес мәселелері бойынша халықаралық шараларға белсенді қатысып келеді, осы бағытта басқа мемлекеттермен тығыз байланыс орнатып, ең үздік тәжірибені жинақтады.

Қолданыстағы заңнамада Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы мемлекет ретінде орнықтырады, әркімнің ар-ождан бостандығы құқығын растайды, әркімнің діни нанымына қарамастан, тең құқылы болуына кепілдік береді, халық мәдениетінің дамуы мен рухани өміріндегі ханафи бағытындағы исламның және православтық христиандықтың тарихи рөлін таниды, конфессияаралық келісімнің маңыздылығын, діни төзімділікті және азаматтардың діни нанымдарын құрметтейді (2011 жылғы 11 қарашадағы «ҚР-ның Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңы (24.12.2012 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен) // «Казахстанская правда» от 15 октября 2011 г. № 330-331 (26721-26722). 2011 жылы қабылданған ҚР-ның «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» жаңа Заңы мемлекетке діни саладағы қауіп-қатерлерге қарсы тұрудың жанама құралдарын ұсынды, анағұрлым маңызды екі конфессияны дамыту үшін қолайлы жағдай жасағанымен, жекелеген діни бірлестіктердің қызметі қиындады [7]. 2016 жылғы 10 сәуірдегі жағдай бойынша Қазақстанда 18 конфессияға қарасты 3601 діни бірлестік тіркелген (Религиозные объединения Республики Казахстан. <http://www.din.gov.kz/rus> [доступ: 10.05.2016]).

Қазіргі кезде құқықтық саладан бөлек этноконфессиялық қарым-қатынастар институционалдық деңгейде реттеледі. Діни қызмет саласын реттейтін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Діни істер жөніндегі комитет болып табылады. Комитеттің негізгі міндеті – діни қызмет және діни бірлестіктермен өзара іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру бойынша ұсыныстар әзірлеу

Этностар, ұлттар мен конфессиялардың өзара іс-қимылдарының тағы бір көрінісі Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының

сьезі болып отыр. Елбасының пайымынша, бір-бірі туралы жалпы аспектілер мен дәл мәліметтер негізінде құрылған әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары арасындағы диалог өзара ынтымақтастық үшін кең болашаққа жол ашып, біздің заманымыздағы зорлық-зомбылық, фанатизм, экстремизм және терроризм сияқты теріс көріністерді болдырмауға септігін тигізеді (О Съезде лидеров мировых и традиционных религий. <http://www.religions-congress.org> [доступ: 13.08.2016]).

2016 жылы Қазақстанда «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы» мемлекеттік мұражайы құрылды. Орталықтың қызметі үздік тәжірибе, ЮНЕСКО-ның гуманитарлық кырлары мен тұрақты мәдени даму қағидаттары негізінде Орталық Азия елдерінде дінаралық сұхбат пен мәдени көптүрлілікті сақтау мен дамытуға бағытталған (Воронина К. Центр сближения культур создали в Казахстане. <http://www.kazpravda.kz> [доступ: 19.08.2016]). Қазақстан көпұлтты мемлекет ретінде халықаралық деңгейдегі бірегей алаң құра отырып, Шығыс-Батыс мәдениеттер диалогінде маңызды рөл атқарды. Онда діни шыдамсыздық пен ұлттық шовинизм мәселелері қозғалады.

Ақпараттық саясат. 1985–1991 жылдары жариялылық дәуірінің басталуы, еркін баспасөз, мемлекеттік емес алғашқы телеарналардың пайда болуы, шетелдік контентке кең қолжетімді болу кеңестік азаматтардың құндылықтар бағдарын күрт өзгертті. Мұндай өзгерістер, бір жағынан, демократиялық құқық пен бостандықтың артуына әкелсе, екінші жағынан, мансапқа, отбасылық құндылықтарға қатысты қарым-қатынасты құнсыздандырды. 1991 жылы 28 маусымда «Баспасөз және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заң қабылданған соң, медиа-алаңды қалыптастырудың жаңа кезеңі басталды. 90-жылдары жас мемлекеттің үкіметі алдында өзіндік медиа-алаң құру мәселесі тұрды. 1991–1996 жылдары жаңа бұқаралық ақпарат құралдары пайда бола бастады. Құқығы мен еркіндігі кеңейсе де, масс-медианың басым көпшілігі қаржылық қиындықтарға байланысты дамуға мүмкіндіктері болмады. Кеңес Одағы құлдыраған соң, егеменді мемлекет тәуелсіз ақпараттық кеңістікке арқа сүйеу керектігін түсіне бастады.

90-жылдардың аяғында экономикалық өсімге байланысты ақпараттық алаң мықты материалдық базаға ие болды. БАҚ негізінен сайлау кезінде саяси айтыс-таластың құралына айнала бастады. Масс-медианы саясаттандыру олигарх топтардың қызметімен тікелей байланысты болды. Ақпараттың елеулі үлесін теле-радио компаниялар, баспасөз басылымдары (әсіресе орыс тіліндегі) берді.

Техникалық жарақтардың әлсіз дамуына байланысты Интернет желісінің қоғамдық пікірді қалыптастыруға айтарлықтай әсері болған жоқ. 2000 жылдары Интернетті қолданушылардың саны 70 мың адамды немесе халықтың 0,5%-ын құрады.

2003 жылы 5 мамырда Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен «Достық-Дружба» журналы шықты. Журнал құрылған күнінен ҚХА-ның жыл сайынғы сессияларында, Дүниежүзі қазақтардың құрылтайларында, халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдерде таратыла бастады.

2006 жылдан бастап елдің медиа кеңістігі елеулі өзгерістерге ұшырады. ҚР-ның Парламенті «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бұқаралық ақпарат құралдары мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңды қабылдады, кейін Президенттің Жарлығымен «Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің бәсекеге қабілеттілігін дамытудың 2006–2009 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Медиялық алаңда тендерлер есебінен мемлекеттік ұстанымдар күшейе түсті. Материалдық-техникалық базаның жетілдірудің арқасында Интернет желісіне кеңжолақты қолжетімділік кеңейіп, қолданушылардың саны 1247 мың адамға жетті немесе халықтың 8,5%-ын құрады (Kazakhstan Internet Usage and Telecommunications Reports. <http://www.internetworldstats.com> [доступ: 20.04.2016]). Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы «2011–2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың мемлекеттік бағдарламасы» Жарлығы бекітілген соң, қазіргі кезең басталды. Бұл бағдарламаның негізгі міндеті – мемлекеттік тілде хабар тарататын жаңа телеарналар құру (О Государственной программе развития и функционирования языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. <http://prokuror.gov.kz/tus> [доступ: 20.04.2016]).

Қайта құрылған телеарналар елімізге өзіндік ақпараттық кеңістік құруға мүмкіндік берді. «Хабар» және «Қазақстан» корпорациялары базасында республикалық жобалар іске қосылды, атап айтсақ, «24.kz» ақпараттық арна, «Kazakh TV» спутниктік ақпараттық-танымдық арна («CaspioNet» телеарнасы негізінде құрылды), «KazSport» спорт арнасы, «Білім» және «Мәдениет» білім беру арналары. 90-жылдары пайда болған ақпараттық бос орындар мәселесі ел ішінде жасалған сапалы контенттер (теле-радио бағдарламалары, сериалдар, көркем және деректі фильмдер) есебінен шешіле бастады.

«Қазақстан» телеарнасы ел аумағында мекендейтін әртүрлі диаспоралардың тарихына, мәдениетіне арналған бағдарламалар тарата бастады. «Единство.кз» бағдарламасы халықтар арасындағы бейбітшілікті, келісім мен достықты нығайтуға бағытталған мемлекеттің бейбітсүйгіш саясатын насихаттауға арналған. Сонымен бірге бағдарлама шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясы мен республикадағы этномәдени бірлестіктердің қызметі белсенді насихатталды. «Бірлік» бағдарламасы ұлтаралық келісім мен төзімділікті насихаттай отырып, танымдық-әлеуметтік сипат алды. Қазақстанды мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдері бағдарламаларда өз халқының мәдениеті, салт-дәстүрі, ділі жөнінде сыр шертті (Перечень программ телеканала «Казахстан». <http://astanafm.kz/ru> [доступ: 21.05.2016]). «Хабар» агенттігі «Бірге біз – мықтымыз!» науқаны шеңберінде телебағдарламаларды іске қосты (АНК – Телеканал «Хабар». Официальный сайт. <http://khabar.kz/ru> [доступ: 22.05.2016]).

Мемлекет этномәдени саясат шеңберінде өзіндік масс-медиа кеңістігін дамытуға күш салу керек. «Гибридік шабуылдарға» ақпараттық тұрғыдан тойтарыс беру – елдің ішкі саясатындағы күрделі міндет. Технологиялардың дамуының арқасында Интернет желісін қолданушылардың саны 2016 жылы 7 млн адамға жетті немесе халықтың 50%-ын қамтыды. Украинадағы, Таяу Шығыс пен Өзбекстандағы соңғы оқиғалар әлеуметтік желілер мен мессенджерлер арқылы қоғамдық пікірді қалыптастырудағы ақпараттың әсерін көрсетті. Өзіндік масс-медиа кеңістігінің құрылуы және оны бақылау елдің этномәдени қатынастарының одан әрі дамуының нақты бағдарларын анықтауға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік этномәдени үдерістер мониторингі. Этномәдени үдерістер мен қатынастар мониторингінің негізгі мақсаты – шиеленістерді болдырмау және оны шешу. Бұл тәжірибе әлемнің көптеген елдерінде кең таралған. Мониторинг шеңберінде міндеттерді тікелей шешетін орындаушылар мемлекеттік институттар, қоғамдық ұйымдар мен ғылыми-зерттеу және сараптау орталықтары болып табылады.

Мәселен, Ресейде РФА Этнология және антропология институтының базасында этнологиялық мониторинг пен шиеленістерді алдын ала ескерту жөніндегі желілік ұйым жұмыс жасайды. Ұлттар істері жөніндегі федералдық агенттік этносаралық шиеленістерді болдырмау үшін этносаралық және ұлтаралық қарым-қатынастар жағдайына мониторинг бағдарламасын енгізуде. Сондай-ақ Ресейдің

ірі университеттері базасында зертханалар мен сараптау-талдау орталықтары құрылған.

Қытайдағы Пекин Орталық ұлттар университеті, шиеленісті аймақтарда – Тибет пен Шыңжаң-Ұйғыр автономды аймақтарында сепаратизмге қарсы күрес және өзара іс-қимылдар жөніндегі арнайы қызметтер, Ұлттарды зерттеу жөніндегі академиялық институт пен бірқатар сараптау орталықтары этномәдени қатынастар мониторингі мәселелерін шешуге бағдарланған; Конфуций институты насихаттау және білім беру қызметін атқарады.

Қазақстанда этномәдени үдерістер мониторингінің негіздері Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылғаннан бастап бекітілді. 1995 жылы 24 наурызда ҚХА-ның бірінші сессиясында сөйлеген ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаев ұлт, тіл және дін салаларындағы жағдайды ғылыми зерттеу және оның қарқынына талдау жасаудың маңыздылығына тоқталды: «Қоғам тек елімізде ғана емес, бүкіл әлемде болып жатқан осы саладағы үдерістердің нақты сипатын, этносаралық қатынастардың қалыптасу келешегі туралы білімді аса қажет етеді» [8; 178].

Қазақстан халқы Ассамблеясы базасында Ғылыми-сарапшылар кеңесі жұмыс істейді. Пәнаралық тәсілді басшылыққа алған аталған кеңес әртүрлі гуманитарлық білім салалары өкілдерінен: тарихшылар, саясаткерлер, әлеуметтанушылар, заңгерлер, филологтар, этнолингвистер, психологтар және т.б. тұрады. Ассамблея Орталық Азия аймағындағы этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеу орталығымен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Орталық – ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының құрылымдық бөлімшесі, этносаралық және конфессияаралық қатынастарды зерттеумен, этносаясат, ұлттар мен конфессиялар мәселелерін оқытумен айналысады. Бүгінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттері және тағы басқа ірі университеттер базаларында Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедралары құрылған.

Этномәдени қатынастар және саясат мониторингі мәселелерімен Ассамблеядан бөлек ҚР Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, Философия, саясаттану және дінтану институты, «Этносаралық қатынастар мәселелерін зерттеу орталығы – Достық үйі» республикалық мемлекеттік кәсіпорны айналысады.

Жекелеген атқарушы органдардың бөлімшелері, ҚР Президенті Әкімшілігі мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің қызметтері де

этносаралық қатынастар мониторингіне бағытталған. Этносаралық шиеленістердің ықтимал шешімдері мен оның салдарын жеңілдету – елдің этномәдени саясатын тиімді құрудың ажырамас бөлігі.

Мемлекет Басшысы Н.Ә. Назарбаев белгілеген **этномәдени саясаттың мегатренді** негізгі таратушы және іс жүзінде орындаушы **Қазақстан халқы Ассамблеясы** болып табылады. Ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісінің бірегейлігі – орталық институт ретінде мемлекеттік орган емес, мемлекеттік және қоғамдық құрылымдардың бар мүмкіндіктерін біріктірген Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуында. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында-ақ, республика басшылары қоғамдық келісімді, ұлттар арасындағы төзімділікті нығайтуға бағытталған саяси бағдарды сатылап жүзеге асыра бастады: ҚР-ның Конституциясын қабылдау, Қазақстан халқы Ассамблеясын құру (1995 ж.), Конституцияға өзгерістер енгізу (2007 ж.), Қазақстан Республикасының «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңын қабылдау (2008 ж.), базалық қағидаттарды анықтау (2008-2009 жж.), Қазақстан ел бірлігі доктринасын әзірлеу, талқылау, қоғамдық сараптау және қабылдау (2009-2010 жж.).

Ассамблеяның негізгі міндеттері:

а) мемлекеттік тіл мен қазақ халқының мәдениетінің өзекті рөлін арқау ете отырып, азаматтық және рухани-мәдени біртұтастық негізінде Қазақстан этностарын топтастыру жолымен қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру;

ә) этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

б) Қазақстанда үйлесімді ұлтаралық қатынастарды қамтамасыз етуде этномәдени бірлестіктердің күш-жігерін біріктіру;

в) ұлтаралық қатынастар саласындағы келеңсіз үрдістердің алдын алу және ықтимал қатерлерді жою жөніндегі сақтандыру тетіктерінің жүйесін қалыптастыру, этникалық факторды саясаттандыруға жол бермеу;

г) ұлтаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін жетілдіру және саяси жүйені демократияландыру, қоғамдық дамудың өзекті мәселелерін шешуде оның рөлін арттыру [9; 97].

2010 жылы Қазақстанның ел бірлігі доктринасы қабылданғаннан бері оның тұжырымдамалық мазмұны жағынан қарастырылған үдеріс жаңа сапалы деңгейге шықты. Бұрын шараларды фольклорлық деңгейде ұйымдастыру Ассамблеяның мән-маңызын көрсете

алған жоқ, қазіргі кезде Ассамблеяның ғылыми және саяси ортада орны берік. Ассамблея қызметінің негізінде құрылған этномәдени саясаттың қазақстандық үлгісі бірыңғай азаматтық бірегейлік шеңберінде ұлттарды ұйыстыру жолында барлық жағдайды жасауда.

Ұлтаралық қатынастардың келеңсіз қырлары. Ұлтаралық қатынастарда (жергілікті халық пен өзге ұлттар арасында) ірілі-ұсақты келеңсіз жайттар орын алды. Қазақтардың түрік, ұйғыр, шешен, күрдтермен қақтығыстарының негізгі бөлігі әлеуметтік игіліктер тапшылығы сезілетін, халық тығыз қоныстанған жерлерде және елдің батыс аймақтарында орын алған. Бұл жағдайда қоғамдық ұйымдар, бастамашыл топтар, атқарушы және мемлекеттер органдардың қызметтері тұрмыстық текетірестердің, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылардың этностық реңк (этнизация) алмауына бағытталды. Әлеуметтік әділетсіздік байқалған ұлтаралық шиеленістерді саясаттандыру қақтығыстар мен шиеленістердің катализаторы болмақ.

Ислам радикалдары (Хизб ут-Тахрир, ДАИШ және т.б.) мен жекелеген орыс тілді сепаратистер (Э.Лимонов, И. Сычев, Т.Шевцова-Валова) тарапынан еліміздің тұтастығы мен конституциялық құрылымға қауіп төндіруі заңға сәйкес тоқтатылды.

БҰҰ мен ЕҚЫҰ бақылаушылары тарапынан Қазақстанда этникалық, нәсілдік, тілдік белгілері бойынша адамның және азаматтардың құқығына қысым жасап, бостандығын шектеуге қатысты фактілер тіркелмеген.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Этномәдени саясатты жүзеге асыру, ұлтаралық және конфессияаралық келісімді нығайту мәселелеріндегі негізгі үрдістер Ел Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың саяси ерік-жігерімен белгіленген.

Соңғы жылдары ғылыми және әдіснамалық деңгейде бірқатар зерттеу жұмыстары жарияланды. Мемлекеттің этномәдени саясатын іске асырудың негізгі қағидаттарын Е.Л. Тоғжанов тұжырымдады. Ұлтаралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық үлгісін жасауға қатысқандардың бірі Е.Л. Тоғжанов этномәдени саясаттың негізгі үш деңгейін қарастырады:

- нормативтік (Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы ереже, Қазақстан Республикасының «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» Заңы және т.б.);
- доктриналық (Қазақстанның ел бірлігі доктринасы, 2025 жылға дейінгі Қазақстан халқы Ассамблеясын дамыту тұжырымдамасы, Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасы);

- институционалдық (Қазақстан халқы Ассамблеясы, Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, этномәдени бірлестіктер) [10; 24].

Мемлекеттік этномәдени саясат мынадай принциптер негізінде құрылады: заңның үстемдігі, әлеуметтік, нәсілдік, этностық, тілдік немесе діни ерекшелігіне қарамастан, азаматтардың құқықтарын шектеудің кез келген нысанына тыйым салу; мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту, ұлттық-мемлекеттік қауымдастық ретінде бірыңғай ұлт қалыптастыру. Осыған байланысты әрбір азамат өзінің этникалық тегіне қарамастан, өзінің тағдыры мен болашағын Қазақстанмен байланыстырады. Ортақ тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, болашаққа деген ортақ жауапкершілігіміз қоғамды біртұтастыққа бастайды: «Біздің бір ғана атамекеніміз, бір ғана Отанымыз бар – ол Тәуелсіз Қазақстан». Бұл таңдаудың мәнін ұғыну – бірігудің басты негізі (Доктрина Национального Единства Казахстана. <http://assembly.kz/ru> [доступ: 18.03.2014]).

Бұл ретте ресейлік ғалым Ю.В. Якушева өз еңбегінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі кезеңіндегі этникалық саясаттың қалыптасу тарихын зерттей отырып, салмақты да іргелі пікір келтіреді: «Қазақстан 90-жылдардың басында қойылған міндетті, яғни республикада тұратын ұлттар арасындағы бейбітшілікті қамтамасыз ету міндетін табысты шеше білді». Тәуелсіздік жылдары халықтың көпэтносты құрамы мен әлеуметтік-экономикалық сипаттағы шиеліністі жағдайлардың болуына қарамастан, Қазақстан Республикасында ұлтаралық деңгейде айтарлықтай қақтығыстар тіркелген жоқ. Ұлттар арасында өзара конструктивті іс-қимылдар механизмдерін қалыптастыру, шиеленістердің алдын алу және оны шешудің тұтас жүйесін құру тұрақтылықты сақтауда айрықша рөл атқарды [11].

Қазіргі зерттеушілер азаматтық ұлт пен бірегейлікті қалыптастыру мәселесінде қазақстандық этномәдени саясат үлгісінің саяси теориясы мен тәжірибесіндегі неғұрлым үлкен табыс ретінде саяси шешімді сипаттайды.

Біздің жұмысымыздың ерекшелігі, ол – елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары этносаяси және этномәдени қырларын ескере отырып, социумның этноисторикалық трансформациясының негізгі трендтеріне кешенді талдау жасау.

Қорытынды. Елдің этномәдени саясатының мақсаты – этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру және соның негізінде азаматтық ұлт қалыптастыру. Мақалада этномәдени саясаттың негізгі бағыттары анықталып, олардың қалыптасу тарихы сипатталған.

Елдің репатриация және диаспоралық саясаты мемлекеттік

этномәдени саясаттың құрамдас бөлігіне айналды. Қазақстан отандастарды қайтару және диаспораларды қолдауға арналған бағдарламаларды қаржыландырып, диаспора мен ирренденттердің мықты адами әлеуетіне сүйене отырып, этномәдени саясаттың жаңа сапалы деңгейіне қадам басты.

Көптілді қоғамды дамыту ішкі және халықаралық еңбек нарықтарында ел азаматтарының бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негіз болмақ. Сондай-ақ үш тілді білу ғылым (техника, білім, өнер, мәдениет, дипломатия және т.б.) саласындағы қазіргі жетістіктерге жақындауына мүмкіндік береді.

Көпұлтты мемлекет ретінде Қазақстанда Шығыс-Батыс мәдениеттерінің диалогі, діни шыдамсыздықты жену және ұлттық шовинизм мәселелерінде бірегей тәжірибе қалыптасты.

Мемлекеттің өзіндік ақпараттық кеңістік қалыптастыру және бақылауға қатысу ұстанымын нығайту қажет. Бұл елдің этномәдени саясаты мен ақпараттық қауіпсіздігінің тұрақты дамуының ажырамас шарты болып табылады.

Ақпараттық қауіпсіздікпен қатар этносаралық шиеленістердің алдын алу және оның салдарын жеңілдету мақсатында елімізде этносаралық және конфессияаралық қатынастар тұрақты талданып, оның жағдайына мониторинг жасалып келеді.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған этномәдени саясаттың негізгі тренді Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметі арқылы жүзеге асырылуда. ҚХА қызметі мемлекеттік этномәдени саясаттың негізгі бағыттарымен тығыз байланысты. Ассамблея этномәдени топтастыру және этносаралық диалогтің базалық институты болып табылады. Ассамблея қызметінің негізінде құрылған қазақстандық этномәдени саясат үлгісі ұлттарды өзара топтастыру үшін қажетті жағдайдың бәрін жасады.

Қорыта келгенде, бірыңғай азаматтық ұлт пен саяси бірегейлікті қалыптастыру мәселесінің негізгі трендтері шеңберіндегі ұтымды саяси тәсіл, берік саяси ерік-жігер мен тиімді механизмдер этномәдени саясаттың табыстылығы жөнінде айтуға негіз береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тишков В.А. Этническое и религиозное многообразие – основа стабильности и развития российского общества: Статьи и интервью. – М.: Московское бюро по правам человека, «Academia», 2008. – 84 с.
2. Зорин В.Ю. Государственная национальная политика в России и современность) / Исследования по прикладной и неотложной этнологии. – М., ИЭА РАН, 2011. – Вып. 225. – 33 с.
3. Mendikulova Gulnara. Some Problems of Adaptation of the Kazakh Repatriates (Oralmans) in Contemporary Kazakhstan // Отан тарихы. – 2004. – № 2. – С. 3-35.
4. Инициативы, направленные в мир / Под ред. М.Х. Абусеитовой. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011. – 400 с.
5. Мендикулова Г.М. Казахская диаспора и Республика Казахстан: проблемы и перспективы // Казахстан-Спектр. – 1998. – № 1. – С. 73-77.
6. Жетписбаева Б.А., Аринова О.Т. От идеи «Триединство языков» Н.А.Назарбаева до полиязычного образования в Казахстане // Вестн. Караганд. гос. ун-та. Сер. Педагогика. – 2012. – № 4 (68). – С. 19-23.
7. Тарасевич И. А. Проблемы законодательства Республики Казахстан о религиозной деятельности и религиозных объединениях // Бизнес в законе. Экономико-юридический журнал. – 2013. – № 2. – С. 104-107
8. Ассамблея народа Казахстана: история двух десятилетий. – Алматы, «КАЗакпарат», 2015. – 326 с.
9. Рустембекова Д.К. Роль Ассамблеи народа Казахстана в формировании казахстанской модели единства и толерантности // Вестн. Караганд. гос. ун-та. Сер. Юриспруденция. – 2011. – № 1 (61). – С. 96-102.
10. Тугжанов Е.Л. Политика межэтнической толерантности и общественного согласия в Республике Казахстан: политологический анализ: автореферат / Тугжанов Е. Л. – Астана, 2010. – 44 с.
11. Якушева Ю.В. Государственная политика в сфере этнической интеграции в Республике Казахстан (1991-1996 гг.) // Этносоциум и межнациональная культура. – 2013. – № 6(60). – С. 177-186.